

Адамға екі нәрсе тірек тегі:
Бірі – тіл, бірі – ділің жүректегі.
Жүсіп БАЛАСАҒҰНИ.



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ОРЫС МЕКТЕБІНДЕ

*Казархский язык и литература
в русской школе*

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

2001 жылдың
қаңтар айынан
бастап шығады

6/2015 МАУСЫМ

«Білім және
Ғылым»
жауапкершілігі
шектеулі
серіктестігінің
ай сайын
шығатын
республикалық
ғылыми -
педагогикалық
журналы

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

*Жаңылхан АДАМБАЕВА, Рақыш ӘМІРОВ, Берікжан
ӘЛМҰХАМБЕТОВ, Шәмша БЕРКІМБАЕВА, Роза
БАТТАЛ, Әлімхан ЖҮНІСБЕК, Қарлығаш ЖҮНІСХАНОВА,
Мәрия КӨПЖАСАРОВА, Қайсар ҚАДЫРҚҰЛОВ, Ольга
МЫРЗАГЕЛДИНОВА, Фаузия ОРАЗБАЕВА, Күлнәш
САРИЕВА, Пиалаш СУЙІНКИНА.*

МАЗМУНЫ

Ғылыми ойлар отауы	
А.САҒЫМОВА.	Кәсіби қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдері.....5
З.МАХАДИЛ.	Оқушылардың функционалды оқу сауаттылығын дамыту.....16
Р.ШӘКІРОВА.	Ж.А.Қараев технологиясының қолданылуы.....29
Тіл дамыту жолдары	
С.АХМЕТЖАНОВА.	Сөздік жұмысы арқылы оқушылардың тілін дамыту.....37
Р.БЕКЕШОВА.	Қазақ тілі сабағында этнопедагогиканы қолдану арқылы оқушыларды сөйлету.....43
Мұғалімдерге көмек	
А.ИЗБАСОВА.	Жас ұрпақты адамгершілікке тәрбиелеу құралдары.....50
Н.ДҮЙСЕНБЕКОВА.	Қазақ тілі сабағында оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдысын дамыта отырып, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.....54
З.ШИЛЬДЕБАЕВА.	Қазақ тілі сабағында оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру.....60
Колледж кеңістігінде	
М.ТУГЕЛБАЕВА.	Етістікті қалай қолданамын?63
Мұғалім мінбесі	
Б.КӨЛБАЕВА.	Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға!66
Әдістемелік әлемінде: қазақ тілі	
Г.МҰҚАНОВА.	Маған ұнайтын пән.....71
Л.АЙТЖАНОВА.	Үй жануарлары.....78
Т.МҰҚАШЕВА.	Қағам жұмыс.....83
Г.ПАНФИЛОВА.	Көктем мезгілі.....89
В.СҰЛТАНҚЫЗЫ.	Ас – адамның арқауы.....95
А.НУРМАҒАНБЕТОВА.	Ыбырай Алтынсарин – ағартушы, ұстаз.....98
Е.ШЕРИЯЗДАНОВ.	Жазғы демалыс.....104
Бастауыш білім бағанасы	
Г.ҚАЙЫПОВА.	Ғажайып түстер.....108
А.ҚАЛИЕВА.	Информатика пәні.....111
Г.ҚАСЕНОВА.	Біздің мектеп.....115
Сыныптан тыс шара	
Г.НАУХАНҚЫЗЫ.	Достық – біздің тірегіміз.....119
Л.ӘУБӘКІРОВА.	Тілім барда айтылар сыр ойдағы.....125
Ж.ҚАЙРЗАЕВА.	Қазақ елі – бірлік пен татулықтың алтын бесігі.....131
Біліктілер байқауы – тест сынағы	
А.НУРИЕВА.	Тест сұрақтары.....135

СОДЕРЖАНИЕ

Центр научной мысли	
А.САҒЫМОВА.	Методы обучения профессиональному казахскому языку5
З.МАХАДИЛ.	Развитие функциональной грамотности учащихся16
Р.ШАКИРОВА.	Применение технологии Ж.А.Қараева29
Развитие речи	
С.АХМЕТЖАНОВА.	Роль словарной работы в развитии речи учащихся37
Р.БЕКЕШОВА.	Формирования у учащихся навыков разговорной речи с использованием элементов этнопедагогики43
В помощь педагогам	
А.ИЗБАСОВА.	Духовное и нравственное воспитание молодого поколения50
Н.ДҮЙСЕНБЕКОВА.	Развитие навыков критического мышления учащихся и формирование навыков речевой культуры на уроках казахского языка54
З.ШИЛЬДЕБАЕВА.	Развитие функциональной грамотности учащихся на уроках казахского языка60
Образовательное пространство колледжа	
М.ТУГЕЛБАЕВА.	«Правильное употребление форм глагола».....63
Трибуна учителя	
Б.КӨЛБАЕВА.	«Учитель – это самая почетная и вместе с тем самая сложная профессия»66
В мире методики: казахский язык	
Г.МҰҚАНОВА.	Мой любимый предмет71
Л.АЙТЖАНОВА.	Домашние животные78
Т.МҰҚАШЕВА.	Работа над ошибками83
Г.ПАНФИЛОВА.	Наступила весна89
В.СҰЛТАНҚЫЗЫ.	Пища-опора человека95
А.НУРМАҒАНБЕТОВА.	Ыбырай Алтынсарин – педагог-просветитель98
Е.ШЕРИЯЗДАНОВ.	Летние каникулы104
База знаний – начальная школа	
Г.ҚАЙЫПОВА.	Великолепные цвета108
А.ҚАЛИЕВА.	Предмет информатики111
Г.ҚАСЕНОВА.	Наша школа115
Внеклассная работа	
Г.НАУХАНҚЫЗЫ.	«Дружба - наша опора»119
Л.АУБАКИРОВА.	«Мой родной язык - неопценное духовное богатство»125
Ж.ҚАЙРЗАЕВА.	Казахская земля- колыбель мира и согласия131
Проверочная работа	
А.НУРИЕВА.	Тестовые вопросы135

CONTENT

A.SAGYMOVA.	<i>Center of scientific thought</i> Teaching methods of Professional Kazakh Language5
Z.MAKHADIL. R.SHAKIROVA.	The development of functional literacy of pupils16 Application of Zh. A. Karayev's technology29
S.AKHMETZHANOVA.	<i>Development of the speech</i> Role of dictionary work in development of the speech of pupils37
R.BEKESHOVA.	Development of students' speaking skills using elements ethnopedagogics43
A.IZBASOVA.	<i>For the aid to teachers</i> Spiritual and moral education of the younger generation50
N.DUYSENBEKOVA.	Development of critical thinking skills of pupils and formation skills of speech culture at Kazakh language lessons54
Z.SHILDEBAEVA.	Development of functional literacy of pupils at lessons of the Kazakh language60
M.TUGELBAYEVA.	<i>Educational space of college</i> "The correct use of forms of a verb"63
B.KOLBAYEVA.	<i>Teacher's tribune</i> "The teacher is the most honourable and at the same time most difficult profession"66
G.MUKANOVA. L.AYTZHANOVA. T.MUKASHEVA. G.PANFILOVA. V.SULTANKYZY. A.NURMAGANBETOVA. E.SHERIYAZDANOV.	<i>In the world of technique: the Kazakh language</i> My favourite subject71 Pets78 Correction of mistakes83 When the spring came89 Food-supports a person95 Ybyrai Altynsarin – a teacher-educator98 Summer vacation104
G.KAYYPOVA. A.KALIEVA. G.KASENOVA.	<i>Knowledge Base in primary school</i> Magnificent colours108 Computer Science111 Our school115
G.NAUKHANKYZY. L.AUBAKIROVA.	<i>Out of class work</i> "Friendship – our support"119 "My native language – an invaluable spiritual wealth"125
ZH.KAYRZAYEVA.	Kazakh land- a cradle of peace and harmony131
A.NURIYEVA.	<i>Test work</i> Test questions135

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Автор мақалада кәсіби қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдері, мақсаты, әлеуметтік-қатысымдық қызметі, мемлекеттік тілді мамандыққа сай оқытудың ерекшеліктері туралы баяндайды.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, тілді оқыту, озық технологиялар, әдіс-тәсілдер, мақсат-міндеті.

Елбасы «Қазақстан-2050» стратегиясында қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығына тоқталып, «Қазақ тілі-біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз-оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл-өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет» деп атап көрсетті.

Әлемдік өркениетке қадам басқан еліміздің бүгінгі жаңару бағыты – мемлекеттік тілді жетік білетін, терең білімді, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны оқытып, қалыптастыру. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-

саяси, экономикалық, мәдени дамуындағы жаңа бастамалар білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп, мемлекеттік тілді мамандыққа бейімдеп оқытуға, яғни, ғылыми тілдің қалыптасуына мүмкіндік туып отыр. Қазақстанның түкпір-түкпірінде әр саладағы мамандыққа кәсіби қазақ тілі қолданылады.

«Кәсіби қазақ тілінің» мақсаты - қазақ тілін кәсіби деңгейде меңгерту. Бұл деңгейді аяқтаған студент мемлекеттік тілде таратылатын мол ақпараттар толқынынан өзіне, өз мамандығына қажеттісін таңдап алып, оны коммуникативті-функционалдық бағытта қолдана білуі, мемлекеттік тілде өзіндік көзқарасын таныта алу, оны дәлелдеп, қорғау,өзінің алған білімі мен білік-дағдыларын, қазақ тіліндегі сөздік қорын, терминологияны үнемі дамытып отыруы, мемлекеттік тілде өз мамандығы аясында шешен сөйлеуге дағдылануы, кез келген жағдайда өз бетінше шешім қабылдау, проблеманы танып, оны шешудің жолдарын айқындау, оны мемлекеттік тілде көркем жеткізе білуі керек,

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-қатысымдық қызметін кеңейту мен дамытуда оның қоғамның барлық саласында қолдану аясының кеңітүсуі тіл үйренушілердің болашақ мамандығымен байланысты екендігі баршамаызға мәлім. Осыдан бәсекеге қабілетті, мемлекетіміздің мақсаты мен мүддесіне қызмет ететін білікті маман даярлауда студенттерді күнделікті қарым-қатынас түрлеріне еркін араласып, өз мамандығы бойынша сұхбаттар жүргізе алуға, мамандық саласына қарай жиі кездесетін

лексиканы, ғылыми терминдерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды қолдануға, өз мамандығы бойынша хаттар, баяндамалар, пікірлер, эссе жазуға, мамандық бойынша мәтіндерді, нұсқауларды оқып, түсінуге үйрету, радио, теледидардан ақпараттар тыңдап, түсіндіруге, мемлекеттік тілде сөйлеу дағдысын дамыту, ауызша қарым-қатынас жасау кезінде коммуникативтік тілді қолданулары үшін сөздік қорларын байыту, өз ойларын жүйелі түрде айтуға машықтандыруымыз керек. Білім алушы әр түрлі жанрдағы жеңіл мәтіндерде айтылған ойдың негізгі мазмұнын түсініп, сөйлемдерді, мәтін және сұхбаттарды мәнерлеп оқып, фонетикалық, грамматикалық, лексикалық жаттығуларды орындай алуы тиіс. Аударма, кәсіби бағыттағы сөздіктерді пайдалану, қазақша дұрыс мәнерлеп сөйлеу машығын қалыптастыру, белгілі бір кәсіби қатынас саласындағы танымдық-қатысымдық міндетті шешуге керекті ақпаратты тыңдау арқылы түсіне білуі қажет.

Осы мақсатта соңғы жылдары қазақ тілін мамандыққа сәйкестендіріп оқыту әдістемесіне байланысты ғылыми зерттеулер жүргізіліп, ол зерттеулердің нәтижесінде кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалды.

Қазақ тілін мамандыққа сай оқытудың басты ерекшеліктерін анықтауда, тиімді әдістемесін ұсынуда әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ф.Ш.Оразбаеваның бүгінгі күнде үлкен бір ғылыми-әдістемелік мектебі қалыптасқан. Ғалым теориялық және әдістемелік тұрғыдан тілдік қатынастың негізін қалаған еңбегінде

сөйлесім әрекетінің түрлерін – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп бөліп қарастырады. Осыған байланысты Ф.Ш.Оразбаеваның ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациялар қорғалғалды С.Нұрғали айтылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2003), Г.Т.Бейсенбекова оқылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2001), Б.А.Ахметбекова мамандыққа қатысты сөздік жұмыстарының әдістемесін (2000), Г.К.Мұқашева мен М.Д. Жорақпаева әр түрлі мамандықтарға сай тыңдалым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2002), Ф.Ж.Абдразақова қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесін (2003), А.М.Мұратбекова қазақ тілінің кәсіби бағытталған лексикасын жазылым әрекеті арқылы оқыту әдістемесін (2003), Ә.Ә.Уабиева қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесін (2003) арнайы зерттеді. Сонымен қатар ғалымның шәкірттері тіл үйретудің, т.б. өзекті мәселелерін, атап айтсақ, А.С.Досмурзаева тірек сызбалар арқылы (2002), Г.Т.Алдамбергенова мәтіндер арқылы құрылысшы мамандығына сәйкес оқытуды (1997), сондай-ақ тілді қазақ мектептерінде оқыту мәселелерін де Н.Х.Шадиева қазақ мектептерінің 5-сыныбында лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы (2002), А.К.Жанабилова тіл дамыту жұмыстарының инновациялық технологиясын (6-7-сыныптарға арналған) шығармашылық тапсырмалар арқылы, Ш.Қ.Құрманбаева қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (2009), С.Т.Садықова

қазақ тілін дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы арқылы оқыту мәселелерін қарастырды. Ал ересектерге тілді оқытуға байланысты «Қазақ тілін мемлекеттік қызметшілерге жеделдете оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» (2009) атты бірінші докторлық диссертацияны қорғаған педагогика ғылымдарының докторы Құрманбаева Шынар Қапантайқызы қорғады. Қазақ тілін мамандыққа сәйкес оқыту әдістемесі бойынша Р.Ә.Шаханова “Техникалық жоғары оқу орындарының орыс бөлімдерінде қазақ тілін мамандыққа қатысты оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері” (2001) деген тақырыпта докторлық диссертациясында студенттердің мемлекеттік тілде сөйлеуге деген қызығушылығы мен мүдделігін, олардың білімін рейтинг, тест материалдарын талапқа сай пайдалану арқылы арттырудың мәнін анықтайды. Мамандыққа байланысты жазылған еңбектің бірі – М.Д.Жорақпаеваның “Ет-сүт биотехнология бөлім студенттеріне қазақ тілін тыңдалым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі” (2002) атты кандидаттық диссертациясында тыңдалымды ет-сүт мамандығына сай меңгертуге негіз болатын тыңдап-қабылдау, тыңдап-есте сақтау, тыңдап-көру, тыңдап-байқау, тыңдап-бекіту тапсырма түрлері беріледі.

Л.Л.Графова, Е.А.Маслыко, А.Л.Мирзоян, Н.Н.Круглова, С.Ф.Щербак, Л.Г.Вишнякова, Г.А.Китайгородская, С.А.Гарбусович, Г.А.Зорин, А.А.Вербицкий, А.А.Филиппова, Ю.Д.Красовский, М.Г.Марквардт, А.М.Матюшкин, А.Г.Петросян сияқты

психологтар мен педагогтардың еңбектерінде оқыту үрдісін жандандыру мақсатында, студенттердің кәсіби шеберлігі мен дағдыларын қалыптастыруда және кәсіби тілін жетілдіруде іскерлік ойындар тиімді нәтиже беріп жүргені туралы айтылып жүр.

Іскерлік ойынның негізі - рөлдер, жағдаяттар – жалпы ойын түрлеріне ортақ құралдар. Бірақ іскерлік ойынның басқа ойындармен салыстырғанда өзіне ғана тән жеке элементтері болады, оларсыз ойын іскерлік мәнін жоғалтады. Ойында студенттердің кәсіби қызмет жағдайлары шындыққа жақындатылып, кәсіби әрекеттерімен бірге модельденеді; кезеңдік даму, соның нәтижесінде алдыңғы кезеңде орындалатын тапсырмалар келесі кезеңнің оқу барысына әсерін тигізеді; ойынға қатысушылар бірлесіп, ойын шарттарына қатысты өз рөлдерін атқарады; ойында имитациялық модельдеу нысаны сипатталады; ойын уақыты қадағаланады; ойынды, оның нәтижесін бағалау жүйесі дайындалып, ойында қолданылады, ойын барысын қадағалаушы-реттеуші ережелері мен жарыс-сайыс элементтері болады; іскерлік ойында қақтығысты жағдайлар ұсынылады. Оқу үрдісін жандандыру құралдарының ішінде ойын, ойын арқылы оқыту ерекше орын алады.

Тиімді нәтиже беретін тағы бірнеше әдіс-тәсілдерді атауға болады.

1) Баспасөз конференциясы. Оқушылар топ-топқа бөлініп, бір мәтін не лекцияның түрлі бөліктері бойынша біреулері репродуктивтік, ал екінші топ ой-өрісін

дамытатын сұрақтар құрастырады. Сұрақтарды бір-біріне қойып, өздері дұрыс жауап беруін қадағалайды. Бұл әдісті қолданғанда студенттер мәтінді бірнеше рет оқып, оны есінде жақсы сақтайды.

2) Өз тірегім.

- Студенттер өткен тақырып бойынша тірек-сызба құрастырып, соған сүйене отырып мәтінін жазады.

- Жақсы оқитын бірнеше студентке алдын-ала тірек-сызба жасап әкелу тапсырылады.

- Келесі сабақта олар жаттықтырушы ретінде әр топқа өз тірек-сызбаларын беріп, оларды тексереді. Содан соң топтар тапсырмасымен алмасып, басқа жаттықтырушымен жұмыс істейді.

Әрине, әр оқытушының әдіс таңдауы пәннің, сабақтың түріне, типіне, орнына, тақырыбына, білімділік, дамытушылық, тәрбиелік мақсатына, шәкірттерінің мүмкіншілігіне, психологиялық ерекшелігіне байланысты. Ең бастысы, оқытушы әр сабаққа қойылатын жалпы дидактикалық, әдістемелік талаптарды орындау керек. Олар:

1) Сабақтың құрылымдық жағынан анық, айқын болуы. Атап айтқанда: сабақты ұйымдастыра білу, мақсатын дұрыс айқындау, типін, түрін ажырата алу, соған орай сабақтың әр кезеңінде оқушылармен істелінетін жұмыстардың нақты болуы, белгілі бір мақсатты көздеуі, сабақты қорыта білуі, т.б.

2) Студенттермен тығыз қарым-қатынаста, байланыста болуы. Оқушылардың зейінін негізгі мәселеге аудара алу, қызығушылығын арттыру, әр

оқушының сабаққа қатысып, материалды дұрыс, саналы түсінгендерін қадағалап отыру.

3) Сабақты белгілі бір қалыптасқан қарқынмен өткізу: көпсөзділікке жол бермеу, тарсырмалардың анық, айқын болуы, қайталаудың жүйелі жүргізілуі.

4) Көрнекі құралдарды, техникалық құралдарды, тақтаны дұрыс пайдалана білу, т.б.

Сабақ барысында, ең бастысы, студенттермен эвристикалық, шығармашылық мақсат-міндеттерді іске асыруға болады. Қазіргі кезде бұларды «ашық», ал шетелде «креативтік» деп те атайды. Оларды іске асыру үшін «миға шабуыл» (ары қарай – МШ) технологиясын қолдануға болады. Бұл технологияның мақсаты – шығармашылық тұрғыда ойлауды дамыту. МШ технологиясының тиімді жақтары:

1) оқушылар өз ойын қысқа әрі нақты айтуға дағдыланады;

2) МШ негізінде іскерлік ойын ұйымдастыруға болады;

3) шабуылға қатысушылар бір-бірін тыңдауды үйренеді;

4) оқытушы «қиын» не ұяң студенттің тапқан шешіміне, идеясына көңіл бөлу арқылы оны қолдап, өзіне деген сенімін тудыра алады;

5) студенттердің ұсынылған идеялары, тапқан шешімдері тақырыпты меңгертудің жаңа жолдарын табуға көмектеседі.

Оқушыларды алдымен МШ-ның талаптарымен таныстыру қажет. МШ бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен студенттерді 7-9 адамнан тұратын шағын

топтарға бөлу керек. Оқытушы әр топтың жүргізушісін таңдайды. Олардың міндеті – ережелердің дұрыс орындалуын қадағалау. Әр топ айтылған барлық ұсыныстарды жазып отыратын өз хатшысын сайлайды. Содан соң оқытушы ортаға салған тақырыптың, мәселенің шарттарымен таныстырып, әр кезеңге бөлінетін уақытты белгілейді (әдетте жиырма минуттай уақыт жетеді).

Бірінші кезең. Идеялар (ойлардың) қорын құру.

Кезеңнің мақсаты – тіпті адам нанғысыз, жөнсіз болса да, неғұрлым көп идеялар, шешімдер жинау. Сондықтан жүргізуші әр сөйлеушінің шешімін, ұсынысын мақтап отыру керек. Себебі бұл кезеңнің ең басты ережесі – ешкімді сынауға, сөуге болмайды. Бұл өте маңызды. Осындай жағдайда ғана оқушы қысылмай, өзін еркін ұстап, белсенділік танытады. Бұл әдіс өзіңдікіне ұқсамайтын, басқа пікірге құлақ түріп, түсініп, шыдамды болуды үйретеді. Осы кезде оқытушы бақылаушы ретінде артынан талқыланатын, түзетілетін шешімдерді жазып алып, жүргізушілердің кеңесшісі рөлін атқарады.

Екінші кезең. Қорда жиналған идеяларды талқылау.

Студенттер өзара барлық ұсыныстарды жан-жақты талқылап, әрқайсысының тиімді, пайдалы жақтарын табу керек. Яғни, олар дұрыс па, бұрыс па екенін дәлелдейді. МШ-ға қатысушылардың бәрі өз пікірімен бөлісіп, бұл ойды жетілдіріп, қандай жағдайда қолдануға болатынын айтуы тиіс.

Үшінші кезең. Нәтижені өңдеу.

Әр топ ең қызықты 2-5 шешімді таңдап алып, спикерді тағайындайды. Спикер айтылған пікірлерге сүйене отырып таңдап алынған шешімдер туралы оқытушы мен барлық студенттерге баяндап береді. Бұл әдіс оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, тақырыпты терең меңгерулеріне көмектеседі.

МШ-да талқыланатын тақырыптар алдын-ала қарастырылып, қызықты болғаны дұрыс. Әрине, әр оқытушы өзінің тәжірибесіне, сабағының мақсатына қарай қалағанын, қажеттісін таңдап алады.

Біз сапалы білім беру мәселесі төңірегінде белгілі ғалымдардың ой-пікірлерін саралай келе, оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдеріне тоқталдық. Кәсіби қазақ тілін оқытуда инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдалану – бүгінгі күннің басты талабы. Педагогикалық жаңа технологияны қолдану сабақты сапалы түрлендіруге және жаңашыл жобалар жасауға негіз болады.

Жаңа заманның жан-жақты дамыған адамын тәрбиелеудің оңай еместігін ескеріп, педагогтар оқытуды ізгілендіру аспектілерін тиімді пайдаланып, шығармашылықпен еңбек етуге тиіс.

Әдебиеттер:

1 Назарбаев Н. Бәсекелестікке қабілетті Қазақстан үшін. Бәсекелестікке қабілетті экономика үшін. Бәсекелестікке қабілетті халық үшін. Қазақстан халқына жолдауы. Астана: Ақорда KZ 62012.

2 Қадашева Қ. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері: өзге тілді дәрісханалардағы қазақ тілі: Пед. ғыл.док. дисс. Алматы, 2001. 301-б.

3 Оразбаева Ф.Ш.Тілдік қатынас:теориясы және әдістемесі, Алматы, 2000, 207-б.

4. Шаханова Р.А. Қазақ тілін оқытуда мәтіндердің жалпы сипаттамасы// Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. N8-2004.

5. Жоракпаева М.Д. Ет-сүт биотехнология бөлім студенттеріне қазақ тілін тыңдалым әрекеті арқылы оқыту әдістемесі: Пед.ғыл.канд.дисс. Алматы, 2002. -156б.

Резюме

В данной статье рассматривается вопрос подбора методики в процессе обучения профессиональному казахскому языку. А так же акцентируется внимание на эффективность использования деловых или ролевых игр ориентированные на поэтапное, функциональное участие каждого из студентов в процессе занятия.

Summary

This article discusses the selection of methods in the learning process of professional Kazakh language. Also focuses on the effectiveness of the use of business and role-playing games aimed gradual, functional part of each of the students in the class.

З.МАХАДИЛ,
аға оқытушы,
«Өрлеу» Біліктілікті арттыру
ұлттық орталығы,
Павлодар облысы бойынша
педагог қызметкерлердің
біліктілігін арттыру институты

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУЫ

Мақалада автор оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, сауаттылықты бағалау, оның деңгейлері, нәтижелері, оқушыға қойылатын талаптарды жан-жақты зерттеп, жазған.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, оқу сауаттылығын бағалау, деңгей, нәтиже, талап.

Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері тұр. Қоғамда түрлі өмірлік жағдаяттарға байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдықты қажет ететін заманның бүгінгі талабына сай өмір сүріп, қызмет ету қажет. Біздің мемлекет үшін халықаралық зерттеулерге қатысу білім берудің бағалау жүйесін реформалаудың қажеттігін ескертетін бірқатар факторлар, атап айтсақ қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне кіруі негізгі себеп болды.

Еліміздің халықаралық PISA зерттеуіне қатысуы, тұлғаның өзін-өзі дамытуын максималды түрде іске асыруы және қоғамда өзіне лайықты орынға ие болу үшін өздігінен ізденуге, талдау жасауға, құрылымдау негізінде ақпараттарды дұрыс пайдалануға мүмкіндік береді. 15 жастағы оқушыларды мәселені шешуге, сауатты оқуға, математика мен жаратылыстану ғылыми сауаттылығы бойынша емтихан бөліктеріне дайындау қарастырылады. Бұл әрбір қатысушы елге білім беру жүйесінің стратегиялық мақсатын анықтауға мүмкіндік береді.

Оқу сауаттылығын арттыру мақсаты - жаңаша оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес: 15 жастағы оқушыны алдағы өмірге дайындау, оқытылуы қазақ тілінде жүргізілетін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша ғылыми концепцияны түсіну, шешім қабылдай білу, қоғамның мәдени-экономикалық дамуына әсер ете білетін белсенді азаматты әр түрлі форматтағы тапсырмаларды орындату тәсілдері арқылы қалыптастыру.

Оқу сауаттылығы – оқушылардың мәтін мазмұнын түсіне білуі және ой қозғау арқылы онда берілген негізгі идеяны өз мүддесі үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында академиялық білімдері мен дағдыларын дамыту қабілеттері.

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына

бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы мәтіндер; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар, т.б.) болып табылады.

Осындай тапсырмалар тексерілушіні мұқият оқу, талдау, жинақтау; негізгіні анықтау, сол сияқты мәтіннің белгілі бір бөлігіне қарап, оқиға желісінің өрбуін, ондағы қайшылықтарды ажырату, шешімнің баламалы жолын таба білу; нақтылық пен болжамның арасын айыру сияқты көптеген сапалардың болуының қажет екені ғылыми еңбектерде аталып өтіледі.

Оқу сауаттылығын бағалау үш өлшемге негізделген: мәтіндер, сұрақтар және жағдаяттар. Мәтіндер мен тапсырмалардың жіктемесіне қарамастан, оқу элементтері өзара тығыз байланыста болады.

Оқу сауаттылығын бағалау барысында әлеуметтік, білімдік, адамдардың мәтінмен жұмыс жасау кезінде кездесетін жағдаяттар есепке алынады:

- Өзіндік мақсатта (дербес хаттарды, көркем әдебиетті, өмірбаяндарды, ғылыми-әйгілі мәтіндерді және т.б. оқу);
- Қоғамдық мақсатта (ресми құжаттарды, қоғамдық мәні бар әр түрлі мәліметтерді және т.б. оқу);
- кәсіби қызметте (есеп беру үшін, кәсіби шеберлігін шыңдау үшін, т.б. оқу);
- білім алу үшін (оқу әдебиетін білімді жетілдіру үшін қолданылатын мәтіндерді оқу).

1-кесте. ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ДЕҢГЕЙЛЕРІ

Деңгей	Ұпай	Тапсырмалар сипаттамасы
6	698	<ul style="list-style-type: none"> √ Мәтін мазмұнында берілген қарама-қайшылықты, қиын ақпаратты түсіну. √ Бірнеше мәтінді және олардың өзара байланысын жете және толық түсінгендігін көрсету. √ Мәтінді жете және нық интерпретациялау. √ Таныс емес тақырыптағы күрделі мәтінді сыни тұрғыдан бағалау.
5	626	<ul style="list-style-type: none"> √ Ақпаратты айқындау және құрастыру негізінде жинақтау. √ Академиялық білімге сүйеніп, мәтінді ой елегінен өткізу. √ Таныс емес мәтінді интерпретациялау және түсіну. √ Оқыған мазмұнына түзету енгізуін, ұғымды түсуін болжау.
4	553	<ul style="list-style-type: none"> √ Тұтастай берілмеген ақпарат бірліктерін табу және байланыстыру. √ Мәтін мазмұнының тұтастығына негізделген тілдік ерекшеліктерді түсіну. √ Мазмұны таныс емес, күрделі форматтағы және ұзақ мәтіндерді түсіну. √ Мәтінді бағалау мен болжамдар келтіру үшін мәтінде берілген негізгі ақпараттарды қолдану.
3	480	<ul style="list-style-type: none"> √ Ақпараттың кей бірліктері арасындағы байланысты анықтау және талдау. √ Тұтас мәтін мазмұнына сәйкестеліп берілген тілдік реңкті түйсіну. √ Оқырман күтпеген түрде берілген мәтіннің қарама-қайшы ақпаратын ой елегінен өткізу. √ Күнделікті кездесетін ақпаратқа негізделген мәтінді түсінуін көрсету.

2	407	✓ Мәтіннің бастапқы идеясын айқындау, мәтіннің өзара ұйқасын немесе құрылысының құрылымын түсіну. ✓ Мәтіннің бір ғана ерекшелігіне негізделген қайшылықтарды салыстыру немесе анықтау. ✓ Жеке тәжірибесіне және берілген мәселеге сүйеніп, мәтін және мәтіннен тыс мәліметтер арасында байланысты құрып, салыстыру.
1A	335	✓ Мәтін мазмұны мен күнделікті өмір тәжірибесі арасындағы байланысты табу. ✓ Таныс тақырыпқа берілген мәтіндегі автордың басты идеясын айқындау. ✓ Айшықты, таныс ақпаратты еске түсіруге бағытталған мәтінмен жұмыс жасау.
1B	262	✓ Қарапайым, қысқа мәтін ішінен оқырманға таныс ақпаратты табу. ✓ Қарапайым мәтінмен жұмыс жасау (ақпараттың қайталануы, суреттер және таныс символдар). ✓ Қарама-қайшылықсыз және ауқымды ақпаратты мәтінді интерпретациялау.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ОҚУШЫЛАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

Оқу сауаттылығы деңгейлері бойынша PISA-2009 зерттеуіндегі қазақстандық оқушылардың нәтижелері:

- алтыншы деңгей біздің оқушылар үшін қиын болды, бұл деңгейдің сұрақтарына бірде -бір білім алушы жауап бере алмаған.

- зерттеуге қатысқан оқушылардың 0,4 пайызы ғана бесінші деңгей тапсырмаларын орындай алды. Бұл көрсеткіш оқушылардың логикалық ойлау қабілеті мен таныс емес мәтіндерді бағалау, қажетті ақпаратты тауып оны интерпретациялау біліктілі-

гінің жоқ екендігін дәлелдейді.

- оқушылардың 30,7 пайызы 1 а және 20,4% пайызы 1b деңгейлеріндегі тапсырмаларды орындай алды. Бұл деңгей тапсырмалары мәтіннің басты тақырыбын және оның құрамында берілген шашыраңқы ақпарат арасындағы өзара байланысты айқындауға бағытталған. Сонымен қатар, 15 жастағы оқушылардың 7,5 пайызы бұл деңгейге де жете алмады.

Бұл Қазақстандық оқушылардың оқу сауаттылығы жеткілікті деңгейде дамымағандығын көрсетеді. Біздің сынақталушылардың зерттеуде көрсеткен төмен нәтижелері түрлі мазмұндағы, сипаттағы және форматтағы мәтіндермен жұмыс жасаудың тиімді әдістерін меңгеруді және мәтін ауқымын кеңейтіп, оларға арналған тапсырмаларды әрі деңгейлеп, әрі күрделендіруді талап етеді. Құрылымдық жағынан кесте, сызба, диаграммасы бар мәтіндерді: «Телефон», «Жұмысқа қабылдау», «Ауалы шар», «Поштамен посылкалар», «Жүгірушілер» сол күйінде беріп қана қоймай, оларды меңгертудің интерактивті амалдары қолданылуы тиіс. Мысалы, «Мәтін индексі» әдісі, «Мозаика» әдісі, «Қысқа сөйлемдер» әдісі және Графикалық органайзерлер.

PISA зерттеуінде оқу сауаттылығы ұғымын оқушылардың жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі және оларға рефлексия, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдануы, білімдері мен дағдыларын қоғам өміріне белсенді араласу үшін дамытуы деп түсінуге болады.

Зерттеу барысында мәтінді толық түсінгенін дәлелдейтін машықтары мен меңгере білу деңгейлері

бағаланады: мәліметті табу, мәтінді түсіндіріп беру, мәтіннің мазмұнына немесе оның формасына рефлексия және олардың бағасы. Мысалы, Бала мен суретте бейнеленген арыстан.

Эзоптың мысалы

Дүниеде жасқаншақ бір шал өмір сүріпті, оның жалғыз ұлы болыпты. Әкесі бәрінен де баласының аң аулауға құмарлығы мен оның батылдығынан қорқыпты. Бірде оның түсіне оның ұлын арыстан өлтіретіні кіріпті. Түсі орындалатынынан қорқып, әкесі ұлына өте үлкен, әсем үй салып, баласы әрқашан көз алдында болу үшін, оны биік жерге қойыпты. Ұлының көңілін аң аулаудан аударып, оның ынтасын қанағаттандыру үшін әкесінің өтініші бойынша жаңа тұрғын жайдың қабырғаларына әр түрлі жануарлардың суреті салынып ілініпті. Олардың бірі арыстан болыпты. Алайда бұл суреттерді қарай жүріп, жас жігіт бойын билеген қамығуды жеңе алмапты.

Бір күні ол қабырғалардың біріне жақындап, ондағы арыстанға: «Аһ, сені ме, сайтанның құбыжығы! Мен сен үшін және әкемнің оғаш түсіне бола осында, мына түрмеге қамалдым. Сенімен не істесем екен?», - дейді де ол арыстанның көзін шығару үшін қабырғаны жұдырығымен ұрады. Сөйтіп, оның тырнағының астына тікен тұрып қалып, ол оны суырып ала алмайды. Саусағы талаурап, қатты үлкейіп, ісіп кетеді, қызуы көтеріліп, безгек басталады. Безгек соншама қатты болғандықтан, жас жігіт өліп кетеді.

Арыстан тек суретте бейнеленген болғанымен, оның әкесіне сәуегейлік етілгендей, жас жігітті өлтіріпті.

1-сұрақ. Мысалда не туралы жазылған?

А. Баласы әкесін құрметтеуге лайық.

Ә. Әкесі баласының махаббатына ие бола алмады.

Б. Әкесі баласын сақтап қалғысы келді.

В. Баласы әкесіне бойсұнуға үйренгелі жатыр.

Сондай-ақ мәтінде берілген мағлұматты өмір туралы өзінің көзқарастарымен байланыстырып, дәлелдеулері бағаланады.

2-сұрақ. Қалай ойлайсыз: бейнеленген арыстан ұлын өлтірді ме, жоқ па?

Мысалдың мағынасын қалай түсінгеніңізді жазыңыз.

Сонымен бірге тапсырманы орындау барысында мәтіндегі мәліметті өзге ақпарат көздерінен алған немесе бұрыннан белгілі білімдерімен толықтыра немесе салыстыра білуі, автордың сипаттаған ойларынан қорытынды жасау ұсынылады.

3-сұрақ. Әңгіме екі жарым мың жылдан астам уақыт бұрын жазылған.

Қалай ойлайсыз, әкесінің баласына деген сезімі мен әрекеттері біздің заманға сай ма? Оның баласына қарауын біздің заманымыздағы ата-аналардың балаларына қарауымен салыстырыңыз. Жауабыңызды осы әңгімеге сүйене отырып дәйектеніз.

Сонымен әрбір тапсырма бір мәселені суреттеген мәтінді қамтиды және мәтінмен қатар сұрақтар немесе таңдау бойынша бір немесе қатар екі жауабы болуы мүмкін жорамалдар мен нақты бекітулер қалыптарында көрсетілген қиындық дәрежесі әр түрлі сұрақтар кіреді. Сұрақтардың қалған бөлімдеріне оқушылар өз жауаптарын құраулары

керек, олардың кейбіреулері қысқа жауапты, қалғаны толық жауаптарды және өзіндік пікірді, өз көзқарасын айқындауды талап етеді.

Жалпы, PISA тапсырмаларын орындау барысында туындаған қиындықтар себептерінің бірі - қарама-қайшылықты мәліметтері бар, аралас немесе құрамдас мәтіндердің ұсыныла бермеуі. Мысалы, Өздеріңізге жейдені фирмалық белгі бойынша таңдамаңыздар.

Жейдедегі фирмалық белгі және биркада көрсетілген жоғары баға тек бір бұйымның сапасын білдіреді.

Қалай болғанда да, жейде шығаратын фирмалар сіздің дәл осылай пайымдауларыңды қалайды.

Бірақ, әмбебап сауда үйлері мен дүкендерде төмен бағамен, мысалы 900 теңгеге сатылатын жейделер 5000 теңге немесе одан қымбат тұратындарынан анағұрлым жақсырақ болып шығуы мүмкін екені белгілі.

Тұтынушылар Қауымдастығы берген мәліметтер бойынша бұл арзан жейделер тек жақсырақ тігілген ғана емес, олардың киілу мерзімі де ұзағырақ және машиналық жуудан кейін түрін жақсырақ сақтайды. Эксперимент үшін ер адамдардың 27 ақ жейделері таңдалып алынды, олар матаның, ілгектердің және тігісінің сапасы бойынша салыстырылды. Жағалары мен жеңдерінің пішімі дәлдігін бағалау үшін мұқият өлшеулер жүргізілді, сондай-ақ күнде кигеннен кейін жағасы мен манжеті қалай көрінетінін анықтау үшін эксперимент жүргізілді.

Жейделер 25 рет жуылды, яғни, олардың әдетте алты ай ішінде қанша рет кірін жуса, сонша рет, ал одан кейін отыруын және бүлінуін тестіледі. Кәдімгі

әмбебап дүкендер мен жай дүкендерден сатып алынған жейделер жақсы сапаға ие екені анықталды.

Жүргізілген зерттеулер полимақталы маталардан тігілген бұйымдардың ішінде бағасы 1400 теңге тұратын «Дәулет» (Т45 классикалық), мақта матадан тігілгендердің ішінде 4100 теңге тұратын «Салтанат С» жейделері ең жақсы екенін көрсетті.

Құрамында мақта бар жейделердің ішінде 1700 теңге тұратын «Салтанат Д» бұйымы және қыртысталмайтын және де 1700 теңге тұратын «Жетісу» жейдесі ең жақсы болып шықты.

Бұл зерттеудің нәтижесі осы жылы фирмалық жейделердің бедел-бейнесіне (имиджіне) екінші соққы берді.

Өткен айда Джеймс Бонд туралы кең тараған шиеленіскен сюжетті «Ертеңгі күн ешқашан өлмейді» атты фильмді жасаушылар экран жұлдызы Пирс Броснанға әдеттегі дүкеннен сатып алынған, қымбат емес жейделер кигізгені анықталды, өйткені, олардың пікірі бойынша, бұл жейделер экранда фирмалық дүкендерден алынған жейделерге қарағанда жақсырақ көрінеді.

1-сұрақ. Жейделер. Соңғы абзацтың алдындағы абзацта: «Бұл зерттеулердің нәтижелері осы жылы фирмалық жейделердің бедел-бейнесіне екінші соққы берді», - дейді.

- Бірінші соққы қандай болды? [7: 84-86-б.].

Жауабы: Джеймс Бонд туралы фильмді жасаушылар экран жұлдызы Пирс Броснанға кәдімгі әмбебап дүкеннен сатып алынған қымбат емес жейделер кигізді.

Халықаралық зерттеу жүргізушілері дайындаған тапсырмалар оқулықтағы мәтіндер мен сұрақтардан өзгеше:

√ Мәтін мазмұнында сұрақтарға қатысы жоқ басы артық мәліметтер, қарама-қайшылықты ақпарат болуы мүмкін.

√ Мәтін бөліктері арасында байланыс пен реттілік сақталмауы ықтимал.

Сынақталушыға қойылатын талаптардың кейбіреуіне тоқталайық:

Қарама-қайшылықты, қиын ақпаратты түйсіну.

Бірнеше ойды және олардың өзара байланысын толық түсінгендігін көрсету.

Мәтінді интерпретациялау.

Таныс емес тақырыптағы күрделі мәтінді сыни тұрғыдан бағалау, т.с.с.

Сондықтан да бір тақырып бойынша немесе тұтас тақырыптық блок бойынша сабақтарды (сабақ циклін) жоспарлау кезінде мұғалім тұтас емес (дискретті), аралас, құрамдас мәтіндерді қолданғаны тиімді деп санаймыз.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам

нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Функционалдық сауаттылық – оқушылардың сыртқы ортамен қарым-қатынас жасау қабілеті, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуінің шарты, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамытудың тетігі, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі, әлеуметтік-мәдени дамуының өлшемі, білім, білік дағдыларының құзыреттілікке ұласу жолы. Тұлғаның мектеп қабырғасында алған білімдерін өмірде қолдана алу дағдыларын дамыту үшін курстарда белсенді оқытудың стратегиялары меңгертіліп, оқу үдерісіне енгізілуде, яғни, педагогтің өзіндік әрекетін жобалау, зерттеу дағдыларын дамытуға жұмылдыру негізінде кәсіби шеберлікті шыңдау іске асырылуда.

PISA тапсырмаларын оқу жоспарына кіріктіруді (қазақ тілі мен әдебиеті оқулықтарымен жұмыс) іске асыру мұғалімнің қазақ тілі мен әдебиеті сабағын дұрыс ұйымдастыра алу шеберлігіне байланысты.

Әдебиеттер:

1 Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана, 2012.

2 PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Тыңдаушының жұмыс дәптері // NIS- PEARSON.

3 PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту әдістері бойынша Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық // NIS- PEARSON.

4 Оқу сауаттылығы бағдарламасы. Мұғалімнің жұмыс дәптері // NIS- PEARSON.

5 Основные результаты международного исследования PISA-2012. Астана: НҚОСО, 2013.

6 PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. Астана, 2013. 73-97-б.

Развитие функциональной грамотности учащихся

Автор этой статьи написал о развитии функциональной грамотности и критерии оценки грамотности, приводит результаты исследования, пути формирования функциональной грамотности на уроках, а также, требованиях к уровню подготовки учащихся.

Ключевые слова: функциональная грамотность, оценки уровня грамотности, результат, требование.

The development of functional literacy of pupils

The author of this article wrote about the development of functional literacy and literacy assessment criteria, the results of research, the way of formation of functional literacy at lessons, requirements for the level of training of students.

Key words: functional literacy, to estimate levels of literacy, result, requirement.

Ж.А.ҚАРАЕВ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

Ж.А.Қараев технологиясы дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді: оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтауын, ынтасын, белсенділігін, білім сапасын дамытады. Әр оқушының кемінде мемлекеттік (стандарттық) деңгейге сәйкес білім алуына кепілдік береді.

Түйін сөздер: технология, дамыта оқыту, мемлекеттік тіл.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру – заман талабы.

Оқушыларымыздың білімдерін 6-7-сыныптардан бастап бақылау жасай отырып, профессор Қараев Жауынбайдың «Деңгейлік саралау технологиясын» таңдап алдық. Мұндағы мақсатымыз – өз бетімен дами алатын, әр түрлі өмірдің қиындықтарына төзе білетін, белсенді, білімді оқушыны тәрбиелеу.

Бұл технология, біріншіден, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, өйткені ол оқушының ойлауын, елестету мен еске сақтауын, ынтасын, белсенділігін, білім сапасының дамуына көмектеседі. Әр оқушының кемінде мемлекеттік

(стандарттық) деңгейге сәйкес білім алуына кепілдік береді.

Деңгейлік саралау технологиясы оқушының да, мұғалімнің де белсенді шығармашылық қызметін дамытуға бағытталған.

Сабақ кезінде деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушы тек қана міндетті деңгейдегі тапсырмаларды орындап қана қоймай, бірнеше деңгейдегі тапсырмаларды орындап, өз қабілетін көрсете алады. Енді осы деңгейлерді анықтап алайық:

I деңгей – минималды қалыпты оқушы деңгейі,

II деңгей – алгоритмдік деңгей;

III деңгей – жалпы ойлауды қажет ететін, танымдық іздену (эвристикалық) деңгей, бұл деңгейде оқушы өзі тұжырым жасайды (сөздікті пайдаланып, мәтін аударарды, сөзжұмбақ, ребус шешеді);

IV деңгей – шығармашылық деңгей.

Енді осы деңгейлік тапсырмалар беру үлгісін 6-сыныпта өткізілген «Сан есімді қайталау» деген сабақта көрейік.

Сабақтың мақсаты:

1) оқушылардың сан есімнен алған білімдерін тиянақтау, теориялық білімдерін практикалық тұрғыда тексеру;

2) тапқырлық, ізденімпаздық, ойлау қабілеттерін дамыту;

3) орындалатын жұмыстар арқылы еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, тест.

Көрнекіліктер: суреттер, сөзжұмбақ.

Сабақтың барысы.

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Мен – қазақтың тілімін,

Беретін көп білімім.

Достасатын сендермен

Жақсы пәннің бірімім.

Үйретем тіл заңдарын,

Сөзіме құлақ сал бәрін,

Менімен тез іске асар

Ойға алған арманың.

- Міне, балалар, туған тіліміз – қазақ тілі ұжымдық оқыту арқылы деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында өтпек.

Сыныпты білім деңгейіне қарай 3 топқа бөлу:

I топ («Өте жақсы» оқитын оқушылар);

II топ («Жақсы» оқитын оқушылар);

III топ («Орташа» оқитын оқушылар).

II. Негізгі бөлім.

а) Үй тапсырмасын тексеру.

Көрнекі-бейнелеп ойлау. Мына жазба карточкаға қарап, сөз табын табындар.

Антоним

Буын

Сан есім

Жалғау

Бастауыш

ә) «Топтастыру» әдісі бойынша сан есімдерден білетін ұғымдарыңды жаз.



- | | | |
|---------------------|--------------|---------------|
| 1) есептік; | 3) жинақтық; | 5) бөлшектік; |
| 2) реттік; | 4) топтық; | 6) болжалдық. |
| б) Топтармен жұмыс. | | |

Білім деңгейіне қарай әр топқа тапсырмалар беру. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тасырмалар да күрделене түседі.

I деңгей

I топ. 1-тапсырма. Сөйлем ішінен сан есімдерді тауып, құрамына, мағынасына қарай ажырат.

1941 жылы 22 маусымда неміс фашистері тұтқиылдан елімізге шабуыл жасады.

2-тапсырма. Реттік сан есім дегеніміз не? Реттік сан есімнің цифрмен берілгендегі жазылуы туралы айтыңдар.

II топ. 1-тапсырма. Мақал-мәтелдердің сөздерін тиісті орнына қойып, құрастыр.

1. Сом, ақшаң, жүз, болғанша, жолдасың, болсын, жүз.
2. Тілін, жұрттың, біл, жеті,
3. Түрлі, білім, жеті, біл.

2-тапсырма. Болжалдық сан есім, оның жасалу жолдары туралы айтыңдар.

III топ. 1-тапсырма. Сөйлем ішінен сан есімді тап. Майдан даласына миллиондаған қыз-жігіттер аттанды.

2-тапсырма. Сан есім дегеніміз не? Сан есімді қатыстырып сөйлем құрастырыңдар.

II деңгей

1 топ. 1-тапсырма. Берілген есептік сан есімдерден реттік, топтау, болжалдық сан есімдер жасап, сөзбен жазыңдар.

6, 10, 105, 35, 636, 482, 1991, 2004, 10205, 1965.

2-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді оқып, көп нүктенің орнына тиісті сан есімдерді қой, талда.

1. Жаздың ... күні

Қыстың ... күнін асырар.

2.... жасар бала алыстан келсе,

... қария сәлем берер.

3.... аяқтыда бота тату,

... аяқтыда бажа тату.


II топ. 1-тапсырма. Ребусты шешіңдер.

(Қолдың суреті)

5

1-дей

(ағаштың суреті),



, , , ,

Берілген сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрастыр.

Жеті-сегіз, он үштерде, алпыстай, ондаған, жиырма шақты.

III топ. 1-тапсырма. Жаңылтпашты оқып, айтыңдар. Сан есімдерді қатыстырып, өздерің жаңылтпаш құрастырыңдар.

Бес түп алма
«Бестік» алғандікі.
Төрт түп алма
«Төрттік» алғандікі.
«Төрттік» алған
Бес түп алма алмайды.
«Бестік» алған
Төрт түп алма алмайды.

2-тапсырма. Дара, күрделі сан есімдерді бөлек-бөлек жаз.

Жүзінші, жетпіс бес, екі, қырық шақты, отыздай, төртеу.

III деңгей


I топ. 1-тапсырма. Шығармашылық жұмыс. Сюжетті суретке қарап, сурет мазмұнына лайық шағын әңгіме құрастырыңдар (сан есімдерді қатыстыру).

II топ. 1-тапсырма. Тест. Сан есімдердің қайсысының жазылғаны дұрыс.

- а) 2004-жыл;
- ә) 2004 жыл.
- а) V том;
- ә) V том.
- а) 7-сынып;
- ә) 7 сынып.
- а) 10-даған;
- ә) 10 даған.

III топ. 1-тапсырма. Сөзжұмбақты шешіңдер.

1. Кәделі мүше.
2. Ел ордасы.
3. Ас атасы.
4. «Кет» сөзінің антонимі.
5. Нәрестенің төсегі.
6. Киім ілетін зат.
7. Сөздің көркі.



III. Сабақты қорытындылау.

IV. Үйге тапсырма. Оқыған көркем шығармалардан сан есімге 5 сөйлем жазып келу.

V. Білімдерін бағалау.

Ж.А.Қараев технологиясы бойынша оқытуда оқушы жаңа білімді өзі менгере отырып, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындайды. Оқушының себеп, іскерлік, ес, ақыл-ой дамуына әсер ету нәтижесінде білім сапасы көтеріледі, өзін-өзі дамытуға себеп болады. Бағалау және бақылау іс-әрекетін ұйымдастырудың дәстүрлі түрі өзгереді.

ӘОЖ 37.013

С.АХМЕТЖАНОВА,
Ерсін Мұқашев атындағы
жалпы білім беру орта мектебі.
Павлодар облысы,
Май ауданы,
Көктөбе ауылы.

СӨЗДІК ЖҰМЫСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ

Мақалада өзге тілді мектептегі қазақ тілі сабағын жүргізудегі басты мәселенің бірі – тіл дамыту мәселесінің шешімі – сөздік жұмысы екені айтылған.

Түйін сөздер: сөздік жұмысы, тіл дамыту, мемлекеттік тіл, ауызекі сөйлеу.

«... **Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту.** Мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз» - деді өз Жолдауында Елбасы.

Қазіргі кезде қазақ тілін үйретудегі басты кемшілік – тіл үйренушіні мемлекеттік тілде сөйлете алмай отыруымызда болып отыр. Өзге ұлтқа қазақ тілін оқыту оңай жұмыс емес. Ал тілді үйрету отбасынан, бала-бақшадан, мектептен басталатыны барлығымызға мәлім.

Орыс тілді мектептегі қазақ тілі сабағын жүргізудегі мәселенің бірі – тіл дамыту. Оқушылардың қазақ тілінің үйренуі – танымдық үдеріс, соның нәтижесінде олар

Қорыта айтқанда осы технологияның идеяларын жүйелі түрде қолға алсақ, оқушыларымыз жыл аяғында өткізілетін сынақтарға ауызша да, жазбаша да дайын болары сөзсіз.

Әдебиеттер:

1 Құлмамбетова Б., Ысанова А., Исинғарина М. «Қазақ тілін оқыту әдістемесі». Алматы, «Білім», 2000.

2 Қадашева Қ. «Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері, өзге тілді дәрісханадағы қазақ тілі». Алматы, 2001.

Резюме

Разноуровневое обучение по технологии Ж.К.Караева дает возможность осуществить идею развивающего обучения: развивает мышление, воспоминание, память, прилежание, активность учащихся, повышает качество знаний. Позволяет каждому ученику получить знания соответствующие государственному стандарту.

Ключевые слова: технология, развивающее обучение, государственный язык.

Resume

The leveled teaching gives the possibility to realize the idea of developing education: it develops the mentality, imagination, memory and activity of students; it raises the quality of knowledge and permits everyone to get the knowledge corresponding to the state standards.

Key words: technology, the developing training, a state language.

ана тілінен басқа тілді меңгере алады. Тілді үйретуде қатысым әдісінсіз тілді жылдам әрі сапалы меңгерту, оны кез келген ортада еркін тілдік қатынасқа түсе алатын дәрежеге жеткізу мүмкін емес. Оқу материалын оқушыларға түсіндіру, ол туралы мәліметтер беру – мұғалімнің міндеті. Сондықтан қазақ тілін меңгеруде сөздік жұмысының орны ерекше.

Сөздік жұмысы – тіл дамытудың іргетасы, оқушыны жана сөздер үйренуде, бұрын білетін немесе түсінбейтін сөздердің мағынасын анықтауда маңызы зор. Сондай-ақ сөздік жұмысы сөйлем құрауға мүмкіндік береді, сөздерді байланыстырып сөйлеуге, әңгіме айтуға, шығарма жазуға көмектеседі.

Сөздік жұмысының ерекшелігі: тіл дамытудың басқа түрлері сияқты оқу-тәрбие жұмысының барлық салаларында жүргізіледі. Өлең, әңгіме, мысал, мақал-мәтелдер, т.б. білу арқылы баланың тілі дамиды. Балалар сөзді ұғу арқылы сөйлеу үстінде тілін дамытады. Ал, сөздік жұмысы оқушының ойын дамытумен тығыз байланысты. Тілді, оның грамматикалық құрылысын меңгеру оқушыларға өз пікірлерін айтуға, сұрауға, қорытынды жасауға, заттар мен құбылыстар арасындағы алуан түрлі байланыстарды аңғара білуге мүмкіндік береді.

Сонымен бірге сөздік жұмысы сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға үйретеді, оның шығармашылық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін қамтамасыз етуге бағытталады. «Сөз байлығы – қоғамның байлығы және сол сияқты әр адамның байлығы. Сондықтан мектепте оқушыларға сөздік жұмысын жүргізудің маңызы зор. Сөз байлығының аздығы оқушылардың өз ойын ауызша, әрі жазбаша,

дәл, жүйелі жеткізуіне қиындық келтіреді. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын дұрыс ұйымдастырудың мәні зор.

Біріншіден, ол оқушының сөз байлығын молайтып кеңітсе, екіншіден, үйренген сөздерін қатесіз, сауатты жазуға бейімдейді де, ал үшіншіден, сөзді үйрену арқылы бала тіл нормасымен сөйлеп үйренеді.

Сөздік жұмысы оқу сабағында мынадай міндеттерді орындауды қажет етеді:

1. Балалардың сөздік қорын байыту, яғни, белгілі бір сөздердің мағынасын түсіндіру, жаңа сөздер үйрету.

2. Белгілі және жаңа сөздерді қолдану, пайдалану аумағын, көлемін көбейту, үйренген сөздермен салыстыру арқылы жаңа контекстке пайдалану.

3. Сөздің стилистикалық рөлін және лексикалық категориясын бақылау арқылы үйрету.

4. Байланыстырып сөйлеуге көркем сөздерді пайдалану, оның грамматикалық тұлғаларын аңғарту, өмірмен байланыстыра жүргізу.

5. Синоним, антоним, көп мағыналы сөздерге талдау жасау, астарлы сөздердің мағынасын нақтылау.

6. Бастауыш мектеп оқушыларының сөйлеу қорына әдеби тілге жатпайтын сөздерді ендірмеу, артық сөздерді қолданбауға үйрету, сөздерді дұрыс айтуға қол жеткізу.

7. Сөз байланыстарын қолдануға мүмкіндік жасау, яғни, әрбір оқушы сөйлегенде, сөйлем құрағанда мүмкіндігінше жаңа сөз қосып отыру.

Сөздік қорды байытудың негізгі көзі – оқулықтағы мәтін, жаттығулар, тапсырмалар және мұғалімнің сөзі. Сондықтан оқулықтардағы ұлы классик сөз маржаны ауыз әдебиет үлгілерінен мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды оқып, сусындап отырғандары жөн.

Оқушы оқыған мәтіннің мазмұнын дұрыс қабылдау үшін сөздік жұмыстарының мұқият жүргізілуі қадағаланады, яғни, балаға түсініксіз бірде-бір сөз болмауы керек.

Мәтіндегі кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіру 3 кезеңде жүргізіледі:

I. Мәтінді оқуға дайындық кезеңінде.

II. Мәтінді оқу барысында.

III. Мәтінді оқып шыққаннан кейін.

Өлең оқу барысында сөздік жұмысы өлеңді оқымас бұрын немесе оқып болғаннан соң ғана жүргізіледі.

Сөздердің мағынасын ашып түсіндіру тәсілдері алуан түрлі. Оның ішіндегі бастылары:

1. Затты табиғи жағдайда бақылау немесе көрсету, экскурсия ұйымдастыру.

2. Заттың өзін немесе суретін көрсету арқылы сөздің мағынасын ашу.

3. Синоним сөздер қолдану: «қандай сөздермен ауыстыруға болар еді? Басқаша қалай айтар едік?» деген сияқты сұраулар қою арқылы синоним табуға оқушылардың өздерін қатыстыру.

4. Сөзді кейде морфологиялық құрамына қарай талдау арқылы да түсіндірген пайдалы. Мысалы: белестері сөзінің түбірі қайсы? т.б.

5. Сөздерге анықтама беру арқылы түсіндіруге болады. Мысалы: аэродром – ұшақ ұшып, қонатын алаң, т.с.с.

1. Абстракциялы ұғымдарды түсіндіру үшін тұрмыстан мысалдар, фактілер келтіріп, әңгіме айтылады. Мысалы: батырлық, адамгершілік, т.с.с. сөздердің мағынасы осы әдіспен түсіндіріледі.

2. Сөздердің мағынасын түсіндіруге техникалық құралдардың біраз пайдасы бар.

Сөздік жұмысы мәтінде кездесетін түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндірумен ғана бітпейді. Ол жаңа ұғымдар жасау, заттың жаңа қасиеттерін табу, жаңа көріністерді байқау сияқты жұмыстармен тығыз байланысты. Мұндай жұмыстар оқушылардың ойын, тілін дамытады, эстетикалық талғамын арттырады. Сөздік жұмыстарының ең маңызды бөліктерінің бірі -оқушылардың үйренген сөздерінің белсенділігін арттыру. Ол үшін сабақ сайын жүйелі түрде арнаулы тапсырмалар ойластырылып отыруы керек:

- үйренген сөздерін кірістіріп, сөз тіркестерін құрау;

- үйренген сөздерін қатыстырып, сөйлем құрау;

- осы сөздерді қатыстырып, мәтінге жақын әңгімелеу, т.б.

Оқушы өзінің үйренген сөздерін ауызекі сөйлеу тілінде қолдана білсе, оның ақыл-ойын дамытуға әсер етеді. Демек, сөзді орынды қолданып, оның мағынасын жетік білетін бала өз бетімен сөйлем құрап, оның мағынасын түсініп, сөйлеу тілінде шебер қолданатыны сөзсіз. Грамматиканы, синтаксисті жақсы меңгерген оқушы сөз тіркесін дұрыс біліп, сөйлем құрастыра алады. Мұғалім сөз тіркесін және сөйлемді құрату арқылы оқушыны тілдік фактілерді орынды қолдана білуге, әсіресе синонимдік қатарларды, сөзді талғап, таңдап қолдануға үйретеді. Сонда ғана баланың жазған мазмұндама, не шығармасы талапқа сай болады, жазба тілі дамиды. Ауызша тіл кітап оқу, әңгімелеу арқылы көрінсе, жазбаша тіл дамыту мазмұндама, шығарма, т.б. жазу жұмыстары арқылы іске асады. Бұл жұмыстардың қайсысы болсын, сөз арқылы оқушыны дәл ойлауға, үйретуге, оның шығармашылық қабілетін арттыруға, сөйлеудің мазмұны мен формасының бірлігін

қамтамасыз етуге бағытталады. Ауызша және жазбаша (мазмұндама, шығарма) жұмыстарын дидактикалық ұстанымға сүйене отырып оқушылардың ойы мен тілін дамытуға мүмкіндік береді. Ана тілінде дұрыс сөйлеп, сауатты жаза білу – әр адамның азаматтық парызы болып саналады.

Әдебиеттер:

1 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. Алматы, 2005.

2 Бектұров Ш.Қ. Қазақ тілі. Лексика. Фонетика. Морфология. Синтаксис. Алматы, «Атамұра», 2006.

Роль словарной работы в развитии речи учащихся

Статья рассматривает одну из самых актуальных вопросов в преподавании казахского языка в иноязычной аудитории, особенности словарной работы на уроках, автор пишет, что словарная работа преследует различные цели и имеет разное содержание.

Ключевые слова: словарная работы, развитие речи, государственный язык, разговорный язык.

Role of dictionary work in development of the speech of pupils

Article considers one of the most topical issues in teaching the Kazakh language in foreign-language audience, especially the dictionary work at lessons, writes that dictionary work has various aims and has the different contents.

Key words: dictionary works, development of the speech, state language, spoken language.

Р.БЕКЕШОВА,
№8 орта мектебі,
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЭТНОПЕДАГОГИКАНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ СӨЙЛЕТУ

Бүгінгі таңда жаңалыққа жаны құмар жас ұрпаққа заман талабына сай тәрбие мен білім беру, оны ұлттық сананы қалыптастыру арқылы жүзеге асыру көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Ұлттық сананы қалыптастыру, ұлттық құндылықтарды құрмет тұтып, тәрбиенің қайнар көзі ретінде қарастыру қай заманда болса да маңызды мұқтаждық ретінде күн тәртібінде тұрары белгілі. Әсіресе, бүгінгі жаһандануға бет бұрып, әлемдік бәсекелестікке, оның талаптарына жауап беру жағдайына бұл мәселенің өзектілігі айшықталып отыр. Елбасының бұл жайлы «Толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанмыз жөн» деген сөзі баршамызға салмақты міндеттер жүктейді. Сондықтан бүгінгі таңда басты мақсат - жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани – мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу болып

отыр. Мәдени мұраны сақтап, дамыту арқылы ғана біз өркениетті мемлекет құра аламыз.

Әр халықтың ғасырлар бойы жиналып, бейне бір арнасы кең өзендей, асқар таудай болып қалыптасқан өзіне тән салт-сана, дәстүрлері болады. Бұл дәстүрлер сол халықтың адам тәрбиесі, адамгершілік, дүниеге, өмірге көзқарасы мен рухани күйінен туған. Сол үшін де ол халықтың жан дүниесінің айнасы, ұрпақтарының қадір тұтар мұрасы болып қалады.

Халықтың ғасырлар бойы асыл ой тамшысынан жинап, алмас қазынадай сақтаған мұрасын құрметтеу, адамгершілігін, ұяттың не екенін естен шығармау – қасиетті сезім. Халық дәстүрлері жас ұрпақты өз халқының тарихын, мәдениетін, рухани, табиғи байлығын, жерін, елін сүйюге, айналасын қоршаған дүниеге адамгершілікпен қарауға, құбылыс-болмысты парасатпен табуға, әділет шапағатқа баулиды. Әр халықтың дәстүрі де әр түрлі. Оған себеп: сол халықтың ежелден келе жатқан тұрмысы мен тіршілік еткен географиялық ортасы, әлеуметтік-экономикалық жағдайы, өмірге көзқарасы, шаруашылық тіршілігі, т.б. Сондықтан да халық дәстүрінің қай-қайсысы болсын ортақ ой, ортақ өмірден туған ортақ қазынаға жатады. Қазақ халқы ежелден «жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп, басқа түскен қайғы-қасірет, қуаныш-шаттықты бірге көтеріп келеді. Қолда барды бөліп пайдаланған, бір-біріне көмектесу сияқты белгілі бір ұжымға тән дұрыс әдет-ғұрыпты туғызған. Сол әдет-ғұрыптар ұзақ замандарға талмай жетіп, сол халықтар өзіне тән берік дәстүрінің негізін салған.

Олардың бәрінің де, ойлап қараған кісіге тамыры терең, мазмұны кең, тәрбиелік мәні зор, үлгі, өсиет аларлық парасаты мол. Осындай мақсатпен әрбір мұғалім өзінің сабақтарында оқушыларға қазақтың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мәдениеті, тарихы туралы әрдайым дәріс беріп тұрады.

Жоғарғы сынып оқулықтарында осы тақырыптарға байланысты көптеген мәтіндер бар, бірақ өкінішке орай олар мазмұны жағынан қысқа және мәліметтері өте аз. Оқушылардың қызығушылығын ояту мақсатымен өз сабақтарымда этнопедагогиканы қолдануды жөн көрдім. Сабақтарға қойылатын негізгі мақсаттар – қазақ мәдениеті, салт – дәстүрімен таныстыру арқылы оқушылардың қазақ халқына деген сүйіспеншілігін ояту, халық дәстүрін сыйлауға үйрету, коммуникативті мақсатта тіл қызметінің барлық мүмкіндігін пайдалана білу, сөздердің мағыналарын түсіндірме сөздік арқылы беру, мақал-мәтел мағынасына мән беру. Отансүйгіштік, атамекенді қастерлеу – қазақ үшін де өзге халықтар секілді аса терең, қанға сіңген қасиет. «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық», «Жат елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деген мақалдармен қатар, ұлы даналардың нақыл сөздері, жырау, терме, аңыздар, батырлар жыры секілді мұралардың дені атамекенді қастерлеуге арналған. Тірісінде атамекенін дәріптеген қазақ өлгенде «бір уыс топырақтың» өз Отанынан бұйырғанын соңғы пенделік қасиетті тілегі санаған. Осыған орай, оқушылардың лексикасы этноатаулармен, жаңа ұғымдармен толықтырылады.

11-сыныпта «Көне түркі ескерткіштері» тақырыбында өткізілген сабақтың мақсаты: мәтінді оқып, мазмұнын

айту. Оқушылардың өзіндік жұмыстарын тыңдап, қосымша мәлімет алу. Слайд арқылы ескерткіштердің түрлерін білу және танысу. Олар тек қазақ халқының мұрасы болмай, бүкіл адамзаттың мұрасы болып табылатынын балаларға жеткізу, мақтан етуге баулу. Сабақ бастар алдында Олжас Сүлейменовтің сөзін түсініп оқып, өз ойларын жеткізе біледі.

“Бұл тас ескерткіштердің мәдени маңызы, құны қандай болмасын алтыннан, қандай болмасын асыл тасдан да артық, олардың құнына баға жетпейді...”

Бұл тас кітаптарды сақтау – біздің парызымыз болып табылады, себебі олар түріктерге ғана емес, барша адамзатқа тиесілі. Олар біздің төл тарихымыз бола отыра, бір мезгілде жалпыадамзаттық құндылық болып табылады”.

*Олжас Сүлейменов.
Моңғолия, 1975 ж.*

Оның сөзінен осы құлпытастардың маңызы, төл тарихымыз және жалпыадамзат құндылық болғанын біліп, оларды сақтау – біздің парызымыз екенін айтады. Алдында оқушыларға тақырып бойынша жеке тапсырма беріледі. Оқушылар шағын ғылыми жұмыстарын дайындаған кезде өздерінің сөз байлығын, сауатты сөйлем құру, мәліметтерді іріктей білу, тыңдаушылардың назарын аудара білу қабілеттерін дамытады. Тыңдаушылардың есту, көру, ойлау, сұрақтарға сауатты, толық жауап беру, түсіну қабілеттері дамиды.

Қазақ халқының жеті ғаламатының бірі – домбыра. Домбыра халықтың тарихын, өмірін, сезімін баяндаған. Осы аспап арқылы қазақ халқының салт-дәстүріне, тарихына, тұрмысы мен мәдениетіне оқушының қызығушылығын дамыту тиімді. Осы сабақта оқушылар слайд арқылы домбыраның құрылысы туралы өз беттерімен еркін әңгіме құра білді. Сабақ алдында жеке тапсырмалар берілді: домбыраның түрлері, атақты адамдардың домбыралары. Әр қазақ домбыраны асыл зат ретінде бағалап, киіз үйдің төріне іліп қойған.

Киіз үй –көненің көзі, ата-бабамыздың баспанасы. Ол туралы мәліметтер 9-сыныпта, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында берілген. Сол білімдеріне сүйене отыра киіз үйдің құрылысын кез келген оқушы айта алады, ағаш қаңқасы, киіз түрлері туралы еркін сөйлейді. Өздерінің сөздік қорын киіз үйдің ішкі жасауға қойылған жиһаз атауларымен толықтырады және слайд көру арқылы бекітеді. Сабақты қорыта келгенде оқушылар өз білімдерін келесі слайд арқылы көрсете біледі және киіз үй неге төрт бөлімге бөлінетінін өз сөзімен түсіндіре алады. Әр бөлімін атап қоймай толық мәлімет береді. Мысалы, төрге қандай адамдарды отырғызады? Неге төр деп аталады?, т.б. Киіз үйге байланысты мақал-мәтелдер берілген, оның мағынасына мән беріп, түсіндіреді және орынды қолдана біледі. Мысалы, «Шаңырақ биік болсын» - тілек-бата ретінде; «Түндігі ашылмай қалды» - ұрпақсыз қалу деген мағынада, т.б.

Ертеден қазағымыз түнге қарамай жолға шыға берген, өйткені олар кез келген үйге түсіп, сыйлы қонақ бола алған. Шәкірттердің сөздік қорын синоним, антоним, омоним сөздермен толықтыра отырып, ережелерді қайталаймыз.

Зат –нәрсе, бұйым, дүние, жасау, жиһаз, мүлік;

Тамақ –ас, тағам, ырыс, несібе, дәм-тұз, ас-су;

Қарт –қария, егде, кәрі, кексе, жасамыс, мосқал; қонақ – мейман.

Жоғарыда айтылғандай, оқушылар топқа бөлініп, берілген тақырып бойынша ізденіп, қажетті мәлімет жинайды. Нан, сүт, ет тағамдарының дәстүрлі түрлерімен қоса қазіргі кезде қолданыстан шыққан түрлері туралы мәлімдеді. Ол туралы ересек адамдар да біле қоймайды. Мысалы, сүт тағамының түрі – сүмесүт. Ол жорықта, ел көшкен кезде пайдаланылған тағам. Қазақ халқы сонымен қатар ыдысқа ерекше мән берген. Қазіргі уақытта да жарық ыдысқа ас құйып бермейді, өйткені жаман ырымға жатады. Оқушылар ыдыс туралы қызықты мағлұмат берді. Осы сабақта мақал-мәтелдерге, накыл сөздерге, фразеологиялық тіркестерге көп көңіл бөлемін.

Мақал-мәтелдер:

Таспен атқанды- аспен ат.

Қазаны оттан түспейді.

Бір күн дәм татқан үйге қырық күн сәлем.

Ас иесімен тәтті, тағамымен жақсы.

Абысын тату болса – ас көп,

Ағайын тату болса - ат көп.

Бүгінгі таңда ұстаз оқушыларды грамматикаға жақсы үйретіп, ҰБТ-да өз білімдерін 100% көрсетіп жүр. Бұл, әрине, үлкен жұмыстың нәтижесі. Оқушылар сұрақтарды түсініп оқып, дұрыс жауап береді. Бұл оқушының тілге деген құштарлығы, қызығушылығы және тілді үйрену қажеттілігі. Егер тілді түсінбесе, грамматиканы жақсы білмесе, жақсы баға алуы мүмкін бе? Әрине-жоқ. Сондықтан қазақ тілін үйренген кезде осындай қажеттілік туу керек.

Сонымен қатар мұғалімнің алдында үлкен бір мәселе оқушыны қазақ тілінде еркін сөйлету. Әрине бұның мәселесі тереңде- қоршаған ортада, қоршаған ортада қазақ тілінің қажеттілігінде. Қажеттілік тумай, қазақ тілін өз еркімен ешкім үйренбейді. Біз ұстаз ретінде оқушыларға қазақ тілін тек ҰБТ-да жақсы баға алу үшін ғана емес, жоғарыда айтылғандай ұлттық құндылықтарды құрметтей, қастерлей отырып, өмірде қолданып, келешек ұрпаққа үлгі болатындай жағдайға жеткізсек, тілдің дамуы да жоғарылай түседі.

Бүгінгі таңда Қазақстандық жаңатұрпатты мұғалім алдында екі үлкен міндет тұр. Біріншісі – уақыт ағымынан қалмай, алға ұмтылған, заманның талаптарына сай жауап беретін кәсіби шебер маман болу. Екіншісі – кейінгіге қайта оралып, ата-бабамыздың мұраларын қазіргі жастардың бойына сіңіру. Осы екі міндетті шешкенде ғана біз ұлтымыздың білім мен мәдениетін әлемдік деңгейге жеткізетін жас ұрпақ тәрбиелей аламыз.

А.ИЗБАСОВА,
А.С.Макаренко атындағы
№6 жалпы орта білім
беретін мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ЖАС ҰРПАҚТЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

Жаңа кезеңде білім берудің өзекті мәселесі – жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру болып отыр. Бұрынғы кезде білім беру саласында білімнің сапасына үлкен мән берілсе, бүгінгі күні білім сапасымен бірге оқушының рухани, ішкі дүниесіне де көңіл бөлінуде. Баланың бойына жалпы адамзаттық қасиеттерді сіңіру – өміріміздің мәні, сәні, мәртебесі. Өйткені, баланың әдепті өсуі, ұядан көрген тәрбиесімен қоса, мектептен алған тәрбиесіне де байланысты.

Қыз тәрбиесі де, ұл тәрбиесі де ерекше мән беруді қажет етеді. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деп бекер айтылмаса керек. Халқымыз ерте кезден-ақ адамгершілікті, әдепті жоғары бағалай білген. Әдептілік, инабаттылық, сыйласу жағынан халқымыз алдына жан салмаған. Бір өкініштісі: уақыт өткен сайын осынау асыл қасиеттерімізден айырылып бара жатқандаймыз. Ұлттық ізгі дәстүрімізді ескіліктің қалдығы деп мұрын шүйіре қарамай, осы заманға

лайықтысын таңдап алып, инабатты қыз, ұлағатты ұл тәрбиелеу – біздің міндетіміз.

Адам - ең әуелі адамгершілігімен, парасатының биіктігімен көрікті.

Мәдениеті жоғары адам айналасындағылармен қарапайым қарым-қатынаста болады.

Абай адамгершілік, әдептік нормалары жайында көптеген пікірлер қалдырды.

Оның бірінші қоятын талабы – мораль жағынан ұстамды, таза болу, сыпайы мінезді, жақсы қылықты, әділетшіл, шыншыл болу.

«Адамгершілікке тәрбиелеу құралы – еңбек пен ата-ана үлгісі» - деп, Ы.Алтынсарин атамыз айтқандай, құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру баланың туылған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған.

Адамгершілік тәрбиенің, адам бойында осы жақсы қасиеттердің болуы, отбасына, өскен ортасына байланысты. Бала ісінің дұрыс екенін қоштап, оң бағыт беріп, теріс жерін дереу жөндеп, демеп жіберу – ата-ана мен тәрбиешіге жүктелер міндет. “Адам бойында жақсы қасиеттер көп болса, оған бақ та, бақыт та қонады” деген сөзге сүйенсек, жағымсыз қылық-қасиеттер болса одан арылту қажет. Көптеген қайырымды істер жасап, жақсы мінез-құлықтарды өн бойына жинап, ақылдылық танытсаң, міне адамшылдық болғаны.

Адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі – әдептілік. Адам өзін әр түрлі жағдайда эстетикалық және этикалық талаптарға сай ұстай білуі қажет. Шын жүректен шыққан

әдептілік сезім өзге біреудің жанын жараламауды, адамға қуаныш әкеле алатынын түсінуі және басқа біреудің жанын жараламауды және басқа біреудің уайым қайғысына ортақтаса білуді талап етеді. Әдепті адам әр уақытта қоғамға, басқа адамға қиянат жасаудан бойын аулақ ұстайды. «Әдеби жақсы – әдемі» деген қанатты сөз осының айқын дәлелі.

Адамгершіліктің тағы да негізгі белгілерінің бірі - өзі үшін ғана емес, ел, қоғам үшін өмір сүру, адамдық арнамысты ардақтау, әр уақытта жақсылық жасауға дайын болу. «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың», - дейді Абай. «Досыңа достық – қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол». Ақылды, мейірімді адам әр уақытта өзгенің жақсылығын бағалай біледі. Арлы адам – ардақты адам. Қазақтар ар үшін өз өмірлерін қиды. Олай болса, халқымыздың тәрбие құндылықтарының ішінде «ар», «намыс» өте жоғары бағаланады.

Адамгершілік қасиеттің жоғарғы түрі – ар-ұят сақтау. Халық мақалдарында жастарды сабырлы, адал, арлы азамат болуға үндеп отырады. Халқымыз «Жаным – арымның садағасы», «Өлімнен ұят күшті» деп, ар-ожданدى қастерлеген, оны адамгершіліктің туы қып көтерген, арды жаннан да қымбат қасиет деп есептейді.

Қазақ дәстүрі бойынша үлкенді сыйлау, құрметтеу, оның кісілігінен тәлім алу- әрбір баланың парызы. Үлкен кісінің алдынан қия өтпеу, оған сәлем беру, төрден орын беріп құрметтеу, көңіліне қарау – атадан балаға ауысқан тамаша дәстүр. Кісі өзін сыйлата білу үшін өзінің кісілік дәрежесін биікке көтеріп, адамгершілік көрсете білуге тиіс.

Қазақ халқы жастарды кішіпейілділікке, ізеттілікке, имандылыққа тәрбиелеуді бірінші міндет етіп қойды. Ер балаларды қос қолдап сәлем беруге, қыз балаларды

ибалық жасап, үлкендерге жол беруге, олардың алдын кесіп өтпеуге тәрбиеледі. «Сіз – сыпайылық, сен-анайылық», «Адамдықтың белгісі – иіліп сәлем бергені», «Кішіпейілділіктен кішіреймейсің», «Жұпыны жұтамайды, сыпайы сүйкімді» деген қағидалар балаға айтыла береді.

Қоғамның тәрбиесі аналарға байланысты екендігін ескеруіміз керек. Сондықтан қыз балаға үлкен жауапкершілік жүгі артылады.

Оны «Қыз қылығымен сүйкімді», «Қызым- үйде, қылығы – түзде» деген мақал- мәтелдерден көруге болады.

Адамгершілік қасиеттің белгілері - қайырымдылық пен достық. Халық ұғымында жақсылық пен жамандық, достық пен қастық карама – қайшы қасиеттер болса да, егіздің сынарындай қатар айтылады. «Ел қамын жеген ер» деп халыққа жақсылық жасаған адамды дәріптесе, «Жақсының жаттығы жоқ», «Жақсы - ай мен күндей, әлемге бірдей», «Жақсы келді дегенше, жарық келді десеңші» деген накылдар жақсы адамның көпшіл, халық қамын ойлайтын абзал азамат екенін дәлелдейді.

Адам өз өмірінің алтын бесігі мектеп қабырғасында адамдық асыл қасиеттерді қастерлеп, өмір заңдылықтарын үйренеді. Адамгершілік-қоғамдық өмірдің заңдылығына сәйкес адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болатын, белгілі бір ізгілік ұстанымдарын білдіретін моральдық ұғым. Адамгершілік адамның адамды құрметтеуінен, оған сенуінен, шыншыл болу әрекеттерінен байқалады.

Мектептегі адамгершілік тәрбиесі біздің өміріміздің тек осы кездегі талаптарын ғана емес, болашаққа да бағытталуы тиіс. Оқушы қаншалықты білімді болғанымен, оның адамгершілік қасиеті жетіспей жатса, оның жолдастары

арасында болмағаны былай тұрсын, жақсы азамат та бола алмайды.

Қазіргі кезде өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеуде алдымызға қойған мақсатымыздың бірі – қоғамға пайдалы, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола білетін жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады.

Қорыта келгенде, уақыт талабынан туындап, білім беру жүйесінде болып жатқан өзгерістер баланы тәрбиелеу осы заман талабына сай үйлесімді деңгейді қайта құруды міндеттейді. Тәрбие мен оқу – егіз деген сөз бар. «Тәрбие бар жерде ғана сапалы білім, саналы ұрпақ болады» деген дана халқымыздың нақыл сөзіне сүйенеміз.



Н.ДУЙСЕНБЕКОВА,
№252 Г.Н.Ковтунов атындағы
орта мектеп.
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫҢ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ ДАҒДЫСЫН ДАМЫТА ОТЫРЫП, СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Бүгінгі ұстаз міндеті – оқушыларға XXI ғасырда табысты еңбек етуіне жол салатын білім мен дағдыны игеруге

көмектесу. Осы мақсатта оқытуда жаңа педагогикалық технологияларды енгізу қазіргі кезде әр мұғалімнің басты міндеті болса керек. Өйткені болашақта бізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай білетін, әр түрлі жағдайларға қарай бейімделіп, шұғыл шешімдер қабылдай алатын, шығармашыл, белсенді тұлғалар ауадай қажет. Оқытуда тек жалаң білім берумен ғана шектелмей, баланың жеке қасиеттерін, қабілеттерін дамыта отырып оқытуға ұмтылу қажет. Мұғалім өз жұмысында алдындағы оқушылардың санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, зерттеп, өзі де жұмысын өзгерте отырып, оны үйлестіре білуі қажет деп есептеймін.

Менің өз тәжірибемде сын тұрғысынан ойлау модулін әр сабағымда қолдануымның себебі, аталған мақсат-міндеттерден туындап жатыр деп ойлаймын. Әсіресе, оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда бұл модульдің берері көп. Жалпы қазіргі заманғы әдіс-тәсілдер бойынша баланың өзі ізденіп, өз бетінше білім алуы үшін әрекет жасаушы болса, мен тек бағыттаушы, дұрыс жол нұсқаушымын, ұйымдастырушымын. Оқушы мен ұйымдастырған сабақтарда еркін сөйлеп, пікірталастарды және сыныптастарының пікірін тыңдап, мәселені шешу жолын бірігіп қарастырады. Оқушы әрекеті- жай іс-әрекет емес, тұжырым жасай білу, зерттеушілікке талпыныс. Топпен жұмыс барысында өз ойымен өзгелердің ойына сынап қарап, естіген, білгендерін талдап, сұрыптап, салыстырып, реттеп, жүйелей білу. Білмегенін зерттеп, дәлелдеп, өз бетімен және бірлесе шығармашылық жұмыс істеу. Кез келген мазмұнға сын тұрғысынан қарап, саналы шешім қабылдай білуге дағдылану. Мұндай жолмен ұйымдастырылған сабақтарда

өз даму деңгейіне сәйкес оқушының ойы шындалып, қазіргі кездегі мол ақпарат заманында өзіне қажеттісін таңдай білуге дағдыланады және белгілі жетістіктерге жетері сөзсіз. Оған менің нақты жұмыстарда көзім жетуде. Сонымен, сын тұрғысынан ойлау технологиясымен жұмыс істеу баланың танымдылық белсенділігін арттырумен қатар оның шығармашылығын да дамытып, өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Нақты тәжірибемнен мысал келтіретін болсам, аталған стратегияларды қолданып өткізген сабақтарымда оқушылар өз пікірлерін ашық айтып, ойларын ұштап, өздеріне деген сенімділік тудырды. Ойларын жалаң ғана білдірмей, дәлелді сөйлеуге дағдыланды. Ой қорытып, нәтижеге жетіп, қалай оқу керектігін үйренді. Мұндағы тиімді әдістер диалог, әңгімелесу, сұрақ-жауап деп ойлаймын. Сабақ барысында оқушы – басты тұлға, басты кейіпкер. Ол білім алу үшін терең ойланып, ізденеді, зерттеу дағдыларын игереді. Сабақтарым негізінен диалогке құрылады. Сын тұрғысынан ойлау модулінде талқылау мен диалог өзінің танымдық әлеуетімен ерекшеленеді. Диалог барысында балаларға баламалы мүмкіндіктер беріліп, басқа адамның көзқарасын тыңдап, дамуын ынталандыратын әдістермен қарастыру ұсынылады. Оқушылар өздерінің құрдастарымен, сарапшылармен диалог жүргізу барысында тәжірибе жинақтап және ой-әрекетінің жоғары деңгейіне көтерілуге талпына отырып, баламалы мүмкіндіктер туралы сын тұрғысынан ойлап, зерттеу жүргізуге қабілетті бола түседі. Түсінуді басты назарға ала отырып, ынтымақтастықпен білім алу немесе мәселені шешу үдерісі оқушылардың тиімді дәлелдерді жүйелеу қабілеттерін жоғарылатады. Мен құрған сабақтарда

диалог жүргізудің ережелері туралы келісім бар, сыныпта диалогтік үлгі құрылған, оқушылар бір-бірімен жаңа және ең тиімді тәсілді іздестіреді және мағына құрудың бірлескен тәсілдерімен әрекет ете отырып, жұмыс істеуге тырысады. Мен оқушылардың қызығушылығы мен әр оқушының ерекшелігін түсініп, олардың қарым-қатынасы мен сезімдеріне зейін аударып отырамын. «Оқушы мен оқушы» немесе «оқушы мен мұғалім» арасындағы диалогті дұрыс жолға бағыттау арқылы көп нәтижелерге қол жеткіздім.

Оқушылардың жарыса диалогтік әңгімеге түсуі, жаңа сабақты қызығушылықпен игеруі, белсенділігі төмен оқушылардың ашылуы мен үшін ерекше қуаныш болды. Соңғы зерттеулерге сүйенсек, сыныптағы қарым-қатынаста өзара әрекеттестік үлгілері – зерттеушілік әңгіме, дәйек пен диалогтің мұғалім мен оқушы арасында мағына мен білімді игерудегі бірлескен іс-әрекетке тартылуымен қатар, жоғары деңгейдегі ойлау қабілеттерінің өрістеуіне және зияткерлік қырларының дамуына ықпалын тигізеді. Сондықтан балаларды диалог пен дәйектерді талқылауға тарту белсенді жүргізілген жағдайда, олардың оқуы тиімдірек және нәтижелі жетістіктері жоғары болады деп есептеуге болады.

Жалпы сын тұрғысынан ойлайтын оқушылар белсенді болады, олар сұрақ қойып, мағынаны анықтау үшін дәлелдер айтып, саналы түрде мақсатқа жету жолын таңдайды және олар өзгерістерге ашық болады. Бала сын тұрғысынан ойлана отырып, өз пікіріне ұтқыр түсініктеме табады, кез келген мәселеде жауаптар емес, сұрақтар табуға ұмтылады. Дәлелдермен сөйлеп дағдыланады. Барлық жасалған қорытындыларды бағалай біледі, дәлелдердің маңыздылығы мен деңгейін түсініп қолдай алады. Басқа да

болжам, мүмкіндіктердің болуын және оның орынды екенін, артықшылығын мойындайды. Барлық айтылған көзқарас пен дәлелдерді есепке алып, көңіл бөледі.

Сонымен қатар, мен әр сабағымнан кейін рефлексивті есеп бере отырып, әр оқушының ерекшелігін және өзіме қажетті жаңа ақпараттарды біліп отырамын. Соған орай келесі сабағымды ұйымдастырамын.

Ал баланың не үйренгені туралы сын тұрғысынан ойлауда рефлексивті білім беруге жатады. Оқушылар өзін-өзі бағалау арқылы да көп нәрсеге басқаша қарауға үйренеді. Өзін-өзі бағалау жұмысының бастапқы кезеңінде оқушылардың қиналғанын байқадым. Бірақ бұл тәсіл нәтижелі болды. Оқушылар өзінің кемшілігін білу арқылы келесі сабақтарға бағыт, жоспар құра алды. Яғни, олар өз-өздеріне есеп бере отырып реттелді.

Ал топтық жұмыс барысында құрылған топ ережелері топ ішінде оқушылардың өздік реттелуіне көп септігін тигізді. Топпен жұмыс барысында ынтымақтастық атмосферасының құрылғаны да байқалды. Мұндай жұмыстар барысында «Автор орындығы», РАФТ, ИНСЕРТ, дискуссиялық карта, Венн диаграммасы, Блум өлшемдері, Жигсо әдісі, т.б. әдістерін бұрын да қолданушы едім. Сонымен қатар, сын тұрғысынан ойлау әдісі бойынша өтілген сабақтарымда қалған модульдерді де еркін енгізуге болатынына көз жеткіздім.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – заман талабы. Оқушылардың қызығушылығын ояту, ынтасын арттыруда бұл құралдарды модуль бойынша кіріктіріп пайдаланамын. Өйткені қазіргі оқушылар кітапханаға барғаннан гөрі интернетпен жұмыс жасауға

көбірек қызығушылық танытады. Сондықтан заман талабына сай жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, өмір жағдайларының барлық аспектілерінде жаңа технологиялардың бар мүмкіндіктерін пайдалана алу дағдыларын қалыптастыру, оны өмірлік қажеттіліктеріне қарай пайдаланатын ұрпақ тәрбиелеу – менің міндетім.

Қорыта айтқанда, тәжірибе барысында аталған модульдің оқушылардың сөйлеу тілін дамытуда алатын орны ерекше болғандықтан, басты бағыт болу керек деп ойлаймын. Сонымен қатар, оқушылар арасында бір-бірінің пікірімен санасу, сыйластық қарым-қатынастың негізі қаланады; өзін жеке –дара тұлға ретінде тануына жол ашылады; ең бастысы, өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға дағдыланады; оқушының жоғары деңгейде коммуникативтік қарым-қатынас жасай білу дағдылары дамиды; өзін-өзі, бірін –бірі бағалауға; мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға; достарының ойын тыңдап, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге; белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланады.

Балалардың күннен-күнге қолжетімділігі артып келе жатқан анағұрлым кең коммуникациялық үдерістерге тиімді және ойдағыдай қатысуына мүмкіндік беретін сын тұрғысынан ойлау мен зерттеу дағдыларын дамыту – заман талабы екені айқын.

Әдебиеттер:

- 1 Мұғалімдерге арналған нұсқаулық.
- 2 «Педагогикалық диалог» ақпараттық-әдістемелік журнал.

З.ШІЛДЕБАЕВА,
№21 жалпы орта білім
беру мектебі.
Павлодар қаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Сауаттылық функционалды жеке тұлғаның оқу – білімге байланысты шартты компоненттері болып табылады. Әлемге жаңаша қоғамда болып жатқан өзгерістерге бейімделгіш жасөспірім жеткіншектер керек. Қазіргі уақытта функционалды сауаттылық педагогикалық теория тәжірибеде құзыреттілік аясында қарастырылып отыр. Заман талабына сәйкес өмір бойы білім алу концепциясы өмірден білім алу концепциясына көшіп отыр. Функционалды сауаттылықтың құрылымы 4 түрге бөлінеді: мотивациялық, когнитивті, әрекеттік, рефлексік компоненттер.

Мотивациялық. Нақты білім беру талаптарын ашады, мақсатын, ойдың бағалығын, әрекеттің нәтижелігін анықтайды.

Когнитивті құрылым. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріндегі жалпы техникалық өзара игеру бағытын ашады.

Әрекеттік құрылым. Оқу-танымдық құзыреттілігін дамыту үшін түрлі тапсырмаларды шешуде қолданылатын әдістерді таңдау, алған жұмыстарды шешу барысында оқушылардың білім-білік дағдылары төмендегі кесте бойынша бағаланады.

Оқушылар функционалды сауаттылық үдерісін одан әрі жалғастыру үшін одан басқа да жағдаяттарды шешеді. Осы жағдаяттарды шешу үшін құзыреттілік негізінде және өз-өздеріне мақсаттар қою барысында өз әрекеттерін жоспарлап, біліктіліктерін қолдануларын анықтайды. Функционалды сауаттылықтың оқушылар арасында даму аясы оқу және оқыту деңгейлік тапсырмаларын дұрыс орындау арқылы жүзеге асырылады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын құзыреттілік негізінде өмір әрекеттер жағдайында, түрлі тақырыптардағы тапсырмаларды нақты мұқият орындау барысында жүзеге асады.

Коммуникативтік компетенция оқушылардың тіл құбылыстары арқылы оқушының өзіндік ойлауын, жан дүниесін, дүниені қабылдауын, оның тілін қалыптастырады.

Тілдік компетенция – оқушылардың тілдік материалдарды терең білуі. Фонетика, морфология, лексика, пунктуациялық, стилистикалық сауатты болуы. Оқушылар сабақ үдерісінде топтасып және жұптасып жұмыс істей отыра, бір-бірімен тығыз қатынаста болады.

Бұл жұмыстың түрі оқушылардың қызығушылығын арттырады және қазақ тілін білу сауаттылығы туралы

білімі артады. Сабақта оқушылардың белсенділігін арттыру үшін деңгейлік тапсырмалар қолданылады. Қорыта айтқанда, осындай әр түрлі функционалды сауаттылық сапаны өз бойына сіңіру барысында оқушы алған білім-білік дағдыларын іріктеп алуды үйренеді. Оқушы өзінің қызығушылық деңгейін зерттейді. Осындай жұмыстың нәтижесінде оқушы өз білімін ортаға салып, көпшілік алдында сөз сөйлеуді үйренеді. Сонымен оқушылар алған білім-білік дағдыларын қиналмай күнделікті өмірде қолдана алады. Белгілі бір білім саласындағы өз сауаттылығын анықтауға мүмкіндік алады. Осы құзыреттіліктерді қолдану оқушының білім сапасын көтеруге септігін тигізеді. Коммуникативті оқытудың нәтижесі оқушының жан-жақты қабілеттілігін немесе оның нақты тілдік қатым-қатынас жасаудың барлық түріне қатысуға дайындығы.

Құзыреттілік – оқушыларға өзін-өзі басқаруға, қоршаған ортаны, экологияны ұғу, күнделікті өмірдегі жағдайларды шеше білуге, бірлесіп әрекет жасауға, өзара әңгімелесуге, өз ойын жеткізе алуға көмектеседі.

Бүгінгі күннің басты мақсаты Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын жеке тұлғаны дайындау. Бұл мектеп алдында тұрған үлкен жауапкершілік. Сол жауапкершілікті арттыру үшін оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту керек.

М.ТҮГЕЛБАЕВА,
оқытушы,
Семей геологиялық
барлау колледжі.

ЕТІСТІКТІ ҚАЛАЙ ҚОЛДАНАМЫН?

Қазіргі күннің талабы – студенттерге үш тілді меңгерту болғандықтан (қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі), колледж оқытушылары осы бағытта жұмыс істеуде. Тек сабақ үстінде ғана емес, жүргізілетін барлық тәрбие іс-шараларда да осы үш тілді студенттер кеңінен қолданып жүр.

Мемлекеттік тілді жетік меңгеру орыс тобында оқып жүрген студенттерге үлкен парыз болып саналады. Сондықтан мемлекеттік тілді оқыту үш тілдік бағдарламасы бойынша аса маңызды. Ұлттық мамандарды дайындаудың жаңа бетбұрысы – ол студенттерді мемлекеттік тілде сауатты жазуға және сөйлеуге қалыптастыру. Тілді дамыту – тек қазақша сөз байыту емес, сонымен қоса сол сөз қорын белсенді түрде (активті түрде) пайдаланып, бір-бірімен қарым-қатынаста болу.

Жеке әдістемелік тақырыбымының аты: «Етістік». Өткен оқу жылында жеке әдістемелік тақырыбым бойынша НБ-11, И-11 топтарында қазақ тілі пәні сабағында етістікті кең қолданып, талдау жұмыстарын жүргіздік. Мысалы, «Менің мамандығым» деген лексикалық тақырыпты өткен кезде мәтіндегі мынандай сөздерге, сөз тіркестерге көңіл аудардық: геологтар қазбаларды барлайды, бірнеше салаға бөлінеді, айналысады, болжайды, білім алады, жақсы маман

болады, т.б. Осы етістіктерді талдаған кезде, олардың дара екені, 3 жақта екені, болымсыз және келер шақта тұрғандары көрсетіледі.

И-21 тобында «Біздің колледж» деген тақырыпта мәтіндегі күрделі етістіктерді тауып (*болу керек, жақсы оқып, алуымыз керек, т.б.*), студенттер келесі талдау жұмыстарын жүргізді: 1) жасалу жолдарын анықтау: орналасқан сөзі орналасу деген етістіктен «қан» жұрнағы арқылы жасалды, сөздің түбірі қатаң дыбысқа аяқталғандықтан, Үндестік заңы бойынша -қан жұрнағы жалғанып тұр; қалаған -қалау деген сөзден жасалды, түбірі дауысты дыбысқа аяқталғандықтан, -ған жұрнағы жалғанып тұр; 2) сөздерді жіктеу: мен орналасқанмын, сен орналасқансың, сіз орналасқансыз, ол орналасқан; біз орналасқанбыз, сендер орналасқансындар, сіздер орналасқансыздар, олар орналасқан.

Бірінші курс студенттеріне етістіктерді жіктеуді әр сабақта тапсырма ретінде беріп отырамын, өйткені осындай жаттығулар ауызекі сөйлеу қабілеттерін дамытады. Етістіктерді қолдана отырып, диалог, құттықтау сөздерді құрастыруға, т.б. тапсырмаларды берген жөн. Мысалы, «Ризашылық білдіру», «Құттықтау сөздері» тақырыптарында студенттер мәтін құрастырып, сол сөздермен (белгіленген сөздер) сұхбат құру жұмысын жалғастырады. Мысалы,

Сұхбат:

- Әсет, бүгін менің туган күнім. Еркін екеуің біздің үйге келіндер, анам үлкен торт сатып әкелді.

- Жарайды, келеміз. Сені туған күніңмен шын жүректен құттықтаймын! Зор денсаулық, ұзақ өмір және бақыт тілеймін!

- Рахмет!

Осындай құттықтау сөздермен студенттер тілдерін жаттықтырады да етістіктерді тауып, талдау жұмыстарын жасайды. Мұнда құттықтаймын, тілеймін деген сөздер қолданды. Аталған сөздердің 1-жақта, жекеше түрде, осы шақта тұрғанын анықтайды.

«Ана тілің – арың бұл» деген тақырыпта Қадыр Мырза Әлінің өлеңін талдай отыра, етістікпен жұмысты жалғастырамыз. Тіл, біл, құрметте, біліп қой сөздерімен талдау жұмыстарын жүргіземіз, сол сөздермен сөйлем құрастырып, сұхбат құрамыз.

Факультатив сабақтарында келесі жұмыс түрлерін қолданамын.

I. «Мақал-мәтелдер естеріңдер ме?» ойыны.

Етістіктер беріледі, ал студенттер сол етістіктер кездесетін мақал-мәтелдерді естеріне түсіреді. Мысалы:

- 1) Оқы, біл. 2) Ексең, ішерсің.
- 3) Болма, бол. 4) Қызған, соқ, т.б.

II. Берілген мәтіндегі түсіп қалған етістіктерді тауып жаз деген тапсырманы да қолданамын. Мәтін балаларға таныс болу керек немесе мағынасы түсінікті құрастырылуы қажет. Мысалы:

1. Біз Қазақстан Республикасында ... 2. Бұл жерде қазақ халқы ертеден ... 3. 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі туралы Заң ... 4. Қазір біздің мемлекет бүкіл әлемге танымал ... 5. Мен де өз үлесімді жақсы оқумен, үлгілі тәртіппен ...

Осындай және басқа жұмыс түрлерін қолдана отырып, қазақ тілі сабағында орыс топтағы студенттердің сөйлеу, жазу, ойлау қабілеттерін дамытуға күш саламыз.

Б.КӨЛБАЕВА,
№24 жалпы орта мектебі.
Қарағанды облысы,
Теміртау қаласы.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС, ҮЙРЕТУДЕН БАЛАҒА!

«Ұрпақтарды ұстаздар тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, залымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді».

Бауыржан Момышұлы.

«Ұстаз» – ұлағатты есім. «Ұстаз» – қасиетті тұлға. «Ұстаз» – құрметті сөз.

Өмірімізде ең алғаш мектеп табылдырығын аттаған кезімізден бастап, білімнің терең нәрімен сусындатып, ақылын беріп, тәрбиелейтін, біздің бүгінгі өміріміздің жарқын болашағына жол беретін, аяулы ұстаздарымыз деуге болады. Бала жанының бағбаны, мектептің жүрегі, ол жайлы қанша ыстық сөздер айтылса да, ол баланың екінші анасы десек артық емес. Бұл өмірде ұстаз көрмеген, я мұғалімнің алдында оқушы болмаған тұлға жоқ шығар деп ойлаймын.

Ол – адамдардың өмірге көзқарасын, бір-біріне деген сый, құрмет сезімін қалыптастыратын, білім мен тәрбиенің нәрін, адамгершіліктің нұрын беретін адам. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам ұлы

тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейтеді деп ойлаймын.

Оқушының бойындағы шынайы білім, біліктілік дағдылары, мейірімділігі, қабілеттілігі, мінез-құлқы, шарапаттылығы жақсы ұстаздан қалған әдет болса керек.

«Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға», – деген Абай атамыздың сөзін өзінің өмір қағидасы ретінде ұстаған ұстаз әрдайым еліне құрметті, сыйлы болары анық. Ол өзінің бойындағы бар асылын алтын мейірімін, білімін, тәрбиесін, тәжірибесін алдындағы шәкірттеріне беріп, олардың рухани жандүниесін байытады. Шәкірттерін өмірден адаспай, дұрыс жолмен жүруге тәрбиелейтініне сенімдімін. Әр ұстаздың шәкірті, ұстаздан дәріс қана емес, өмірлік ұлағат, тәрбие, өнеге алады деуге де болады. Бірақ, кейде, небір ойлар мазалайды. Осы нағыз ұстаз қандай болуы керек? Әрине, ол өзінің мамандығының білгірі, қайратты, күш-жігері мықты адам болуы тиіс. Мектептегі ұстаз – баланың екінші ата-анасы, болашаққа айқын жол сілтер ақылшысы, жанашыры. Оның бойындағы бар қасиеті, білімі мен жігері, ақыл-ойы, небір шәкірттерді ер жеткізіп, есейтеді. Әрбір шәкірт өзіне үлгі-өнеге болған сүйікті мұғалімін ұстазым деп атайды.

Ұстаз өзін-өзі қай уақытта ұстазбын дейді? Ол шәкіртінің қияға қанат қағып, елінің беделді, сыйлы азаматы болған сәтінен таниды. Бүгінгі бәсекелес заманда шәкірттерінің биіктен көрінуіне күнделікті істегі жаңашылдық, жан-жақты берген тәрбиесі арқылы қол жеткізуге болады. Оны мүлтіксіз

атқаратын – тек өз еңбегіне шың жүрегімен берілген мамандық иелері болуы тиіс деп ойлаймын.

Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді... Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасам, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз” деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – Мұғалім. Ендеше өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, оларды бақытқа жеткізем деп жүретін ұстаздардың жөні де, жолы да бөлек.

Тәуелсіздігімізді алып, төбемізге ту тігіп, тіліміздің мәртебесі артып, әлемге атымызды танытып жатқан кезеңде ұлттың, елдің болашағы – жас ұрпақ тәрбиесіне де мықты көңіл бөлінуі қажет. Осы тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы – мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – МҰҒАЛІМ. Адамның адам болып қалыптасуына ата-аналармен қатар, мұғалімнің де рөлі зор. Мінекей, менің де ұстаздық еткеніме 20 жыл болыпты. Басқа ұлт мектебінде еңбектеніп, шәкірттерімнің жетістіктеріне, жеңістеріне, өмірден өз орындарын тауып жүргеніне қуаныштымын.

Қазіргі кезде сол ұстаздардың еңбегін көбінесе ата-аналар тәрк етуде. Балаларының біліміне, тәрбиесіне ат салысудың орнына, керісінше менің

балам «аппағым, жұмсағым» деп шығатын ата-аналар аз емес. Бірақ, барлығы сондай деп айтуға болмайды. Негізі балаларының сөздерін қолпаштап, мұғалімді жамандап, шағымданып, мұғалімнің еңбегін жоққа шығарып жататындар жетерлік. Бұл жерде ата-аналарды да түсінгім келеді. Бірақ, әр ұстаз өзінің шәкірті алдыңғы қатарда болса екен дейді ғой. Қазіргі кезде, ата-аналардың барлығы дерлік балаларына небір қымбат ұялы телефондарды алып, солардың ішем дегенін ішкізіп, жеймін дегенін жегізіп, аламын дегенін алғызып, бетімен жіберген. Олардың сабаққа деген ешқандай ынталарының, қызығушылықтарының жоқ екенін көруге болады. Әйтеуір, сабаққа келдім, болды деумен шектелетін сияқты. Осындай жәйттерді кейбір оқушылардан көрген кезде ішім ашып, қынжылады. Өмірден қанша мысал келтіріп, сабаққа деген ынталарын қанша айтқың келсе де, олар өз еріктері өздерінде екенін дәлелдеуде. Бұның бәріне, әрине ата-аналары кінәлі десек те болады. Ата-аналар балаларының тәрбиесіне әлі де болса көңіл бөлсе екен деймін. Кейбір кезде, өзімнің балалық шағым есіме түсіп кетеді. Ойлап қарасам, біздің ата-аналарымыз мықты адамдар болғандай. Өзім он балалы ортадан шықтым. Әкем жеті жасымда қайтыс болды. Анам он баланы жеткізіп, білімдеріне көңіл бөліп, барлығын оқытқан кісі. Анамның тәрбиесі он балаға қалай жеткен? Қандай шыдамдылық, қандай парасаттылық, қандай күш-жігер, қандай қайраттылық керек десеңізші – деп ойлаймын. Анамның сол кездегі

айтқан ақылдарын еске түсірсем, білім алу, тәрбиелі болу, оқып-тоқу, барлығы біздің болашығымыз үшін екен ғой. Ал, қазіргі кездегі ата-аналардың тәрбиесінде бір-екі баладан ғана бар, соның өзіне тәрбие беруге немқұрайлылық жасайтындары әбден өкінішті. Кейбір ата-аналар мектепке бердік, болды, қалғанын ұстаздардың өздері тәрбиелесін деп те шығады. Бұл жерде айтпағым, ұстаздардың беретін тәрбиесі бір бөлек, ата-аналардың тәрбиесі бір бөлек. Қазақта «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген сөз бар. Сол сияқты үйдің тәрбиесі мектеп тәрбиесіне қарағанда жоғары болуы тиіс. Мектептен алған тәрбие, ол өмірдің бастаушысы, жолшысы, ақылшысы, жебеушісі. Ал үйдің тәрбиесі өмірлік серігің десек те болады. Әрине, ұстаздар да қарап отырмайды. Олар ата-аналармен жұмыс жасап, тығыз байланыста болады. Әр баланы жетік танып, білуі үшін, отбасымен тығыз қарым-қатынас жасаудың маңызы зор. Бірақ кейбір ата-аналар жұмыс бастылығын сылтауратып, балаларды өз еріктеріне қоя берген. Баланың тәрбиесіне көбірек көңіл бөлейік, сол кезде ғана мұратқа жетеріміз анық дегім келеді.

Әріптестеріме айтарым, еңбектерің жаңа берсін! Өмірде қиындыққа мойымай, барлығына төзе біліндер, әрқашан еңбектерің абырой мен береке әкеле берсін демекпін.

Әдістеме әлемінде: қазақ тілі

Г.МУҚАНОВА,
№7 жалпы орта білім
беретін мектеп.
Орал қаласы.

МАҒАН ҰНАЙТЫН ПӘН

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың білім деңгейін көтеру, ұжымдық түрде білім алуға баулу, ойды жүйелеп айту дағдысын қалыптастыру; **дамытушылық** – сөйлем құрауға дағдыландыру, сұрақ-жауап арқылы ауызекі сөйлеу тілдерін дамыту, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын, белсенділігін, ойлау, сөйлеу, танымдық, ізденімпаздық қасиеттерін арттыру; **тәрбиелік** – мемлекеттік тілді меңгеру арқылы мамандықтарына деген қызығушылықтарын арттыру;

Түрі: аралас. **Әдіс-тәсілдері:** әңгімелесу, сұрақ-жауап, монолог, диалог, СТО технологиясы, жеке, топтық, интерактивті тақтамен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, химия, математика. **Көрнекілігі:** слайдтар, үлестірмелі кәртшікілер, тест сұрақтары, бейнеролик.

Сабақтың барысы:

I . Ұйымдастыру кезені: амандасу, оқушыларды түгелдеу, сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

II. Үй жұмысын тексеру.

Химия қызықтары (қосымша мәліметтер дайындау).

III. Жаңа сабақ.

1. Сабақтың эпиграфы: «XXI ғасыр – білікті, білімді, бәсекеге қабілетті жастардікі.»

(Н.Ә. Назарбаев)

- Балалар, бүгінгі сабақты біздің Елбасымыздың сөздерімен бастағым келеді - «XXI ғасыр – білікті, білімді, бәсекеге қабілетті жастардікі.» Қалай ойлайсыңдар, Елбасымыз осы сөздермен не айтқысы келеді?

(Оқушылар жауап береді).

- Иә, дұрыс. Қазіргі заман ақпараттық технология дамыған заман. Тек ақылды, білімді жастар ғана өз мақсаттарына жете алады.

Сендердің назарларыңызға бір бейнеролик ұсынғым келеді. (бейнеролик арқылы оқушыларды сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру).

2. Рөлдік ойын (4 оқушы арасындағы әңгіме)

1-оқушы: – Біздің мектептің мұғалімдері қызық. Алгебра пән мұғалімі бар ғой: «Математикасыз, логикасыз сіздер болашақта нан таба алмайсыздар. Математика сіздің ойлау қабілетіңізді арттырады. Математиканы таңдаңыздар»- дейді.

2-оқушы: – Ал, биология пән мұғалімі: «Биология – ол денсаулық, ол – организм. Ол – тіршілік. Сенің денің сау болмаса, атақ, абыройың бір тиын» - дейді.

3-оқушы: – Физика пәнінің мұғалімі: «Физика – бұл құбылыс. Ол өмірде болып жатқан қозғалыс. Барлық сұрақтың жауабын физикадан табасың»- дейді.

4-оқушы: – Тарих пәнінің мұғалімі: «Тарихсыз болашақ жоқ! Ата-бабаңды, салт-дәстүріңді білу керексің!» - дейді.

- Барлық пәннің маңызы зор! Ал сендер қай пәнді сүйіп оқисыңдар?

1-слайд.

- Ал, балалар, біздер бүгін сабақта да осы сұраққа жауап беруге тырысамыз, пікір алысамыз, шығармашылықпен жұмыстанамыз. Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Маған ұнайтын пән. Синтаксис тарауын қайталау» бүгін сендер екі топқа бөлініп отырсыңдар. I топта – гуманитарлық бағыттағы пәндерді таңдаған оқушылар, ал II топта – жаратылыстану-математикалық бағыттағы ғылымдарды (пәндерді) таңдағандар.

- Ал, енді, ұнайтын пәнге келетін болсақ, сендер қай пәнге ерекше көңіл бөлесіңдер? Неге?

(оқушылардың жауаптарын тыңдау)

I. 2 оқушының сұхбаты.

– Мен қазақ тілі пәнін жақсы көремін. Өйткені мен қазақ әндерін айтқанды ұнатамын.

- Ал, сен қазір бір әннің үзіндісін орындап бересің бе?

- Жарайды. (ән орындайды) Маған ағылшын тілі де ұнайды. Көп тіл білген жақсы ғой! Заман талабы – осы.

- Сенің ұлтың еврей, ал өз ана тілінді білетін – шығарсың?

- Әрине, білемін. (еврит тілінде ән салады)

- Максим, қандай керемет жігітсің! Қанша тіл білесің. Өте жақсы ғой! Кім болғың келеді?

- Өнші болғым келеді.

- Ал, сендер ұнайтын пәндер көп екен, осы пәндер көп екен, осы пәндер бойынша қандай жетістіктерге жеттіңдер? Айта аласыңдар ма? Нәтижелерің бар ма?

II. 2 оқушының жауабы.

1-оқушы: - «7-сыныпта физика пәні мені өте қызықтырды. Әрі қарай білуге тырыстым. Көп кітап оқыдым. «Авиамоделирование» үйірмесіне жазылып, көптеген ұшақ түрлерін өз қолыммен жасадым. Содан кейін мен планер спортына жазылдым. 100 рет ұшақпен аспанға көтерілдім. Мен болашақта ұшқыш болғым келеді. Физика пәні көп әсерін тигізді. Сондықтан мен физика пәнін таңдадым».

2-оқушы: - «Маған қазақ тілі өте ұнайды. Қазақ тілі – бай тіл. Ұлы Абайдың тілі. Мен өлеңдерді жатқа айтқанды, достарыммен қазақша сөйлегенді жақсы көремін. Мен 5-сыныптан бастап сахна қойылымдарына қатысып, көп жетістіктерге жеттім. Сонымен қатар қазақ тілі олимпиадаларына, сайыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болдым. Болашақта мен аудармашы болғым келеді. Менің ойымша, Қазақстанда тұратын барша халық қазақ тілін білуі қажет».

- Балалар, рахмет, жақсы нәтижелерге жеткен екенсіңдер, болашақта тек биіктен көрініңдер! Ал енді, балалар, үйге сендерге шығармашылық жұмыс тапсырылды. Әр топ арнайы тақырып бойынша сұхбат дайындап келу керек еді, дайынсыңдар ма?

I топ мектеп оқушыларынан «Саған қандай пән ұнайды?», ал II топ мектеп ұстаздарынан «Сіз өз пәніңіз туралы не айтасыз?» деген сұхбат алу керек едіңдер.

(Оқушылар өз шығармашылық жұмыстарымен таныстырады)

- Әрине, балалар, ұстаздардың еңбегі зор. Пәнге деген қызығушылықтарыңды арттыру үшін ұстаз бар күшін аямай, бар білімін сендерге беруге дайын. Сендер Қазақстанның адал, білімді азаматтары болады деп сенеді.

- Ал, енді, балалар, «Грамматика» тақырыбына көңіл бөлейік:

1. Синтаксис нені зерттейді?

2. Сөз тіркесінің неше түрі бар?

3. Сөздер неше түрлі тәсілмен байланысады?

4. Сөздердің қандай байланысу түрлерін білесіңдер?

5. Сөйлем дегеніміз не?

6. Айтылу мақсатына қарай қандай түрлері бар?

7. Сөйлемнің құрылысына қарай түрлері қандай?

Синтаксистік талдау жасау. (тақтада орындалады)
Екі топқа үлестірмелі кәртiшкiлер таратылады.

а) Наданмен дос болғанша, кітаппен дос бол. (хабарлы, қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем; I жай, жалаң, толымсыз, жақты сөйлем; II жай, жалаң, толымсыз, жақты сөйлем)

ә) Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. (хабарлы, жалғаулықсыз ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем)

- Осы екі мақал-мәтелді қалай түсінесіңдер, өз ой-пікірлеріңізді айтып көріңіз.

Семантикалық картамен жұмыс жүргізу.

- Балалар, алдарыңдағы семантикалық картадағы тапсырманы орындап, бір-бірлеріңнің жауаптарын тексеріңдер.

Етіс-тіктер	Шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	Қарсылықты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	Мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	Себеп бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем	Қимылсын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем
барса	+					
келгенмен		+				
білу үшін				+		
таңдап						+
оқығанда			+			
оқығандықтан					+	

V. Бекіту.

I. Тест сұрақтарына жауап беру.

1. Бастауышы жоқ сөйлем.

- а) Атаулы;
- ә) Толымды;
- б) Жайылма;
- в) Жақты;
- г) Жақсыз.

2. Айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем?

Шіркін, дауысы қандай тамаша.

- а) бұйрықты сөйлем;

- ә) хабарлы сөйлем; б) сұраулы сөйлем;
- в) лепті сөйлем; г) жай сөйлем.

3. Анықтауыштың сұрағын тап.

- а) қашан? ә) қандай?
- б) қалай? в) неге?

Е. қайтті?

4. Сөйлем түрін табыңыз. **Ашық аспан.**

- а) толымды ә) Атаулы;
- б) Жақсыз; в) Толымсыз;
- г) Жақты.

5. Айтылу мақсатына қарай қандай сөйлем? **Сен қайда барасың?**

- а) лепті сөйлем;
- ә) сұраулы сөйлем;
- б) бұйрықты сөйлем;
- в) құрмалас сөйлем;
- г) хабарлы сөйлем.

VI. Әр топ ақ қағазға өз таңдаған пәнінің ерекшеліктерін жазады. Ойларын жинақтап, осы ерекшеліктердің арасынан екі пәнге ортақ ойларды жинау.

- Барлық пәннің маңызы зор! Бар сабақтарды үздік оқысаңдар, өмірде де артта қалмайсыңдар, мақсаттарыңа жетесіңдер. (оқушыларға тілектер айту)

VII. Бағалау.

VIII. Үйге тапсырма. **Өткен тақырыптарды қайталап, нәтиже сабаққа дайындалу.**

Л.АЙТЖАНОВА,
Ақтөбе облыстық арнайы (түзетім)
есту қабілеті бұзылған балалар
мектеп-интернат-колледжі.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Мәтінді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіре отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білуге дағдыландыру. Жаңа сөздермен таныстыру, байланыстырып сөйлеу тілін қалыптастыру; **дамытушылық** – есту, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту. Қазақ тілінде өз ойларын жеткізе білу мүмкіндіктерін дағдыландыру; **тәрбиелік** – үй жануарларын күтіп, бағуға, оларға қамқорлық жасауға үйрету. Өзара жолдастық көмектестік қасиеттерге тәрбиелеу.

Коррекциялық мақсаты: Үнемі түзету жұмыстарын жүргізіп отыру.

Түрі: аралас сабақ (Орыс тілі, музыка сабағы).

Көрнекілігі: интерактивтік тақта, үй жануарларының суреттері.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

- Қонақтармен амандасындар.
- Есту құралын тексеріндер.

II. Тіл жаттығулары.

- Қазір нешінші сабақ?
- Қазір төртінші сабақ.
- Қазір қай сабақ болады?
- Қазір қазақ тілі сабағы болады.

- Сабақта біз не істейміз?

- Сабақта біз жаңа сөздермен танысамыз, сурет бойынша әңгіме құрастырамыз, мәтін бойынша сұрақтарға жауап береміз, тапсырмалар орындаймыз.

- Біз не істедік?

- Біз тіл жаттығуларын орындадық.

III. Үй тапсырмасын тексеру.

-Үйге қандай тапсырма берілді?

-Үйге тапсырма. Сөйлемдерді аяқтау, орыс тіліне аудару. (Әр балаға бір сөйлемнен оқытқызу)

- ... менен сұра, Бүгінгі сабақтың жоспары қандай?

-Апай, бүгінгі сабақтың жоспары қандай?

(Оқушыларды сабақтың жоспарымен таныстыру)

1. Сөздікпен жұмыс. (Словарная работа.)

2. «Түсін мені» ойыны. (Игра. «Пойми меня»)

3. Мәтінмен жұмыс. (Работа над текстом)

4. Мәтін бойынша сұрақтар құрастыру. (Составление вопросов на основе текста.)

5. «Сен білесің бе?» ойыны. Үй жануарларының пайдасы. (Игра « Знаешь ли ты?» О пользе домашних животных.)

6. «Лабиринт» ойыны. Малдың баласын сүюі.

Игра «Лабиринт». Как любят животные своих детёнышей?

7. Жұмбақ өлең. (Песня загадка.)

8. Бағалау. (Оценки)

(Жоспарды өзім оқимын, оқушыларға тізбектей оқытамын)

IV. 1-слайд.

«Үй жануарлары»

«Домашние животные»

(Бүгінгі сабақтың тақырыбымен таныстыру. Бүгінгі күнді, тақырыпты дәптерлеріне жаздыру өз беттерімен.)

Жаңа сөздер мен сөз тіркестері:

Атқа міну – садиться на лошадь;

Сиыр сауу – доить корову;

Сүйкімді қошақан – хорошенький ягнёнок;

Келесі жылы – на следующий год;

Қыдырып келдім – пришёл погостить;

Қоралау – загнать в загон;

Тасыдым – носил;

Аулада – во дворе.

(1. Сөздікті өзім оқимын. 2. Оқушыларға өз бетінше оқытамын. 3. Не түсінгендерін сұраймын. 4. Сөздікті тізбектей оқыта отырып мазмұнын оқушыларға түсіндіремін.)

V. Ойын. «Түсін мені». Игра. «Пойми меня».

Ойынның мақсаты: Жаңа сөздерді есте сақтау.

Ойынның шарты: Оқушыларға сөздікті есте сақтауға 2 минут уақыт беріледі. Содан кейін мен орыс тілінде бірінші отырған оқушыға сөздік бойынша кез келген сөзді айтамын. (Ол кезде қалған оқушылар есту құралдарын ағытып, теріс қарап отырады.) Ал бірінші оқушы естіген сөзін қазақшаға аударып қасында отырған оқушыға бір рет жақсылап айтады. Сөйтіп ойын жалғаса береді. Соңында отырған оқушы естіген сөзін айтып, қазақшаға аударды.

VI. Мәтінмен жұмыс.

- Бүгін, балалар, біздер Ғабиттің әңгімесімен танысамыз.

(Мәтінді оқымас бұрын жануарлардың суреттерін оқушыларға көрсетіп естеріне түсіріп шығу.)

1. Мәтінді өзім оқимын. (Кітаптан. Оқушылар қадағалап отырады)

2. Оқушылар өз беттерімен оқиды.

3. Не түсінгендерін сұраймын.

2-слайд.

Суретті мәтінді оқушыларға тізбектей оқытып отырып мазмұнын түсіндіру.

Менің атам мен әжем Қарағанды облысы, Нұра ауылында тұрады. Мен жазғы демалыста ауылға қыдырып бардым. Атам мен әжем жылқы, сиыр, қой, ешкі ұстайды. Мен атама қой қоралауға көмектестім. Атам мені атқа мінуге үйретті. Әжем кешке сиыр сауып мен сауылған сүтті тасыдым. Аулада кішкентай қошақан жүгіріп жүрді. Сондай сүйкімді.

Маған үй жануарлары өте ұнайды. Келесі жазда атам мен әжеме тағы барамын.

VII. Әңгіме бойынша сұрақтар құрастыру. (Бірінші оқушылардан сұрау)

- Ребята, давайте вспомним. Какие слова отвечают на вопрос кім?

На вопрос Кім? отвечают слова обозначающие людей.

Какие слова отвечают на вопрос не?

На вопрос не отвечают слова обозначающие предмет, животные, птицы, насекомые.

Ендеше осы кім? не? сұрақтарын қолдана отырып мәтін бойынша сұрақтар құрастырамыз.

3-слайд.

1. Кімнің атасы мен әжесі Қарағанды облысы, Нұра ауылында тұрады?

2. Кім жазғы демалыста қыдырды?

3. Атасы мен әжесі нелер ұстайды?

4. Кім атасына қой қоралауға көмектесті?

5. Атасы кімді атқа мінуге үйретті?

6. Аулада кішкентай не жүгіріп жүрді?


7. Кімге үй жануарлары өте ұнады?

8. Келесі демалыста кімдерге барады?

(Сұрақтарды дәптерлеріне жаздыру)

4-слайд.

«Сен білесің бе?» ойыны. Үй жануарларының пайдасы.
(Игра « Знаешь ли ты?» О пользе домашних животных.)



(Бірінші балалардан сұраймын, жабық сөздерді ашу арқылы оқушылардың жауаптарын тексеремін.)

VIII. 5-слайд.

«Лабиринт» ойыны. Малдың баласын сүюі. (Игра «Лабиринт». Как любят животные своих детёнышей.)

- Ребята, эти животные потеряли своих детёнышей. Они просят у вас помощи, помогите им найти своих детёнышей и вы тогда узнаете как они их любят.



Түйе сүйеді баласын *боташым* деп.
Сиыр сүйеді баласын *торпағым* деп.
Қой сүйеді баласын *қоңырым* деп.
Жылқы сүйеді баласын *құлыным* деп.
Ешкі сүйеді баласын *лағым* деп.

XI. Сабақты қорытындылау. Жұмбақ-өлең. (Песня-загадка).

Слушайте внимательно песню и вы услышите знакомые слова. (Үнтаспадан «Қошақаным» өлеңін жіберу. Оқушылардан не естігендерін сұрау.)

X. **Үйге тапсырма.** Мәтін бойынша жазған сұрақтарға жауап жазып келу.

XI. Бағалау.



Т.МҰҚАШЕВА,
А.С.Макаренко атындағы
№9 жалпы орта мектеп.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

ҚАТЕМЕН ЖҰМЫС

(9-сынып)

Мақсаты:	Қатемен жұмыс жүргізу. Қазақ халқының ежелгі тұрағы киіз үй туралы мәлімет беру.
Күтілетін нәтижелер:	а) Мәтінді түсініп оқиды, сұраққа жауап береді. ә) Сөздермен сөйлем құрап, бейнеклип бойынша әңгімелейді. б) Мәтіннің мазмұнын меңгереді.

Керекті жабдықтар:	Оқулық, киіз үй, жұмыс дәптері, маркер, стикер, АКТ, бейнеклип, топ ережесі, смайликтер.	
Сабак барысы:		
Сабак кезеңдері	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	<p>1. Ұйымдастыру. Амандасу. Тренинг «Саңырау телефон» - шеңберге тұрып, бір оқушының құлағына сөз айтамын, ол оқушы әрі қарай бұл сөзді басқаларына жеткізеді. <i>(ұлттық дәстүр)</i></p> <p>2. Жұпка бөлу (қиық қағаздар арқылы)</p>	<p>1. Тренинг арқылы тілдерін жаттықтырады, бір – біріне сыйластықпен қарап, сабаққа кіріседі.</p> <p>2. Оқушылар қиық қағаздарды таңдап, жұп болып бөлінеді.</p>
Тұсаукесер	<p>1. Мұғалімнің кіріспе сөзі. <i>(диктант нәтижесімен таныстыру, қатемен жұмыс жүргізу.)</i></p> <p>2. Сөздік ойыны: Слово – сөз, глаза – көз; Дедушка -ата, мама – ана; Бабушка – әже, папа – әке; Мудрость – даналық, новость – жаңалық; Традиция – дәстүр, блестящий – жылтыр; Уважение – сыйластық, гражданство – азаматтық; Характеристика – мінездеме, посылка – сәлемдеме; Национальный – ұлттық, родственные – туыстық.</p>	<p>1. Диктант нәтижесі бойынша әр оқушы дәптерлерінде қатемен жұмыс орындайды. (қатесі/дұрысы)</p> <p>2. Сөздік ойыны арқылы өткен жаңа сөздерді естеріне түсіріп, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, тілдерін жаттықтырады.</p>

	<p>3. Бейнеклип көру. (Киіз үй туралы) - видео не туралы? (киіз үй) - киіз дегеніміз не? (мал баққан көшпелі халықтың баспанасы) - ол қандай баспана? (тез құрылып, тез жиналады) - ол неден жасалады? (кереге, уық, шаңырақ, есік) - ең негізгі, қастерлі бөлігі? (шаңырақ) - шаңырақты кім көтерген? (ер адам) - неге? (ұл бала әке шаңырағының иесі, мұрагері)</p>	<p>3. Оқушылар бейнеклипті мұқият қарап, тыңдап отырады, сұрақтарға жауап береді.</p>
Негізгі бөлім	<p>«Ойлан. Жұптас. Бөліс» әдісі.</p> <p>1. Оқулықпен жұмыс. 5-тапсырма, 82-бет. - мәтінді оқу (бірге) - жаңа сөздерді анықтау. (түртіп көрсету)</p> <p>2. Сөздік жұмысы: (81-бет, 1-тапс. қосымша) - оқу, аудару; - сөз тіркес, сөйлем құру. Бөлік – часть; Негізін – основу; Күмбез – купол; Еңсесі – высоту; Мұра – наследие, наследство; Жоралғысы – обычай, традиции.</p>	<p>«Пилот және навигатор» әд.</p> <p>1. Мәтінді бірге оқиды, жаңа сөздерді түртіп көрсетеді. (әр жұп 2 сөзден)</p> <p>2. Оқушылар мәтінді оқып отырып, жаңа сөздерді анықтап, сөздік дәптерлеріне жазып жұмыстанады.</p>

	<p>3. Тапсырмалар: - киіз үйдің негізгі бөліктерін орналастыр, сөйлем құр, талда. (деңгейлік тапсырма) а. Кереге киіз үйдің негізін құрайды. (сөз құр.) ә. Шаңырақ киіз үйдің күмбез еңсесін құрап, үй сүйегін тұтастырып тұрады. (синт.талд.) б. <u>Уық</u> – кереге мен шаңырақ ортасын қосатын негізгі бөліктің бірі. (фонет.талд.)</p>	<p>3. Сурет бойынша киіз үй бөліктерінің сипаттамасын орналастырады, деңгейлік тапсырмаларды орындайды, бір-бірінің жұмысын бағалайды.</p>
	<p>4. 4-тапсырма. - сөйлемдерге сұрақ құрап жаз. 1. Киіз үй кімдердің баспанасы? 2. Оны қай халық ұстаған? 3. Киіз үйді қалай дәріптейді? 4. Киіз үй дегеніміз не?</p>	<p>4. Сөйлемдерге сұрақты жұптасып отырып құрады, бірінші жұп екінші жұпқа қояды, бағалайды.</p>
Қорытынды	<p>1. «Киіз үй сыры» ойыны арқылы бекіту. 1. Сәйкестігін тап. Ұлттық дәстүр наследие Асыл мұра казахский народ Әдемі киіз үй народная традиция Қазақ халқы красивая юрта</p>	<p>1. Оқушылар киіз үйден тапсырмалар алып, орындайды. Ұлттық дәстүр наследие Асыл мұра казахский народ Әдемі киіз үй народная традиция Қазақ халқы красивая юрта</p>

	<p>2. Кереге сөзін септе 3. Етістіктерді нүктенің орнына қой. Киіз үй көне дәуірінде пайда Киіз басу белгілі бір еңбек кәсібіне Үй біздің заманымыздан бұрынғы ғасырда кеңінен Киіз үй негізгі төрт бөліктен Керекті сөздер: пайдаланылған, айналған, тұрады, болған.</p>	<p>Киіз үй көне дәуірінде пайда болған. Киіз басу белгілі бір еңбек кәсібіне айналған. Үй біздің заманымыздан бұрынғы ғасырда кеңінен пайдаланылған. Киіз үй негізгі төрт бөліктен тұрады.</p>
	<p>4. Берілген сөздерді топтарға бөліп жаз. Қобыз, құрт, уық, қымыз, қыз қуу, домбыра, асық, кереге, шертер, бесбармақ, көкпар, шаңырақ, сазсырнай, ірімшік, сықырлауық, бәйге, дулыға, самса, алтыбақан. Ұлттық аспаптар Ұлттық тағамдар Киіз үйдің бөліктері Ұлттық ойындар</p>	<p>Ұлттық аспаптар: домбыра, шертер, сазсырнай, дулыға, қобыз. Ұлттық тағамдар: құрт, қымыз, бесбармақ, ірімшік, бауырсақ. Киіз үйдің бөліктері: уық, кереге, шаңырақ, сықырлауық. Ұлттық ойындар: қыз қуу, асық, көкпар, бәйге, алтыбақан.</p>

	<p>2. Сұрақ-жауап арқылы бекіту.</p> <p>1. Киіз үйді неден бастап құрады?</p> <p>2. Киіз үйдің ең жоғары бөлшегі не?</p> <p>3. Шаңырақ пен керегені қосып тұратын бөлшек қалай аталады?</p> <p>4. Қос босағадан және жарма беттен құралатын зат.</p> <p>5. Ертеде қазақ халқының баспанасы не болған?</p> <p>6. «Қара шаңырақ» кімнің үйі?</p>	<p>кереге</p> <p>шаңырақ</p> <p>уық</p> <p>сықырлауық немесе есік</p> <p>киіз үй</p> <p>ұл баланың</p>
	<p>3. Мұғалімнің қорытынды сөзі:</p> <p>Киіз үй дөп-дөңгелек, Жыққан кезде он бөлек. Тіккен кезде топ етіп, Қона қалар дөңге кеп.</p> <p>4. Рефлексия (киіз үйдің киізін жабу).</p> <p>Үйге:</p> <p>а) мәтін әңгімелеу.</p> <p>ә) сызбаны пайдаланып, тілек жазу.</p>	<p>4. Стикерге не білдім? не білгім келеді? деген сұрақтарға жауап жазып, киіз үйге жапсыру.</p>
<p>Сабақтың өзіндік талдауы.</p>		

Г.ПАНФИЛОВА,
№7 жалпы орта білім беретін мектебі.
Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы.

КӨКТЕМ МЕЗГІЛІ

(6-сынып)

Максаты:	Оқушылардың ойын ауызша және жазбаша түрде сауатты жеткізе білуге төселдіру. Етістік туралы түсіндіру. Жаңа сөздерді қайталау. Сөйлем құрауда қолдану.	
Күтілетін нәтижелер:	Етістіктің шақтарын ажырата алады; тиісті жұрнақты жалғайды, біреуге көмектеседі, талқылайды, өз ойын айтады; пікір алмаса алады. Сөйлеу кезінде етістіктерді қолдана алады.	
Керекті жабдықтар:	Интерактивті тақта, смайликтер, кима қағаздар, кубик, «дұрыс, дұрыс емес» парақшалары, тапсырмалар.	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	Үй тапсырмасын жоғары және төмен дәрежелі сұрақтар арқылы тексеру, топтық жұмыс: жаңа білімді меңгерту, ой бөлісу, бағалау әдістері, сыни тұрғыдан ойлау стратегиялары, деңгейлік тапсырмалар.	
Сабақ барысы:		
Сабақ кезеңдері:	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
Кіріспе	<p>1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.</p> <p>- Оқушылар, көңіл-күйіміз қалай? Сабағымызды бастамас бұрын, бір шумақтық өлеңімізді оқып шығайық.</p>	Мұғаліммен амандасады.

	2. Психологиялық дайындық Мейірімді жүрекпен, Ақпейілді тілекпен, Амандасып алайық, Бір жадырап қалайық!	Оқушылар бірге қосылып айтады.
	3. Бірге ойлаймыз. Оқушылар бір-біріне қызғалдақ сыйлап тілек айтады. Оқушыларды тренинг арқылы 2 топқа бөлу. Сары қызғалдақ алғандар бір топқа, қызыл қызғалдақ алғандар бір топқа отырады.	Оқушылар бір-біріне арнап тілек айту керек. Бұл оқушылардың сабаққа деген ынтасын, қызығушылығын арттырады. Әрі сабақта еркін, сенімді отыруына септігін тигізеді.
	4.Үй тапсырмасын тексеру: - Балалар, үйге берілген тапсырма қандай еді? -Адамдардың көктемгі киімі 5. Пысықтау сұрақтары. Сұрақты ұстап ал әдісімен бір-біріне доп лақтырып сұрақ қояды.	Оқушылар 2 топқа бөлінеді. Оқушылар өткен тақырыптар бойынша пысықтау сұрақтарын қояды.
Тұсаукесер	Оқушылар күннің жады мен сабақтың тақырыбын жазып болған соң, сабақтың мақсатын шығару қажеттігі айтылады.	Сынып сабақтың мақсатын былай белгілейді: Өткен шақты түсіну.

Қызығушылықты ояту. Негізгі бөлім	Оқушыларға кубизм әдісі бойынша көктемгі мерекелер, көктемгі айлар туралы әңгімелейді. «Ой қозғау» сатысы. Өтілген көктем тақырыбын қайталап, пысықтау мақсатында шағын жобаларын қорғайды. Уақыт әр топқа 3 минут/	Бұл әдіс бойынша оқушылар өз ойларын айтады.
	Қарастырылатын сұрақтар: 1. Көктемгі ауа райы. Көктемде адамдар қандай киім киеді?Көктемгі жұмыс. 3.Көктемгі мерекелер. Бұл мерекелерді қалай атап өтесіңдер? «Күнді бұлттан құтқарайық» ойыны.	Қайталайды, дәптерлеріне жазады. Әр топ жоба қорғайды.
	-Етістік деген не? -Етістік қандай сұрақтарға жауап береді? -Етістік құрамына қарай нешеге бөлінеді? -Етістік тұлғасына қарай нешеге бөлінеді? -Етістік мағынасына қарай нешеге бөлінеді? -Салт етістік қалай жасалады? Сабақты етістік қалай жасалады? Мысал келтіру. - Етістіктің қандай шақтары бар? -Болымсыз етістіктің жұрнақтары.	Сұраққа жауап беру арқылы күнді бұлттан құтқарады. Әрқайсысына мысал келтіру керек. Етістік туралы білгендерін айтады.

<p>II. Мағынаны тану</p>	<p>Етістіктің өткен шағының жасалу жолдарын түсіндіру. Түбір+ды, ді /Ж.Ж. Келді, барды. <u>Сергіту сәті.</u> Берілген сөздерді үш шаққа қойып, жазу Айту, еру, келу, жарқырау. 2 топтан бір-бір оқушы шығып, тақтаға морфологиялық талдау жасайды. 1-топ киемін 2-топ жылыды</p>	<p>Етістіктерге талдау жасайды.</p>																								
	<p>Семантикалық карта</p> <table border="1" data-bbox="301 601 586 1279"> <thead> <tr> <th data-bbox="301 601 403 681">Етістік</th> <th data-bbox="403 601 462 681">Осы шақ</th> <th data-bbox="462 601 521 681">Өткен шақ</th> <th data-bbox="521 601 586 681">Келер шақ</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="301 681 403 822">Ұлдар әр жерден шұңқыр қазып жүр.</td> <td data-bbox="403 681 462 822"></td> <td data-bbox="462 681 521 822"></td> <td data-bbox="521 681 586 822"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="301 822 403 984">Әлия әкесімен екеуі ағаш отырғызды.</td> <td data-bbox="403 822 462 984"></td> <td data-bbox="462 822 521 984"></td> <td data-bbox="521 822 586 984"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="301 984 403 1085">Ертең ауа райы жақсы болады</td> <td data-bbox="403 984 462 1085"></td> <td data-bbox="462 984 521 1085"></td> <td data-bbox="521 984 586 1085"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="301 1085 403 1186">Биыл көктем ерте келді</td> <td data-bbox="403 1085 462 1186"></td> <td data-bbox="462 1085 521 1186"></td> <td data-bbox="521 1085 586 1186"></td> </tr> <tr> <td data-bbox="301 1186 403 1279">Өзендерде сең жүре бастады</td> <td data-bbox="403 1186 462 1279"></td> <td data-bbox="462 1186 521 1279"></td> <td data-bbox="521 1186 586 1279"></td> </tr> </tbody> </table>	Етістік	Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ	Ұлдар әр жерден шұңқыр қазып жүр.				Әлия әкесімен екеуі ағаш отырғызды.				Ертең ауа райы жақсы болады				Биыл көктем ерте келді				Өзендерде сең жүре бастады				<p>Интербелсенді тақтаға орындайды.</p>
Етістік	Осы шақ	Өткен шақ	Келер шақ																							
Ұлдар әр жерден шұңқыр қазып жүр.																										
Әлия әкесімен екеуі ағаш отырғызды.																										
Ертең ауа райы жақсы болады																										
Биыл көктем ерте келді																										
Өзендерде сең жүре бастады																										

	<p>Шығармашылық жұмыс. Өлең құрастыру. Әр топқа сөз беріледі, соған байланысты өлең құрастыру керек. 1. Көктем келді, далаға бала да шаттана 2. Келді көктем нұрлана жайқала айнала</p>	<p>Дәптерлеріне жазу.</p>
	<p>Он сұрақ Әр топтан бір-бір оқушыны таңдап алып олардың артына негізгі сөз жазылған стикерді жапсырады – қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не ИӘ, не ЖОҚ деп беріледі. 1. бұлт 2. құс</p>	
	<p>«Дұрыс», «Дұрыс емес» стратегиясы. - Етістіктер қандай деген сұраққа жауап береді. - Зат есім деректі және дерексіз болады. - у-тұйық етістігінің жұрнағы. -ойнап отыр - күрделі етістік - Көктем айлары: наурыз, шілде, тамыз. - Көктемде қар еріп, сай-салаға су толады. - Көктемде егін, бақша егеді, малдар төлдейді, құстар ұшып кетеді.</p>	<p>Оқушылар қолдарындағы «дұрыс», «дұрыс емес» деген жазуы бар кима қағаздарды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап береді. Қажет жағдайда түсіндіреді.</p>

АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

Сабақ мақсаты: білімділік – денсаулықтың кепілі – дұрыс тамақтану екенін түсіндіре отырып, мәтін мазмұнын меңгерту. Зат есімді қайталап, жаттығу барысында бекіту; **дамытушылық** – ауызша, жазбаша жаттығулар жүргізе отырып, оқушылардың сауаттылығын, тілін дамыту, логикалық ойлау және сөздік қорын молайту; **тәрбиелік** – асты құрметтеуге тәрбиелеу, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндіру, талдау, салыстыру.
Түрі: дәстүрлі сабақ. **Көрнекілігі:** суреттер, үлестірмелі тапсырмалар.

Сабақтың өту барысы:

1. Ұйымдастыру бөлімі:

- Оқушылармен амандасу.
- Кезекшімен сұхбаттасу.
- Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
- 2. Үй тапсырмасын тексеру: 6-тапсырма, 81-бет.
- 3. Үй тапсырмасын бекіту: Сұрақ-жауап
- Шұбат деген не?
- Қаймақ деген не?
- Май деген не?
- Құрт деген не?

	<p>- Күн жылы, түн әлі салқын болады. - Мал көк шөпке тойынады.</p>	
Қорытынды	<p>1) Бекіту сұрақтары: - Көктемде табиғат қалай өзгереді? - Көктемде адамдар қандай киім киеді? - Көктемде қандай мерекелер болады? - Етістіктің неше шағы бар? 2) Бағалау: Сабақ барысындағы жұмыстануы бойынша, сабақ өлшемдерге сәйкес оқушыларды сыныппен кеңесе отырып бағалаймын, бағаға түсініктеме беріп, жетілу жолдарын айтамын. 3) Үйге тапсырма: «Көктем» тақырыбына эссе жазу.</p>	<p>Тақырып бойынша алған білімдерін қорытындылайды. Әсіресе, соңғы сұрақ бойынша тұшымды әрі толық жауап алыну керек.</p> <p>Оқушылар бағаланады.</p> <p>Үй тапсырмасын түсіріп алады.</p>
	<p>4) Рефлексия: Тақтағы смайликке сабақтан алған әсерін жазып, жапсырады. - Көктемнің күніндей жарқырап Жүздеріңнен күлкі кетпей Гүлдей жайнап жүре беріндер,- деп бүгінгі сабағымызды аяқтаймыз. - Сау болындар!</p>	<p>Сабақтан алған әсерін баяндайды. Кей оқушы сыныпқа оқып береді.</p>

4. Өткен сабаққа шолу. Сұрақ-жауап:

- Қымыз деген не?
- Қымызды ненің сүтінен жасайды?
- Саумал деген не?
- Қымыз қандай ауруларға пайдалы?

5. Жаңа сабақ: Ас – адамның арқауы. Зат есім.

Кіріспе сөз: - Балалар, қымыздың, сүттің, қаймақтың, құрттың қандай пайдасы бар екенін білдік. Бүгінгі сабағымызда өте қызықты әрі пайдалы тақырып бойынша әңгімелесіп, өз ойымызды ортаға салып жұмыстанамыз. Сабақ тақырыбы: «Ас – адамның арқауы». Зат есім бойынша алған білімдерімізді бекітіп, жаттығулар жұмысын орындайтын боламыз.

Жаңа сөздер:

зат алмасу – обмен веществ;

бұзылулар – нарушения;

тәбет – аппетит;

бауыр – печень;

зиян – вред;

жеткілікті – достаточный.

Сөздік жұмыс: 1. Қазақ тіліне тән дыбыстардың дұрыс дыбысталуына назар аудару.

2. Сөздермен сөз тіркесін, сөйлемдер құрату.

3. 2 сөзге фонетикалық талдау жасау.

Мәтінмен жұмыс: «Ас – адамның арқауы».

1. Мәтінді толық оқу.

2. Тарау бойынша оқыту әрі талдау.

3. Оқу деңгейлерін тексеріп, бағалау.

Дәптермен жұмыс: Деңгейлік тапсырмаларды орындату.

III деңгей:

1-тапсырма. Мәтін бойынша зат есімді теріп жазу.

2-тапсырма. Мәтіннен мақал-мәтелді көшіру, адам деген зат есімді септеу.

II деңгей: 1-тапсырма. Мәтін бойынша көп нүктенің орнына зат есімді тауып жазу.

1) Дұрыс тамақтану әсіресе ... үшін қажет.

2) Ал қаны толық, күші мол ... ыстыққа да, суыққа да шыдамды.

3) ...,, өрік, шие, қарақат сияқты көкөністер мен жемістер адамға пайдалы.

4) ... әбден шайып жұту қажет.

2-тапсырма. Мәтіннің мазмұнын төменде берілген жоспар негізінде әңгімелеңдер.

Жоспар:

1. Дұрыс тамақтанудың маңыздылығы.

2. Тамақтану реті.

3. Тамақ ішер алдындағы гигиена.

4. Адамның денсаулығына пайдалы заттар.

I деңгей. 1-тапсырма. Мақал-мәтелдердің мағанасын түсіндіріңіз.

1. Нан бар жерде жан бар.

2. Дәнді шашпа, нанды баспа.

3. Ауруға ем, сауға қуат – дәрі қымыз.

2-тапсырма. «Дұрыс тамақтану режимін сақтау керек» дегенді қалай түсінесіңдер?

Өз пікірлеріңді білдіріңдер.

6. Сыныппен жұмыс: Етістіктің сынарын табу.

.... келді. пайдалы. сақтайды. ... шалдығады.

... көреді.

7. Сабақты бегіту: сұрақ-жауап:

- Адамның денсаулығы жақсы болу үшін не істеу керек?

- Дұрыс тамақтанған адамның денсаулығы қандай болады?

- Адам күніне неше рет тамақтану керек?

- Тамақ ішер алдында не істеу керек?

- Зат есім деген не?

- Зат есім қандай сұрақтарға жауап береді?

8. Үй тапсырмасы: 5-тапсырма, 84-бет.

9. Бағалау.



А.НҰРМАҒАНБЕТОВА,

Абылай хан атындағы

№4 орта мектеп.

Алматы облысы,

Еңбекшіқазақ ауданы,

Есік қаласы.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН – АҒАРТУШЫ, ҰСТАЗ

Сабақтың мақсаты: білімділік – қазақ халқының ұлы тұлғалардың бірі – Ы.Алтынсарин жайлы мәлімет беру, өз ойын жеткізе білуді жетілдіру, сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыруға, тыныс белгілерін дұрыс қоя білуге үйрету; **дамытушылық** – модуль тақырыбы бойынша бір-бірімен сөйлесе білу, қазақ тілінде сауатты жаза білу, негізгі ойды

табу, өз бетінше іздену, жұмыс істеу қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** – қазақтың тұңғыш ғалымдары туралы айта отырып, ұлы тұлғаларды таныту, Ыбырай Алтынсаринның өлеңдері, әңгімелері арқылы адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, білімқұмарлыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: топтық жұмыс, сөйлесу, мәтінмен жұмыс, әңгімелеу, іздендіру, «кластер» әдісі, деңгейлеп оқыту. **Көрнекілік:** фотосуреттер, плакат «Нені білу керек?», «Қазақ хрестоматиясы» кітабы, сызба, интерактивті тақта.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру

Сәлемдесу. Түгелдеу.

Бүгінгі сабақ ғалымдарға арналады, сондықтан сабағымның эпиграфы:

Болмасаң да ұқсап бақ,

Бір ғылымды көрсеңіз.

Ондай болмақ қайда деп,

Айтпа ғылым сүйсеңіз.

Абай.

Бүгінгі сабақта біз «Тұңғыш ғалымдар. Сабақтас құрмалас сөйлем» модулі бойынша жұмыстарымызды жалғастырамыз.

Сынып үш топқа бөлінеді:

1- «Қыран» тобы.

2- «Көгершін» тобы.

3- «Қарлығаш» тобы.

Әр дұрыс жауапқа бес ұпайдан беріледі.

II. Үй тапсырмасын тексеру.

1. Сабақтас құрмалас сөйлем дегеніміз не?

2. Сабақтас құрмалас сөйлемнің қандай түрлері бар? (кесте бойынша айту)

3. Үйге берілген 3-тапсырманы тексеру.

4. Тақтада берілген сөйлемдер сабақтастың қандай түріне жатады?

а) Жасында ауыл молдасынан хат таныған соң, ол кейін Омбыдағы кадет корпусында оқиды.(мезгіл)

ә) Досым келсе, бірге шахмат ойнаймыз.(шартты)

б) Күн жаңбырлы болғандықтан, мен бүгін қолшатырымды алып шықтым.(себеп)

в) Біз сыныбымызбен мұражайға барып, Алтын адам экспонатын көрдік.(қимыл-сын)

5. Қандай тұңғыш ғалымдарды білесіңдер?

Мына кесте бойынша айтып беріңдер.

Ғалым-ның Аты-жөні	Ту-ған жы-лы	Ту-ған жері	Алған білімі	Қыз-меті	Шығар-ма-шы-лығы	Қайтыс болған жылы

«Қыран» тобы- А.Байтұрсынұлы туралы мәліметтер.

«Көгершін» тобы- Ш.Уәлиханов туралы айтып беру.

«Қарлығаш» тобы- Қ.Сәтбаев туралы айтып беру.

III. Жаңа тақырыпты меңгеруге даярлық кезеңі.

Бүгінгі сабақта сендер тағы бір ғалым туралы білесіңдер. Ол- Ы.Алтынсарин.

Сабағымыздың тақырыбы: «Ыбырай Алтынсарин-ағартушы, ұстаз»

Біздің мақсатымыз – мына сұраққа жауап беру: Нені білу керек?

Ы.Алтынсарин туралы (Ол кім?)

Балалық шағы

Мектептері

Ғалымның еңбектері

Жаңа сөздер

Мәтіннің мазмұнын айта білу.

IV. Жаңа тақырыппен жұмыс.

1. Үш топ ізденген мәтіндерін оқиды.

1- топ «Қыран» - Ы.Алтынсаринның балалық шағы.

2- топ «Көгершін» - Ғалымның еңбектері.

3- топ «Қарлығаш» - «Мектептері» атты мәтінді оқулықтан оқып береді.

Мәтінмен жұмыс. Осы мәтін бойынша сөздік жұмыс.

қолға алынды – началось;

ұйымдастыру – организовать;

лайықты – достойный;

біртұтас өнеге – приемственность.

Осы сөздермен сөз тіркестерін құрастырыңдар.

іс қолға алынды

сабақ ұйымдастырды

лайықты орын

өзінің біртұтас өнегесімен.

Әр абзац бойынша сұрақ құрастырыңдар.

1-абзац- Халық мектептері мен училищелерін ашу қашан қолға алынды?

2-абзац- Алтынсарин қандай мектептер ашты?
3 абзац- Бұл мектептер несімен лайықты орын алды ?

Енді мәтіннің мазмұнын айтып беріңдер.

2. Ы.Алтынсаринның «Қазақ хрестоматиясы».

Өлеңдері. Әңгімесі.

Ы.Алтынсарин кітабына өлеңдерін, әңгімелерін енгізді.

Қандай өлеңдерін білесіңдер? Жатқа айтыңдар.

«Қыран» тобы- Өнер-білім бар жұрттар.

«Қарлығаш» тобы- Кел, балалар, оқылық!

«Көгершін» тобы- Өзен

Ы.Алтынсаринның «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» атты әңгімесін рөлге бөліп оқимыз.

Ы.Алтынсарин өзінің өлеңдерімен, әңгімелерімен сендерді қандай болуға тәрбиелейді? (Өнерді, білімді жақсы көруге, еңбекті сүйеге, табиғатты сүйеге тәрбиелейді)

а) Сонымен, балалар, Ыбырай Алтынсарин кім болған, қазақ балалары үшін не істеген? ә) Мәтіннен сабақтас құрмалас сөйлем тауып, дәптерлеріңе жазыңдар.

V. Өз бетінше жұмыс.

Деңгейлік тапсырмаларды өз беттеріңше орындайсыңдар.

1- деңгей. Жай сөйлемдерден сабақтас құрмалас сөйлем құрастырады. 95-бет, 2-тапсырма.

2- деңгей. Берілген сөйлемдердің керекті сөздерін тауып жазады.

Ыбырай дүниеге келді.

Оны тәрбиелейді.

Ыбырай оқыды.

көп жұмыстар атқарды.

3-деңгей «Ыбырай Алтынсаринге хат»/эссе жазады/

Тапсырмалардың орындалуын тексеру.

VI. Бекіту кезеңі. «Кластер» әдісі арқылы жаңа сабақты бекітеміз. Тақтада орындалады.

Тірек-сызбаны әр топтан шығып, жазамыз.

Ыбырай Алтынсарин

(1841- 1889)

Кім болған?

Ашқан мектептері

Ағартушы, ұстаз, жазушы, этнограф, фольклорист, қоғам қайраткері.

1864 жылы қазақ мектебін және қазақ қыздары үшін мектеп ашқан. Кітап жазған.

Қайда білім алған, кім болып жұмыс істеген?

1850 жылы Орынбор қаласында жеті жылдық мектепке кіріп, 1857 жылы аяқтаған. 1857-1859 жылдары атасы Балғожа бидің хатшысы болған, кейін мұғалім болып істейді.

VII. Сабақты қорыту кезеңі.

- Балалар, бүгінгі сабақ туралы өз пікірлеріңді айтыңдар.

Сабақ ұнады ма? Кім туралы мағлұмат алдыңдар? Нені білу керек? Мақсатымыз орындалды ма?

Оқушыларға баға қою. Топтардың жұмыстарын бағалау, жеңімпаз тобын жариялау.

VIII. Үйге тапсырма беру.

1. Ыбырай Алтынсарин туралы әңгімелеу.

2. Сабақтас құрмалас сөйлемге 3 мысал келтіру.

Е.ШЕРИЯЗДАНОВ,
№1 мектеп-лицейі.
 Астана қаласы.

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

(7-сынып)

Мақсаты:	Оқушылардың жазғы табиғат ерекшеліктері, жазғы демалыс жайлы білімдерін анықтау.
Оқыту мақсаты:	Топтасып жұмыс жасауға үйренеді, өз-өзіне деген сенімділік көзқарас қалыптасады, зерттеуге үйренеді.
Тақырыпты ашуға байланысты әдіс-тәсілдер:	Психологиялық жұмыс, жеке жұмыс, топтық жұмыс әдісі, диалогтық оқыту.
Көрнекілік пен дереккөздер, құрал-жабдықтар:	Смайликтер, плакат, бағалау парақтары, оқулық, бейнеролик, слайд, түрлі-түсті маркерлер.
Пәнаралық байланыс:	Орыс тілі, орыс әдебиеті, табиғаттану, бейнелеу өнері.
Түрі:	Жаңа сабақты меңгерту.
Қолданылатын модульдер:	Сын тұрғысынан ойлау стратегиясы, Жас ерекшеліктеріне сай оқыту, АКТ қолдану, дарынды балаларды оқыту.

Стратегиялық іс-әрекет:	Ой қозғау, СТО стратегиясы, топтық жұмыс, сергіту сәті, рефлексия.	
Күтілетін нәтиже:	Жаздың ерекшеліктерін, жазғы демалыс жайында әңгімелей алады, жаңа сөздермен сөйлем, сөз тіркестерін құрастырады, есте сақтау, ойлау қабілеттері артады. Сұраққа дұрыс жауап беру дағдысы қалыптасты. Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, тіл байлығын дамыта отырып, топпен жұмыс істеуге дағдыланды. Сөздік қорларын, сөйлеу мәдениетін, тіл байлығын дамыта отырып, топпен жұмыс істеуге дағдыландыру. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру және оны қорғай білуге үйренді.	
Сабақтың барысы:	Мұғалім әрекеті:	Оқушы әрекеті:
1. Ұйымдастыру:	1.Сәлемдесу. 2.Түгелдеу.	Сәлемдесу
2. Жағымды психологиялық атмосфера орнату немесе сергіту сәні	Бір-біріне әдемі сөздер айтқызу. Бір жылда неше жыл мезгілі бар қыс,көктем,жаз,күз Жазға байланысты открытка арқылы 3 топқа бөліну.	Оқушылар бір-бірінің қолынан ұстап, әдемі сөздер айтады. Мысалы: Әділ, сен әдемісің!
3. Топқа бөлу.	5 оқушыдан 3 топқа бөлу.	«Гүлдер», «Құс-тар», «Табиғат» топтарына бөліну.
4. Ой-қозғау	Топ атаулары жайында түсінік алу; Слайдтармен жұмыс;	

5. Үй жұмысына шолу. Интербелсенді тақтамен жұмыс.	«Менің демалысым» тақырыбына шағын шығарма (оқу), слайд, бейнетаспа арқылы қорғау.	«Менің демалысым» тақырыбына шағын шығарма (оқу), слайд, бейнетаспа арқылы қорғау. Әр оқушы өз мәліметтерімен бөліседі.
6. Жаңа тақырып, жаңа мәлімет көздері немесе ақпарат.	Мұғалім мәселелік жағдай туындата отырып, түрткі сұрақтарын беру арқылы жаңа тақырыптың мазмұнын оқушылардың көмегімен ашады. Бір жылда неше жыл мезгілі бар? Ой қозғау (ассоциация): Жаз туралы не білеміз?	Жекеше жұмыс. Топпен жұмыс.
7. Жаңа тақырып. Тапсырмалар.	Диалогпен жұмыс. «Менің жазғы демалысым» туралы мәтінмен танысу, мәнерлеп оқып, аудару. Сұрақ-жауап.	Сұрақтармен жұмыс. Топпен жұмыс. Әр топтың өздеріне берілген тапсырмалары бойынша жұмысы: 1-топ – мәнерлеп оқу; 2-топ – аудару; 3-топ – сұраққа жауап.
8. Сергіту сәті.	«Бой сергіту» музыкалық жаттығу (интербелсенді тақтаны қолдану арқылы)	
9. Мәтінмен жұмысты қорытындылау.	Сұрақ-жауап (мәтін бойынша). Берілген мысалдар	Талқыланған мәтіндер бойынша сұрақтарға

	арқылы Сын есімнің ережесін шығарту.	жауап береді. Оқушылар берілген көрнекіліктерді (алма, жүзім, шабдалы, құлпынай мұляждары) және табиғат құбыллысы – жаз мезгілі, жазғы демалыс жайындағы лексиканы қолдана отырып, Сын есімнің жасалу жолдарын анықтады.
10. Жаттығу жұмысы.	(1 тапсырма) Сын есімнің жасалу жолдарын анықтауға байланысты тапсырма бойынша жұмыс жасату.	Топпен жұмыс. Әр топтың өздеріне берілген тапсырмалары бойынша жұмысы: 1-топ – Сын есімдерді қойып, сөйлемдерді толықтыру; 2-топ – берілген сөздерді тәуелдеу; 3-топ – Сын есімдердің жұрнақтарын анықтау.
11. Үйге тапсырма.	«Менің жазғы демалысым» тақырыбына ойтолғау жазу. «Жаз» тақырыбына өлең жаттап келу.	
12. Бағалау.	Өзін-өзі бағалау.	
13. Кері байланыс.		Смайликтер тақтаға жапсырады.

Г.ҚАЙЫПОВА,
М.Мәметова атындағы
№28 лицей.
Алматы қаласы.

ҒАЖАЙЫП ТҮСТЕР

Сабақтың мақсаттары: білімділік – түстерді пысықтай отырып, оларды ауызекі сөйлесуде қолдана білуге дағдыландыру. Сан есім мен сын есім сұрақтарына жауап беруге үйрету. Жаңа сөздерді меңгерту; **дамытушылық** – сөздік қорын байыту. Ойлау, есте сақтау қабілетін дамыту; **тәрбиелік** – тазалыққа, әдемілікке, білімділікке, табиғатты сүйуге тәрбиелеу.

Түрі: жаңа сабақ.

Әдісі: түсіндіру, сұрақ-жауап, сөйлесу, бағалау.

Көрнекілігі: суреттер, сызбалар, түстер.

Интербелсенді тақта.

Пәнаралық байланыс: орыс тілі, сурет сабағы.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі:

1. Оқушылармен амандасу, түгелдеу.
2. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
3. Оқушылардың назарын сабаққа аудару.
4. Бүгінгі сабақтың мақсатымен таныстыру.

1-слайд.

5. Сөйлесу.

- Қазір қай мезгіл?
- Көктемде неше ай бар?
- Қазір қай ай?
- Сәуірдің бүгін нешесі?
- Аптаның қай күні?

II. Үй тапсырмасын сұрау.

4-тапсырма. Тақпақты жатқа айт.

2-слайд.

III. Білімдерін жан-жақты тексеру.

Балалар ненің суретін салды?

Тақпақ қалай аталады?

Тақпақ не туралы?

IV. Жаңа сабақ.

Бүгінгі біздің өтетін сабағымыздың тақырыбы – «Ғажайып түстер». 3-слайд.

4-слайд түстердің әндетуі.

- Балалар, біз бүгін сендермен қазақша сурет сабағын өтеміз. Түстердің аттарын сендер жақсы білесіңдер. Сабақта кемпірқосақты саламыз. Кемпірқосақтың түстеріне сөйлемдер құрастырамыз. Мысалы: қызыл түске қызыл әдемі гүл. Көк аспан. Жасыл шөп.

Алдымен жаңа сөздермен танысайық.

Сөздікпен жұмыс:

ғажайып – удивительный;

кемпірқосақ – радуга;

доға – дуга;

бояймын – буду раскрашивать.

Жаңа сөздерді сөздік дәптерге қатесіз жазғызып, оқытқызу.

IV. Түсінгенін тексеру.

1-тапсырма. Сөйлесім

2-тапсырма. Түстерді атандар.

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Дәптермен жұмыс.

№1. Жазып үйрен.

№2. Өлеңді толықтырып жаз.

Сергіту.

Ал, балалар, тұрайық,

Алақанды ұрайық,

Оңға қарай бұрылып,

Солға қарай бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Бой сергітіп алайық.

Дәптермен жұмыс.

№3 Тақпақ туралы жаз.

V. Білімдерін бекіту.

4-тапсырма. Тыңда, оқы.

5-тапсырма. Тақпақ туралы айт.

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

VI. Үйге тапсырма:

Жаңа сөздерді жаттау.

4-тапсырма. Тақпақ жатта.

VII. Бағалау.

Сабақтың нәтижесі, рефлексия.

- Балалар, бүгінгі сабақта нені білдік?

Не үйрендік?

А.ҚАЛИЕВА,
«№6 орта мектебі»
мемлекеттік мекемесі.
Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы.

ИНФОРМАТИКА ПӘНІ

Сабақтың мақсаты: білімділік – оқушылар өтілген материалмен байланыстыра отырып, жаңа сабақты ондағы жаңа сөздерді игеріп тілдік қатынаста пайдалануға үйренеді; **дамытушылық** – оқушылардың тілі дамиды, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттері дамиды, сөздік қорлары молаяды; **тәрбиелік** – оқушылардың тілге деген қызығушылықтары артады. Ұқыпты, мұқият болуға тәрбиеленеді.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Амандасу, сыныпты түгелдеу.

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгінгі сабағымыз ерекше өтеді. Әдеттегідей алдымызда жатқан стикерлерге атымызды жазып, «Көңіл-күй ағашына» өз көңіл-күйлерімізді білдірейік.

- Жақсы, балалар, көңіл - күй ағашынан байқағаным, біздің сабаққа деген көңіл-күйіміз жақсы екен.

2. Топқа бөлу. Үстелдің үстінде математикалық пішіндерді таңдаймыз. (үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелек). Фигуралар бойынша.

3. Тренинг өткізу.

«Сәлем, досым» топта оқушылар бір-бірімен сәлемдеседі.

(Орындықтың артына смайлик жапсыру).

- Балалар, топ басшысын сайлау үшін орындықтың артына қарайық. Кімнің орындығының артында смайлик табылса, сол топ басшысы болады. Бағалау жұмысын жасайды.

Сабақтың барысы:

Топ басшыларына бағалау парағын тарату (Меруерт, Сергей, Екатерина)

II. Үй жұмысын тексеру.

- Балалар, үйге қандай тапсырма берілді?

1) Жаңа сөздерді жаттау.

Познание мира, растение, животное, окружающий мир, карагач, расточительность, заботливый, серп, чаша.

2) 3-жаттығу. 64-бетте. Жүппен жұмыс. Тақтада өлшемдік бағалау.

1. Ой қозғау.

- Балалар, мына тақтадағы ребусқа қарайықшы, шешуін кім айтады?

- Үйлерінде компьютер бар ма?

- Иә, бар.

- Компьютерде не істейсіңдер?

- Компьютерде ойын ойнаймыз, мәтіндер, суреттер, өлеңдер іздейміз.

- Компьютерді міндетті түрде қандай сабақта қолданады?

- Информатика сабағында.

- Олай болса бүгінгі сабақ не жайында болады?

III. Жаңа сабақ.

Жаңа сабақты жариялау, мақсатымен таныстыру.

Топ ережесін қайталау.

1. Жаңа сөздермен жұмыс. Оқушыларға бірнеше рет дауыстап оқытқызу.

Құрылыс - строение, устройство;

Таныстырады-знакомит;

Бағдарлама-программа.

Бұл сөздерді жақсы игеру үшін мынадай жұмыстарды орындайық: жаңа сөздерді игеру, сол сөздермен үш қатар, үш қарлы кесек құрастыру.

Мысалы:

1-топ	2-топ	3-топ
құрылысы	таныстырады	бағдарлама
компьютердің құрылысы	құрылысымен таныстырады.	Бағдарлама жасады.
Компьютердің құрылысы күрделі	Компьютер құрылысымен таныстырды. Бүгін компьютер құрылысымен таныстырды. Абай бүгін компьютер құрылысымен таныстырды.	Оқушылар бағдарлама жасады.

Кітаппен жұмыс.

1-жаттығу.

Жеке жұмыс-мәтінді оқиды, аударады.

Жүппен жұмыс- сұрақ-жауап құрастыру.

Топтар бір-біріне сұрақ қояды.

- Информатика сабағы аптасына неше рет болады?

- Біз немен жұмыс істейміз?
- Жанат ағай немен таныстырды?
- Компьютерде не көп?

Сергіту сәті!

Топтық жұмыс.

1-топ-2-жаттығу.

2-топ-3-жаттығу.

3-топ-4-жаттығу.

Әр топтан 1 оқушы тақтаға шығып жеке тапсырма орындайды.

1-топ «құрылыс» сөзіне фонетикалық талдау жасайды.

2-топ «компьютер» сөзін тәуелдейді.

3-топқа кәртiшке берiледi.

Кәртiшке: Мына сөздерге тәуелдік жалғауын жалғап жаз.

Сабақ, өнер, құрылыс, адам, ұстаз, тақта, сурет, сызба, кесте.

Сабақты бекіту:

Әр топқа флипчарт таратылады. Олар «Информатика» пәні тақырыбына кластер құрастырады.

Сабақты қорытындылау.

Үй тапсырмасы:

1) Жаңа сөздерді жаттау.

2) 6-жаттығу. 67-бетте.

Бағалау.

Топ басшылары бағалайды, мұғалім соңғы бағасын қояды.

БІЗДІҢ МЕКТЕП

<p>Сабақтың мақсаты: Білімділік: өз мектебі, мектептің мекен-жайы, жалпы мектебі жайында өз ойын толық жеткізе білу. Дамытушылық: тіл дамыту, ойлау, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Тәрбиелік: мектебіне деген сүйіспеншілікті арттыру.</p>		
<p>Оқу нәтижелері</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір-біріне жүйелі сұрақ қоя білу; - ойларын қысқа да нақты, көркемдеп жеткізе білу; - бірлесіп жұмыс жасай алу; - бір-біріне сыйластық көзқараспен қарау; - шығармашылық тұрғыда жұмылып жұмыс істеу; 		
<p>Түйінді идеялар: Үй тапсырмаларын тексеру. Оқу құралдарын және олардың қолданысын сұрау.</p>		
<p>Мұғалімнің іс-әрекеті:</p>	<p>Оқушының іс-әрекеті:</p>	
<ul style="list-style-type: none"> - топқа бөлу; - сергіту сәтін жасату; - мағынаны таныту; - тапсырмаларды 	<ul style="list-style-type: none"> - сергіту сәтін жасау; - сұрақ-жауап; - жұптық жұмыс; 	<ul style="list-style-type: none"> - бір-біріне сұрақ қояды; - бір-бірін, өзін-өзі бағалайды;

орындату; - баға қою; - үйге тапсырма беру; - рефлексия.	- топтық жұмыс; - ұжымдық жұмыс; - жеке жұмыс;	- үйге тапсырма алады; - рефлексия.
Сабақтың типі: Білім және іс-әрекет әдістерін жетілдіру.		
Сабақты ұйымдастыру түрі: Тәжірибелік пікір алмасу.		
Белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер: СТО стратегиялары, диалогтік әдіс, АКТ.		
Жүргізілетін жұмыс түрі: Жеке жұмыс, жұптық жұмыс; топтық жұмыс.		
Сабақтың дидактикалық қамтамасыз етілуі, яғни, дерек көздер: Интербелсенді тақта, стикер, ақ парақшалар, түрлі-түсті қарындаштар.		
I. Ұйымдастыру кезеңі: - Балалар, сәлеметсіңдер ме? - Көңіл-күйлерің қалай? Бейнероликтегі «Қозғалыс» атты жаттығу әдісі бойынша оқушылардың көңіл-күйлерін ширату, белсенділіктерін сабақ алдында арттыру мақсатында сергіту сәтін жасату.		

<p>II. Қызығушылығын ояту кезеңі. Оқушыларды үш топқа суреттер арқылы бөлу. Кітаптар, қаламдар, қарындаштар тобы. Сурет бойынша сұрақтар қоя отырып, өз мектептері туралы әңгімелеуге жетелеу.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Біздің мектеп кімнің атымен аталады? 2. Сен қай мектепте оқисың? 3. Мектеп директоры кім? 4. Мектепте қандай үйірмелер бар? 5. Сынып жетекшісі кім? 6. Мектеп қай көшеде орналасқан? 7. Сенің сыныбың қай қабатта орналасқан? 8. Сыныпта нелер бар? 9. Қазақ тілі пәнінің қай мұғалімдер сабақ береді? 10. Мектепте нелер бар? Сенің мектебің қандай?
<p>II. Мағынаны ажырату кезеңі. 1-тапсырма. Тақырыпқа байланысты жаңа сөздерге сөйлемдер құрау. Мектеп өмірі, әр түрлі, үйірме, қабат, кең, емдеу кабинеті орналасқан. 2-тапсырма. Мәтінге ат қою. Мен Ілияс Жансүгіров атындағы жүз отызыншы гимназияда оқимын. Мектеп Фурката көшесінде орналасқан. Ол үш қабатты. Мектепте әр түрлі пән кабинеттері, үйірмелер, асхана, спорт залы, емдеу кабинеті бар.</p>
<p>3-тапсырма. Көп нүктенің орнына әріптерді қою. Мен үй...рмеге қатысам...н. Мектеп өм...рі қыз...қ. Балалар ...н айтады. Қабыр...а газеті әдем... . Дастан дом...ыра тартад... .</p>

ДОСТЫҚ – БІЗДІҢ ТІРЕГІМІЗ

Мақсаты: 1. Халықтар арасындағы достықты нығайту, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату. Азаматтардың тең құқылы екенін ұғындыру; 2. Оқушыларды сыпайылық пен ізеттілікке, достыққа тәрбиелеу. Әсемдікке, әдемілікке, қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу; 3. Оқушылардың ойын, тілін дамыту. Мақал-мәтелдер арқылы сөздік қорын молайту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.

Әдіс-тәсіл: түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, топтастыру, талдау, ой қорыту. **Көрнекілік:** достық тақырыбына арналған нақыл сөздер, шарлар, слайдтар.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру бөлімі.

- Армысыздар құрметті ұстаздар мен оқушылар!
Бүгінгі 5В сынып оқушыларының «Достық – біздің тірегіміз» тақырыбындағы тәрбие сағатына қош келдіңіз.

- Балалар, шарамызды бастамас бұрын шеңберге тұрып, бір-бірімізге жылы лебізімізді білдірейік.

Шаттық шеңбері

4-тапсырма. Тақырыпқа байланысты оқушылар жұптаса отырып сөйлесу құрайды.

5-тапсырма. Грамматикалық тапсырма.

“Мектеп, мұғалім, сынып” сөзін тәуелдеу.

Менің Сенің Оның

.....

6-тапсырма. Сөйлемдерді дұрыс құрастыру.

1. Оқимын, мен, сыныпта, үшінші. 2. Сабағы, бірінші, болады, қазақ тілі. 3. Оқушы, сыныпқа, келді, жаңадан.

4. Білім, береді, мұғалім. 5. Қабатта, үшінші, сынып, біздің.

7-тапсырма. Тақырыпқа байланысты сөздерді ағылшын, орыс тілдеріне аудару. Мектеп, оқушы, мұғалім, сынып, сөмке, қалам, кітап.

8-тапсырма. Сабақты қорыта отырып сұрақтар қою.

1. Қай мектепте оқисың? 2. Нешінші сыныпта оқисың?

3. Сыныпта неше оқушы бар? 4. Оқу жылы қай мезгілде басталады? 5. Қазақ тілі аптасына неше рет болады? 6. Бүгін неше сабақ болады?

IV. Ой қозғау кезеңі.

1. Рефлексия.

Не білетінмін? Не білдім? Не білгім келеді?
сұрақтарына жауап беру.

2. Күзгі ағаш бейнесі. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін жапырақтарға жазып, ағашты безендіреді.

V. Бағалау. Топтарды жинаған жапырақтар саны бойынша бағалау. Жасыл, сары, қоңыр жапырақтар. Жинаған жапырақтарын санап, ұпайларын шығару. Оқушылар сабақтың соңында шаттық шеңберін жасай отырып, бір-біріне жақсы тілектер айтып, сабақты аяқтайды.

VI. Үйге тапсырма беру. Өз мектебі туралы әңгімелеу.

VII Кері байланыс жасау. Смайлинг және басбармақ әдісі арқылы оқушылар сабақты қалай түсінгендерін көрсетеді.

Сәлемдесу

Достық – өмір тірегі,

Достық – әр адамның тілегі.

Татулық дәйім сақталса,

Қуанышпен соғады әр адамның жүрегі.

- Бүгінгі шара елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан – 2050 стратегиясындағы «Бір – халық, бір – ел, бір- тағдыр» тақырыбымен сабақтас болмақ.

Тақырыбы: «Достық – біздің тірегіміз»

Эпиграфы: «Елде ынтымақ, бірлік болғанда, халық жарасымды, бақытты өмір сүреді».

Мақсаты: 1. Халықтар арасындағы достықты нығайту, оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату. Азаматтардың тең құқылы екенін ұғындыру.

2. Оқушыларды сыпайылық пен ізеттілікке, достыққа тәрбиелеу. Әсемдікке, әдемілікке, қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу;

3. Оқушылардың ойын, тілін дамыту. Мақал-мәтелдер арқылы сөздік қорын молайту, жүйелі сөйлеуге дағдыландыру.

- Достықтың түбі тереңде жатыр. Елімізде тұрып жатқан жүзден астам ұлт өкілдерін ата - бабамыз кезінде құшақ жая қарсы алып, жерімізге қоныстануға, тату - тәтті бірлікте болып өмір сүруіне жағдай жасады.

- Еліміздің президенті халқына «Қазақстан - 2050» стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр» тақырыбында жолдауын жолдады.

Елбасы сессияда сөйлеген өз сөзінде: «Бір халық» – бұл барлығымыз

үшін ортақ ұлттық мүдделер, «Бір ел», бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан. «Бір тағдыр», бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

- Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтар достығы бірлік пен татулық орныққан елдің жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан болуы керектігін ұлы міндет етіп қойды. Қазақстан халықтары осынау ұлы көштің басында қол ұстасып бірге жүрмек.

Біздің Отанымыз қалай аталады?

Қазақстан Республикасының астанасы қай қала?

Астана қандай өзеннің бойында орналасқан?

Шаңырақ рәміздеріміздің қайсысында бейнелеген?

Әнұранымыздың авторы кім?

Қазақтың ұлттық аспабы.

Қазақстан неше мемлекеттермен шекаралас?

(Ресей, Өзбекстан, Қытай, Азербайджан, Қырғызстан)

Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады?

Палау қай елдің ұлттық тағамы?

Бұл әлемде адамзат баласына ең қажетті нәрсе не? (бейбітшілік, тыныштық, бірлік)

- Жарайсындар. Достық туралы көптеген ақын-жазушыларымыз өлеңдер арнады.

- Балалар, сендер қандай достық туралы өлең білесіндер?

1-оқушы:

- Тілі басқа тілегі бір біргеміз,

Өздеріңмен жүздесеміз күнде біз.

Мақсат ортақ, бейбітшілік ұран боп

Татулықтан бұзылмасын іргеміз.

2-оқушы:

- Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!»-деп сыбырлаған.
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол да оның шырылдаған.

3-оқушы:

- Бұл күні қырқаларға гүл тұнады,
Бар әлем бір-ақ сәтте құлпырады.
Әлемге дос құшағын жая келген,
Армысың, бар халқымның ынтымағы!
Бармысың, қазағымның ынтымағы!

4-оқушы:

- Ынтымағы жарасқан береке күн,
Білдіреді болашақ ел ертеңін.
Татулық пен достығың арта берсін,
Құтты болсын бүгінгі мереке күн.

- 1995 жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлтаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым. Биыл Қазақстан халықтарының ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толды.

Бүгінде әрбір ұлтқа салт-дәстүрлерін жаңғыртуға, мәдениеті мен әдебиетін дамытуға, тілінің жетілуіне қамқорлық көрсетілуде. Дегенмен бақыт, әділдік, бейбітшілік, жарқын болашақ үшін күрес олардың бәрінің басын біріктірді. «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дейді қазақ мақалы.

- Балалар, қазір мынадай тапсырма орындап көрейік. Алдарыңызда мақалдар берілген, оның

кейбір сөздері суретпен, сөздерді қойып, мақалды оқы, сол сөзді 3 тілде айтып беріңіз.

1000 жолдас жақсы,

1000 жолдастан бір дос жақсы.

Ағаш тамырымен,

Адам досымен мықты.

Дос құшағы – жаз.

Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам.

- Жарайсындар, балалар. Сендер тағы достық туралы қандай мақал білесіңдер?

1. Ақылдымен дос болсаң биіктейсің,

Ақылсызбен дос болсаң адасасың.

2. Досыңды жамандама,

Бостан босқа қаралама.

3. Дос жылатып айтады,

Дұшпан күлдіріп айтады.

4. Досың үшін жан пида.

5. Дұшпанға тастай қатты бол,

Досыңа балдай тәтті бол.

6. Досы көпті жау алмайды,

Ақылы көпті дау алмайды.

7. Жүз сомың болғанша,

Жүз досың болсын.

8. Жаман аттан аяғым артық,

Жаман жолдастан таяғым артық.

9. Жаман туғаның болғанша,

Жақсы жолдасың болсын.

- Халқымыз достық, ынтымақтастыққа ерекше мән берген. Бірлік — халық салты. Халқымыздың бірлік салты отбасынан басталып, бүкіл елдің, барлық адам баласының бірлігімен ұласады.

«Ырыс алды – ынтымақ» атты көріністі тамашалайық.

- Қазақстан Республикасын мекен еткен 130-дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті, жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғанымен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды.

(Өзбек биі).

- Әрбір адам қай ұлттың өкілі болмасын біздің елде тұратын барлық ұлттың тіліне, дәстүріне, әдет - ғұрпына сыйластықпен қарайды. Қазір біз татар халқының ұлттық ойынын ойнаймыз.

ТАП ТА, ҚУЫП ЖЕТ (ЧИТАНМЕ, БУЗМЕ)

Ойын ережесі:

Бұл – татар балаларының ойыны. Ойыншылар орындыққа немесе шөп үстіне бір қатарға отырады. Жүргізуші бала олардың алдына жайғасады. Оның көзі байлаулы болады. Ойыншылардың бірі жүргізушіге келіп, иығына қолын қойып, оны атымен атайды. Жүргізуші оның кім екенін табуы тиіс. Егер ол дұрыс тапса, онда ол жұмбақ жасырады. Егер таппаса, оған жұмбақ жасырады.

ӘН. «Ағайынбыз бәріміз».

- Құрметті қонақтар, «Достық – біздің тірегіміз» атты тәрбие сағаты аяқталды. Сіздерге денсаулық, отбасыларыңызға амандық, шығармашылық табыс тілейміз. Назарларыңызға рахмет.

Л.ӘУБӘКІРОВА,
№43 орта мектебі,
Петропавл қаласы.

ТІЛІМ БАРДА АЙТЫЛАР СЫР ОЙДАҒЫ

Мақсаты: оқушылардың еліне, ұлтына, тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, тілді ұлттық мұра ретінде сезінуге, тіл мәдениетін сақтай білуге үйрету, тіліміздің қадір-қасиетін бойларына дарыту.

Көрнекілігі: ұлағатты сөздер, кітап бұрышы, презентация, интерактивті тақта.

Ұлағатты сөздер:

1) *«...Халық тілінің байлығын игеру-зор талғам, парасатты тілейтін жұмыс».*

Ғабит Мүсірепов.

2) *«Тіл-жүректің айтқанына көнсе жалған шықпайды».*

Абай.

3) *«Тіл дегеніміз-қай халықтың болмасын келешегі, .. тағдыры».*

Бауыржан Момышұлы.

4) *«Тіл жоқ жерде ұлт жоқ».*

Шыңғыс Айтматов.

Барысы:

1. Ашылуы.

Сазды әуен ойнап тұрады («Сарыарқа»күйі)

Жүргізуші: - Армысыздар, сайысқа қатысушылар, құрметті ұстаздар! Бүгін ҚР халықтарының тілдер күніне байланысты 5-сыныптар арасында «Тілім барда айтылар сыр ойдағы» интеллектуалдық марафон сайысы өткелі жатыр. Енді осы сайысты тамашалауға шақырамыз.

22-сентября в Казахстане отмечается День языков народов Казахстана. В нашей прекрасной, миролюбивой, гостеприимной стране, где бок о бок проживают и трудятся более ста национальностей и народностей, 46 конфессии, естественно звучит поговорка о том, что «народа каждого язык-прекрасен и велик!»

Жүргізуші: - Құрметті сайыскерлер! Сайысты бастамас бұрын сіздерге оның өту барысынан қысқаша мәлімет бере кетейік.

Сайыс алты кезеңнен тұрады, берілген тапсырмаларды дұрыс, нақты жауап беріп, жоғарғы ұпай алған топ жеңімпазы деп атанады.

1-кезең-сайыскерлердің өзін-өзі таныстыру.

2-кезең-Кім көп біледі?

3-кезең-Көңілі ояу, көзі ашық.

4-кезең-Сөз тапқанға қолқа жоқ

5-кезең-Өнерліге өріс кең.

6-кезең-Құрақ сөз.

7-кезең-Тіл өнері («Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте»)

Әр кезеңде сайыскерлерімізге қойылатын талап та, шарт та қатал. Ол талап пен шарт туралы әр кезең барысында хабарлап отырамыз (қазылар алқасын таныстырып өтеді).

Әділ қазы-ақ қазыға бір сәлем
Әділдікке бас иеді күллі әлем.
Жүйрік озар сайыстарда неше бір,
Сарапқа сап әділдікпен шеше біл,-дей келе, сіздерді
енді әділ қазылар алқасымен таныстырып өтейік.

1-кезең. Өзін-өзі таныстыру

Сайыстың 1-кезеңінің шарты бойынша өздерін таныстырады.

1-топ: Біздің топ: «Жас дарын»

Біздің ұранымыз: «Сүйемін туған тілді-қазақ тілін».

Біздің өлеңіміз: Тіліміздің бұлағы
Тірліктің ел жүрегі,
Ана тілін сүйемін,
Отан үшін күйемін.

2-топ: Біздің топ: «Жас ұлан»

Біздің ұранымыз: «Тіл бар жерде- өмір бар»

Біздің өлеңіміз: Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тілінді құрметте.

3-топ: Біздің топ: «Жұлдыздар»

Біздің ұранымыз: «Өнер алды-қызыл тіл»

Біздің өлеңіміз: Тілден биік асқар жоқ,
Тілден терең теңіз жоқ.

2-кезең. Кім көп біледі?

Ана тілім-бәрін айтар шежірем,
Тілсіз нені білдіре алам, не білем?!

Тілім барда ғана мынау ғаламның,
Кілтін табар саналысы сезінем.
О, адамдар қадіріне жетіндер,
Ана тілің-анаң, сыйлап өтіндер.
Енді ана тілі туралы шумақтарға, ақын-
жазушылардың даналық сөздеріне, мақал-мәтелдерге
кезек береміз. (кезекпен шығады)

Жүргізуші:

- Салт-дәстүрмен жараса,
Қайта құрып жаңаша.
Жарыса өнер көрсетіп,
Ортамызды ашайық.
Думандатып ән салып,
Инжу-маржан шашайық.
- Құрметті көрермендер, сіздерге арналған сазды
сәлем.

Ән орындалады.

3-кезең. Көңілі ояу, көзі ашық

Сайыстың келесі кезеңі «Көңілі ояу, көзі ашық»
деп аталады. Бұл сайыста ойыншыларға әрбір пәннен
3 сұрақ қойылады (қазақ тілі, тарих, жаратылыстану,
ән-күй сабағы).

Қазақ тілі:

1. Қазақ тілінде неше әріп? (42 әріп)
2. Қазақ тілі қай тілдер тобына жатады? (түркі
тілдер тобына)
3. Буын түрлерін атаңдар? (ашық, тұйық, бітеу)

Тарих:

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік
рәміздерін ата (ту, елтаңба, әнұран)
2. Үш биді ата? (Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би)

3. Қазақстан Республикасының Президенті?
(Н.Назарбаев)

Жаратылыстану:

1. Жыл мезгілдерін ата? (қыс, көктем, жаз, күз)
2. Қазақстанның астанасы қай қала? (Астана)
3. Сен қай облыста тұрасың?

Ән сабағы

1. До-ре- ми-фа...бұл не? (нота)
2. Құрманғазы кім?
3. Екі ақынның өлең жарысы не деп аталады?

Жүргізуші:

- Салт-дәстүрмен жараса,
Қайта құрып жаңаша.
Жарыса өнер көрсетіп,
Ортамызды ашайық.
Думандатып ән салып,
Инжу-маржан шашайық.
- Құрметті көрермендер, сіздерге арналған сазды
сәлем.

Ән орындалады.

4-кезең. Сөз тапқанға қолқа жоқ

- Келесі кезең – торкөздерді ашып, қазақтың
мақтаныштарын атау. (Н.Назарбаев, Р.Рымбаева,
Т.Әубәкіров, И.Ильин, А.Винокуров, Ш.Уәлиханов,
т.б.)

5-кезең. Өнерліге өріс кең.

Өнерлінің қолы – алтын, өлеңшінің сөзі – алтын.
Сайыстың келесі кезеңінің шарты бойынша оқушылар
өз өнерлерін ортаға салады. (кезекпен өз өнерлерін
көрсетеді)

6-кезең. Құрақ сөз.

Берілген әріптерден көп сөз құрастыру керек:

А Н М Ә І Қ Ө А Ы Р

7-кезең. Тіл өнері.

Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте.

Бұл кезеңде жұмбақ жасырылады. Жауабы 3 тілде айтылуы керек.

1. Үндемес серік, ақылы берік (кітап-книга-book)
2. Бесікте тентек бала шырылдайды, көтерсең құлағына сыбырлайды. (телефон-telephone)
3. Толып келіп бос кетеді (қасық-ложка-spoon)
4. Жемге ауыз салса-ұтылғаны, айналып өтсе-құтылғаны (балық-рыба-fish)
5. Екі бала үстінде, орын бермес ешкімге.
Бара жатыр ерні жарық қояндай (түйе-верблюду-camel)
6. Тұмсығымен қозғалар, соңында аппақ із қалар.
(бор-мел-chalk)

Жүргізуші: - Осымен бүгінгі сайысымыз да өз мәресіне жетіп қалыпты. Қорытынды сөз әділқазылар алқасына беріледі.

«Туған жер»әні тыңдалады.

Жүргізуші: - Көңіл қойып тыңдағаныңдарға көп-көп рахмет! Сау болыңыздар!

Әдебиеттер:

1 «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде» журналы. №11. 2007ж.

2 Қазақ тілі оқулығы. 5-сынып.

3 Ғаламтор көзі.

Ж.ҚАЙРЗАЕВА,
Сапар Байжанов атындағы
№162 мектеп-гимназия.

ҚАЗАҚ ЕЛІ – БІРЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Мақсаты: оқушы бойында ұлтаралық бірлікті қалыптастыру, Отанға, тілге, елін сүйуге деген патриоттық сезімін ояту, ынтымақтастық қарым-қатынастарды нығайту.

Міндеті:

- сыйластық, татулық, бақыт ұғымдары туралы түсініктерін кеңейту.
- өзара жағымды қарым-қатынасты дамыту.
- өзара достыққа, Отанын құрметтеуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Қазақстан рәміздерінің суреттері, гүлдердің суреттері, күн, бейбітшілік құсы.

Әдіс-тәсілдері: слайд, топтық жұмыс, шығармашылық жұмыс, сергіту сәті, сахналық қойылым.

Ұйымдастыру кезеңі:

1-әрекет.

Бүгінгі ашық тәрбие сағатымыздың тақырыбы: «Татулық – достықтың киелі белгісі» деп аталады. Сабағымыздың мақсаты ұлтаралық бірлікті қалыптастыру, Отанға, тілге, елге деген сүйіспеншіліктеріңді әрі ынтымақтастық қарым-қатынастарыңды ояту.

2-әрекет.

- Алдарыңда немісше бірінші топта «freundschaft» деген сөз жазылған, екінші топқа «tong il», үшінші топқа «едність» деген сөздер жазылған. Бұл сөздер не сөз, қай тілдің сөзі, қандай мағына береді деп отырған шығарсыздар. Бұл жерде:

Freundshcaft – достық;

tong il – бірлік;

едність – ынтымақ деген мағыналарды білдіреді екен.

3-әрекет.

Тақтада плакатқа жасалған татулық сөзіне оқушылар өз түсініктерін жазып шығады және сол суреттің астынан бесікте жатқан «Татулық» деген баланың суреті шығады. Елдің бірлігі мен татулығын сақтап жатқан баланың айналасына елімізде бірге тұрып жатқан ұлттарды теріп жазады. Ал, балалар, олай болса, біздің елімізде қандай ұлт өкілдері тұрады?

Мұғалім сөзі:

- Демек, осы ұлттарды біріктіріп отырған татулықтың алтын бесігі – бірлік, ынтымақ, достық екенін ұмытпайық!

4-әрекет.

«Сәлемдесу – сөз басы» демекші, енді қазақ жерін мекендеген әр ұлт өкілдері өздерінің амандасу рәсіміне кезек берейік.

Әр ұлт өкілдері өлең жолдарымен өз ұлттарын таныстырып өтеді.

Қазақ:

- Егінді тың жеріміз
Еркін қазақ еліміз.
Құрметтейміз достықты,
Досқа дайын төріміз!

Орыс:

- Өкіліміз орыстың
Ұлы мекен қоныстың.
Ұранымыз-туыстық,
Ұлттар бізге тым ыстық.

Грузин:

- Ер грузин-ұлтымыз,
Еркін бірлік салтымыз.
Жалынындай достықтың,
Жанымыз-от, жарқынбыз.

Молдова:

- Молдова бау мен бақша, жүзім елі,
Қысы жұмсақ, шұрайлы туған жері.
Халқы Молдован мен гагауыздар,
Орыс, украин, славян – ата-тегі.

5-әрекет.

Сергіту сәті

Қазір қай ұлттың музыкасы ойналады, соған билеп кету керек.

Би.

1. Қара жорға.
2. Кәріс халқының биі.
3. Лизгинка.
4. Орыс.
5. Өзбек.
6. Қара жорға.

6-әрекет.

«Ұлттардың келу тарихы».

Оқушыларға ұлттардың келу тарихы жайлы айтып өтеді.

7-әрекет.

Сахналық қойылым.

«Келін түсіру» салты бойынша әр ұлт келін түсірудегі дәстүрлерін көрсетеді.

Мұғалім сөзі:

- Жақсы, олай болса, оқушылар, Елбасшымыз Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы: бір халық – бір ел – бір тағдыр!» деп сөйлеген сөзінде:

«Бір халық» – бұл барлығымыз үшін ортақ ұлттық мүдделер,

«Бір ел», бұл – барлығымыз үшін ортақ Отан.

«Бір тағдыр», бұл – біз бірге жүріп өткен қиындықтар мен жеңістер!

Міне, қазақстандық қоғамдық келісімді шайқалтпай ұстап тұратын табаны таудай үш таған. Қоғамдық келісімсіз мемлекет бір адым да ілгері жылжи алмайды» деді.

Міне, балалар, «Қазақстан» деген ортақ үйімізде әніміз де, сәніміз де жарасып, ынтымақ пен бірліктің нәтижесінде тату-тәтті өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан ертеңгі ел болашағы сендердің қолдарыңда. Әр кез достықты дәріптейік. Осы елде, осы жерде туып өскен барлық ұлттың ортақ үйі – Қазақстан екенін естен шығармаңдар,- дей отырып, тәрбие сағатын біздің ұранымызға айналған Ескендір Хасанғалиевтің «Атамекен» әнімен аяқтайық.

Біліктілер байқауы – тест сынағы

А.НУРИЕВА,

Пантелеймоновка негізгі мектебі.

Шығыс Қазақстан облысы,

Көкпекті ауданы,

Пантелеймоновка ауылы.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

(8-сынып қазақ әдебиеті)

1. Ерте кезде туған және күрделі оқиғаға құрылған жырдың бір түрі:

А. лиро-эпостық жырлар;

Б. ертегілер;

В. әңгімелер.

2. Лиро-эпостық жырлардың басты тақырыбы:

А. елін қорғау;

Б. отбасын қорғау;

В. жастардың махаббаты мен сүйіспеншілігі.

3. Лиро-эпостық жырлардың басты кейіпкерлері:

А. батырлар;

Б. қарапайым адамдар;

В. балалар.

4. Лиро-эпостық жырларға жататындар:

А. батырлар жыры;

Б. ертегілер;

В. ғашықтық жырлары.

5. Лиро-эпостық жырларға жататындар:

А. «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу»;

- Б. «Ер Төстік», «Алтын сақа»;
В. «Қобыланды батыр», «Ер Қосай батыр».
6. «Қыз Жібек» жырының неше нұсқасы бар?
А. 18;
Б. 17;
В. 19.
7. «Қыз Жібек» жырының басты кейіпкері:
А. Жібек пен Баян;
Б. Төлеген мен Жібек;
В. Сансызбай мен Баян.
8. С.Қожықов қай жылы «Қыз Жібек» фильмін түсірді?
А. 1970ж.;
Б. 2007ж.;
В. 1934ж.
9. «Қыз Жібек» жырындағы Жібектің сүйгені.
А. Бекежан;
Б. Төлеген;
В. Базарбай.
- 10 Қыз Жібектің бейнесін суреттейтін көріністің саны.
А. 16;
Б. 18;
В. 13.
11. Қыз Жібектің ақтығын неге теңейді?
А. наурызда жауған қарға;
Б. ақ мамыққа;
В. ақ қағазға.
12. «Портрет» сөзінің мағынасы қандай?
А. бейнелеу, бейнеленген;
Б. сипаттау;

- В. жазу, сызу.
13. Көркем шығармадағы оқиғалардың рет-ретімен баяндалып, бір-бірімен байланысып, біртұтас желіс құруын ...
А. композиция дейміз;
Б. портрет дейміз;
В. сюжет дейміз.
14. Көркем шығарманың ішкі сырының үйлесімін, құрылысын
А. портрет дейміз;
Б. сюжет дейміз;
В. Композиция дейміз.
15. Абай кім?
А. ұлы ақын;
Б. суретші;
В. әнші.
16. А.Құнанбайұлының өмір сүрген жылдары:
А. 1804-1845жж;
Б. 1845-1904жж;
В. 1904-1945жж.
17. «Абай жолы» роман-эпопеясын жазған жазушы:
А. Ғ.Мүсірепов;
Б. М.Әуезов;
В. І.Есенберлин.
18. Абайдың неше өлеңі бар?
А. 176 ;
Б. 1076;
В. 76.
19. «Сегіз аяқ» өлеңінің авторы кім?
А. Абай ;
Б. Шәкәрім;

- В.М. Мақатаев.
20. «Қайрат, Ақыл, Жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып, Ғылымға келіп жүгінеді...». Абайдың нешінші қара сөзі?
- А. Бесінші қара сөзі;
Б. Он бесінші қара сөзі;
В. Он жетінші қара сөзі.
21. «Лира» сөзінің мағынасы:
- А. музыкалық аспап атауы;
Б. киім-кешек атауы;
В. сабақ, пән аты.
22. Ш.Құдайбердіұлы қай жылы, қайда туған?
- А. 1931 жылы Батыс Қазақстан облысында;
Б. 1858 жылы Шығыс Қазақстан облысында;
В. 1858 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында.
23. Ш.Құдайбердіұлының өлеңі қай қатарда жазылған?
- А. «Қыс», «Жазғұтыры», «Жаз»;
Б. «Адамдық борышың», «Бостандық таңы атты»;
В. «Алатау», «Ленинградтық өренім».
24. Жүз жыл жасаған, оның сексен бесін өлең-жырмен өткізген ақын.
- А. Абай;
Б. Шәкәрім;
В. Жамбыл.
25. Ж.Жабаевтың ұстазы. Ол адамнан бата алған.
- А. Абай;
Б. Сүйінбай;
В. Шәкәрім.
26. «Көңіл айту» сөз тіркесінің мағынасын тап.
- А. Азалы адамды жұбату;

- Б. Көңіл көтеру;
В. Ойын ойнап, би билеу.
27. С. Торайғыров неше жыл өмір сүрген?
- А. 37ж;
Б. 27ж;
В. 47ж.
28. С. Торайғыровтың өлеңін тап:
- А. «Қыс»;
Б. «Алатау»;
В. «Бір адамға».
29. Сөздерді қарама-қарсы мағынада, кекесін мағынасында қолдануды не деп атайды?
- А. сюжет;
Б. ирония;
В. композиция.
30. Үш бәйтерекке кімді жатқызамыз?
- А. Ж. Жабаев;
Б. С. Сейфуллин;
В. С. Торайғыров.
31. С. Сейфуллиннің поэмасы:
- А. «Аққудың айырылуы»;
Б. «Ескендір»;
В. «Бір адамға».
32. Махаббаттың символына айналған құс:
- А. қарлығаш;
Б. сауысқан;
В. аққу.
33. «Поэма» сөзінің мағынасы:
- А. құс;
Б. өлең;
В. туынды.

34. «Бес арыстың» бірі, сталиндік репрессияның құрбаны болған, «Халық жауы» деген жалған айыппен сотталып, 1938 жылы атылған ақын.

- А. С.Сейфуллин;
- Б. Б.Майлин;
- В. М.Жұмабаев.

35. «Батыр Баян» поэмасының авторы:

- А. Абай;
- Б. М.Жұмабаев;
- В. С.Сейфуллин.

36. М.Әуезовтің өмір сүрген жылдары:

- А. 1897-1961жж.
- Б. 1861-1947жж.
- В. 1887-1951жж.

37. «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы:

- А. М.Әуезов;
- Б. М.Жұмабаев;
- В. Б.Майлин.

38. «Абай жолы» роман-эпопеясы неше тілге аударылған?

- А. 40;
- Б. 30;
- В. 50.

39. «Абай жолы» роман-эпопеясындағы «Кәкітай» кім?

- А. Абайдың інісі ;
- Б. Абайдың ағасы;
- В. Абайдың көршісі.

40. М.Әуезовтің «Татьянаның қырдағы әні» шығармасындағы думан қай жерде болған?

- А. Семейде;

Б. Жидебайда;

В. Ақшоқыда;

41. Ғ.Мүсірепов кім?

- А. суретші;
- Б. ақын;
- В. жазушы.

42. Ғ.Мүсіреповтің аударған шығармасы:

- А. «Қазақ солдатты»;
- Б. «Ұлпан»;
- В. «Өлімді жеңген ана».

43. Ғ.Мүсіреповтің «Өлімді жеңген ана» шығармасында анаға бас иген, анадан жеңілген кім?

- А. Ақсақ Темір;
- Б. Баязит сұлтан;
- В. Жәңгір.

44. Қожа Ахмет Йассауи кесенесін салдырған, Түркістан қаласын түрлендірген, Самарқанды көркейткен қолбасшы, билеуші:

- А. Ақсақ Темір;
- Б. Баязит сұлтан;
- В. Абылай хан.

45. Тосын, тың оқиғалар туралы шындыққа жақын әңгіме - ...

- А. поэма;
- Б. ирония;
- В. новелла.

46. М.Мақатаевтың өмір сүрген жылдары:

- А. 1931-1976жж.;
- Б. 1921-1967жж.;
- В. 1831-1876жж.

47. «Өмір сүрейік алмасып» өлеңін жазған ақын:
 А.М.Мақатаев;
 Б. Ғ.Мүсірепов;
 В. М.Жұмабаев.
48. Параллелизм қай тілдің сөзі, аудармасы қандай мағына береді?
 А. Грек сөзі, «қатар жүру» деген мағына береді;
 Б. Араб сөзі, «Асыл сөз» деген мағына береді;
 В. Парсы сөзі, «кітаптар» деген мағына береді.
49. Қ. Мырза Әлі кім?
 А. суретші;
 Б. педагог ;
 В.ақын.
50. «Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру» өлеңінің авторы кім?
 А. Ы.Алтынсарин;
 Б. Абай;
 В. Қ.Мырза Әлі.
51. О.Сүлейменов қай жылы дүниеге келген?
 А. 1936 ж.;
 Б. 1938 ж.;
 В. 1836 ж.
52. «Невада-Семей» атом полигонының жабылуына зор еңбек сіңірген қоғам қайраткері:
 А. Қ.Мырза Әлі;
 Б. М.Мақатаев;
 В. О.Сүлейменов.
53. О.Сүлейменовтың шығармасы:
 А. Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру;
 Б. «Арғымақ»;
 В. «Өмір сүрейік алмасып».

54. «Атыңа ерік бер, жігіт»,
 Қуып жетіп көр, жігіт!»- қай өлең жолдары?
 А. Қыз қуу;
 Б. Арғымақ;
 В.Сүйемін.
55. Қазақтың ұлттық ойыны туралы өлең жазған ақын:
 А. М.Жұмабаев;
 Б. О.Сүлейменов;
 В. М.Мақатаев.

Жауап кілті:

- | | | | |
|-------|-------|-------|-------|
| 1. А | 15. А | 29. Б | 43. А |
| 2. В | 16. Б | 30. Б | 44. А |
| 3. Б | 17. Б | 31. А | 45. В |
| 4. В | 18. А | 32. В | 46. А |
| 5. А | 19. А | 33. В | 47. А |
| 6. А | 20. В | 34. В | 48. А |
| 7. Б | 21. А | 35. Б | 49. В |
| 8. Б | 22. Б | 36. А | 50. В |
| 9. А | 23. Б | 37. А | 51. А |
| 10. Б | 24. В | 38. Б | 52. В |
| 11. А | 25. Б | 39. А | 53. Б |
| 12. А | 26. А | 40. В | 54. А |
| 13. А | 27. Б | 41. В | 55. Б |
| 14. В | 28. В | 42. В | |

Бас редакторы – Гүлзия БОЛАТБАЙҚЫЗЫ.

**“Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде –
Казахский язык и литература в русской школе” –**
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық журнал.

Құрылтайшы және шығарушы:

“Білім және Ғылым” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды. Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның көзқарасын білдірмейді. **Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы **№1402-Ж Қуәлігі** берілген.

Басуға 05.06.2015 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32.

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0. Есептік баспа табағы – 7.68.

Таралымы – 830. Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75697.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй. Қарасай батыр қиылысы.

Бас редактордың қабылдау бөлмесі және

бөлімдер.....268-32-48.

Факс.....243-15-53.

Электрондық пошта: Kazulagat@mail.ru

Журнал сайты: www.kazhu.kz

Басылатын жері – ЖК Асубаев С.Ш.

**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ
ИЗДАНИЕ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ “БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ”**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектебінде -
Казахский язык и литература в русской школе»,
№6, 2015 ж., 144 бет, Алматы.